«ЖШС «Нұрлан- К.А.» «Күншуақ» балабақшасы

БЕКІТЕМІН

Балабақша меңгерушісі:
Н.Ж.Шильманова

«Дарын» мектепалды тобына арналған
2024 – 2025 оқу жылының
циклограммалары

Тәрбиеші: Нұрғалиева М.Е.

2024 – 2025 оқу жылы

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

«Ежелден ел тілегі – ер тілегі,
адал ұл ер боп туса – ел тірегі»
Б.Момышұлы

Топ: “Дарын» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 2 – 6 қыркүйек 2024 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	**Өнегелі-15 минут** балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мобильді кітапханада жұмыс, ата-ананың балаға кітап оқуына мүмкіндік жасау, кітапқа деген қызығушылықты арттыру, кітапқа жанашырлық, жауапкершілік таныту. **Күй күмбірі -**балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын арттыру. **Қауіпсіздік ережесі** әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, балалармен бірге жол ережелері туралы мультфильмдер көруге кеңес беру, ұсыну.				
	Ойын «Сиқырлы суреттер» Мақсаты: Балалар бір бірінің суреттеріне әңгіме құрастыра алады.	Балалармен әңгімелесу«Топтағы ойыншықтар» Мақсаты: Өз тобындағы заттарды атап, әңгімелейді.	Ойын Суреттерді көру: «Көшедегі үйлер» Мақсаты: Балабақшаны суреттеп беруді біледі.	Құрылысшы ойыны: «Балабақша бөлмелері» Мақсаты: Балалар конструктормен бірлесе отырып, жиһаздар құрастыра алады.	ойын: «Не артық?» Мақсаты; Берілген тапсырманы түсіндіре отырып, артық зататарды атайды.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары,бей нелеу іс әрекеті,кітапта рды қарау және басқалары)	Қимылды ойын №4картотека «Дөңгелек лапта»	Дыбыстық жаттығулар Жыл мезгілдері туралы Үз үз үз Жаңбырлы күз Рақ рақ рақ Саулайды жапырақ Ел,ел,ел Соғады жел	Әңгімелесу «Менің сүйікті ісім» Шарты:Сүйікті ісі туралы айтады.	Өз бетінше жұмыс Сурет салу	Қимылды ойын №14картотека «Өз жұбыңды ізде»
Таңертеңгі жаттығу.	Таңғы жаттығу №1 картотека				
Таңғы ас	**Бата жаттау**				

	Дастарханыңа береке берсін, Бастарыңа мереке берсін, Астарыңа адалдық берсін, Бастарыңа амандық берсін, Дендеріңе саулық берсін, Әумин!				
Ұйымдастырылған іс -әрекетке дайындық	Жұмбақ жасыру. Басында екі таяғы бар, Төрт аяғы бар, Сегіз тұяғы бар, Иегінде сақалы бар(Ешкі)	ойын «Балабақша ережелерін білемізбе?» Шарты:Ереже түрлерімен танысып,сұрақтарға жауап беру біледі.	ойын: «Ойыншықтар» Шарты:Топтағы ойыншықтарды біледі .	ойын «Менің сүйікті ісім» Шарты:Сүйікті ісі туралы айтады.	Жұмбақ жасыру. Қалың қорық нуға бітем, Қоры үзілген қуға бітем.(сиыр)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1.Дене шынықтыру «Әр түрлі қарқынмен 1,5-2 минут тоқтаусыз жүгіру» Негізгі бөлім Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою.	1.Көркем әдебиет «Менің ойыншығым» Ойыншықтар тур.алы әңгімелеп берді. Ұйымдастырылған іс әрекет ойын:«Бірге жаттайық» Шарты:Сурет арқылы тақпақ жаттау. ойын:Сүйікті ойыншығым. Шарты: Балалар сүйікті ойыншықтарын сипаттап береді ойын: «Сүйікті кейіпкерім» Шарты:Сүйікті кейіпкерлерін эмоцияларын көрсете біледі Кері байланыс: «Екі жұлдыз, бір тілек» бойынша күлегештер арқылы бағалау 2.Математика негіздері Тақырыбы: «Алты зат арасындағы шамалық байланыс» Заттардың ұзындығын, биіктігін, ені мен жуандығын белгілей біледі, шамасына қарай орналастыра алады. Ұйымдастырылған іс әрекет Шаттық шеңбері:«Булум	1.Сөйлеуді дамыту Қолдарындағы суреттер бойынша не жасауға болатынын қарап, сол орталықтарға баруды ұсыну. Кітаптардың суреттері бейнеленген балалар кітап орталығына барады. Бұл орталықта мектепке қалай дайындалуға болады, өз ойларын айтып, сахналап көрсетеді. Негізгі ойды дұрыс жеткізуге, жеке өз ойларын байланыстырып құра білуге, әңгімені бірізді және нақты айтуға, шағын сипаттау және хабарлау әңгімелерді құрастыруға үйрету 2.Сауат ашу негіздері Сөз" және "дыбыс" терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Сызбаларды (штрихтарды), жиектерді салуға үйрету. Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен	1.Дене шынықтыру (таза ауада) «Біз күштіміз» Мақсаты: Қимыл-қозғалыс Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен «аюға» ұқсап жүру. Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен жүру.қол жанда, өкшемен жүру жұптасып жүреді . Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Негізгі бөлім: Жалпы даму жаттығулары Сылдырмақпен Б.қ.: «Көбелек қонды»	1.Дене шынықтыру «Арқанның астынан өту» арқанның астынан оң және сол бүйірімен алға еңбектеп кіреді, 4-5 сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіре алады. Сәлемдеседі. Шеңбермен жүреді. Қолды жоғары созайық, Шапалақты ұрайық. (қолды жоғары созып шапалақтап жүру) Кәне қолды жазайық, Қарлығашқа ұқсайық Балаларды мадқтау. Балаларға таяқшалар беру, бірінің соңынан бірін жүгіріп, шеңберге тұрғызу. Жалпы даму жаттығулары. 1. Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Басты оң иықтан сол иыққа қарай, сол оңға қарай иілту. «з-з-з» деп айту. /4 рет қайталау/ 2. Аяқтары алшақ қойылған , қолдары бүйірде, оңға - солға бұрылу.Әр бұрылған

	Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. Кеудеге арналған жаттығулар. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бірбіріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею. Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бүгу және тік көтеру Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр). Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге	текшесі» әдісі бойынша ашық-жабық сұрақтар. ойын: «Қоянға заттар таңдау» Шарты: Пішіндерді ажыратып, заттармен салыстырып айтады. **ойын:**«Сиқырлы сандақ» 1-топ:Ұзындығы мен биіктігін салыстыру 2-топ: Ені,жуандығын ажыратады. **Еркін ойын:**«Заттарды шамасына қарай орналастыр» Кері байланыс Белсене қатысқан балаларды мақтау-мадақтау. Әр топтың смайликтерін салыстырып,мадақтау. 3.Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: «Табиғатта қандай өзгерістер болады?» Өсімдіктерді (фикус, шырайгүл, барқытшөп) сипаттық белгілері бойынша атайды және тани біледі. **Ұйымдастырылған іс әрекет** Шарты:Диірмен әдісі бойынша балалар бір біріне күз мезгілінің ерекшеліктері туралы айтып береді. ойын: «Бұл қай кезде болады?» Шарты: Табиғат құбылысына тән суреті берілген уақыт аралығында көрсетіп береді ойын: «Күз өрнегі» Шарты: Восковичтің «Күлгін орман» кілемшесінде	таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. Психогимнастика: «Мен жақсы көремін» Педагог бастайды, балалар аяқтайды .... мен тату дос болуды жақсы көремін т.б Д/о: «Оқушы құраалдаары» Міндеті: Балаларды жазу құралдарымен таныстыру Дәптермен жұмыс Саусақ жаттығуы: Өнерлі екен он саусақ 3.Қоршаған ортамен таныстыру Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту, "өлі табиғат" ұғымы тас, су, жел, күннің көзі, жаңбыр туралы не білетіндерін сұрау. Өлі табиғат заттарын жинау. (Қоршаған ортамен таныстыру) Қимылды ойын «аққу қаздар» 4.Сурет салу «Менің сүйкімді ойыншықтарым» балаларды елестету арқылы күрделі емес мектептің өзіне тән ерекшеліктерін бере отырып сурет салу дағдысын қалыптастыру ойын: «Менің тобымдағы ойыншықтар»	1. Аяқтары иық мөлшерінде. Қолдары артта. Иыққа қонған көбелекті көру. басты оңға, солға бұрады, «қонды» деп айтады. 6р Б. қ.: «Жыланның қозғалысы» 2. Аяқ иық көлемінде, қолды жанға созу. Жыланның қимылын жасайды. иықты ирелеңдете айналдырады. /6 рет қайталайды/ 3.Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жан-жақта, қолдарды қайшылайды./6 рет / Б. қ.: «Жұлдызша» 4. Қолдары белде. Аяқты бірге ұстайды. Орнында секіріп аяқты және қолды жанға созады «ха-а-а» депайтады, орнында секіріп аяқты біріктіру және қолды белге қояды, «хоп» деп айтады. /6 рет / Тыныс алу жаттығулары: шәйнектік	сайын «көрдім» деп айту./ 4 рет / 3. Аяқтары алшақ қойылған ,қолды алдыға созып, оң қолмен сол қолды айқастырып, қайшылау. / 4 рет қайталайды/ 4. Аяқтарын біріктіреді. Қолдарын қоянның аяғына ұқсатады. Орнында секіреді. Тыныс алу жаттығуы Араның дыбысын салады. Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары Допты (кішкене доптар) алып бір қолымен себетке лақтырады. ойын: «Күн мен түн» Ойын шарты: Тәрбиеші «күн» дегенде балалар секіреді, жүгіреді. «Түн» дегенде ұйықтайды. Еркін ойын Жанама бақылау. Кері байланыс Балаларды мадақтайды. 2.Қазақ тілі Тақырыбы: «Сөз және дыбыс» «Сөз» және «дыбыс» термині туралы түсіне алады. ойын: «Бұл ненің дыбысы?» Шарты:Дыбысты анықтай алмаса,дыбысталған затты көрсетеді ойын: «Сөз және дыбыс» ойыны. Шарты:Сөзді айтады, дыбысты табады

	қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту. Қимылды ойын: «Қаздар мен балапандар» 2.Сөйлеуді дамыту «Менің балабақшам» Тыңдау және тілді түсіну дағдылары қалыптасқан, ана тіліне тән барлық дыбыстарды айта алады. Ұйымдастырылған іс-әрекет ойын: «Суреттер сөйлейді» Шарты:Сурет бойынша бір біріне әңгімелеп беру. ойын: «Балабақша екінші үйім» Шарты: Топтама суреттері арқылы екі топ бір-біріне әңгімелеп береді **Еркін ойын: «Балабақша ауласына саяхат»** Шарты:Достарына сүйікті балабақшасы туралы әңгімелеп беруді біледі. Кері байланыс беру: «Екі жұлдыз, бір тілек» бойынша , күлегештер арқылы бағалау 3.Сауат ашу негіздері:	Күздің өрнегін,гүлдің,ағаштың,жапырақтардың,шөптердің,жәндіктердің,жануарлардың бейнесін жапсырып күз мезгілін суреттеп құрастырады. Кері байланыс ұсыну Сұрақ-жауап арқылы. **4.Музыка** Балаларға әртүрлі шығармаларды тыңдату; олардың сипатын, көңіл-күйін, әсерлі реңктерін ажырата білуге қалыптастыру. Ән тыңдау: «Білімім-бұлағым» Т.Қоңыратбай Ойын: «Сиқырлы текше» Мақсаты: Текшедегі аңдардың даусын келтіріп, тембрін өзгерту, мүмкіндігінше жоғары көтеру. Шарты: Көңілді әуен ойналады, жетекшімен балалар шеңберге тұрады. Текшені бір-бірінің қолдарына музыка әуенімен береді, әуен тоқтағанда текше қай баланың қолында қалса, текшедегі бейнені келтіреді.	Шарты:Әткеншек әдісі арқылы өз топтарының заттарын атайды. ойын: «Менің сүйікті ойыншықтарым» Шарты:Елестету арқылы өздерінің ойыншықтарының суретін салады. ойын «Қуыршақтарды киіндіру» Балалар қалауы бойынша мектеп құралдарын мүсіндеуде таныс әдістерін қолдануды және заттардың өлшемдік қатынастарын бере білуге жаттықтыру (Мүсіндеу) Сергіту сәттерін жасатып, орталықтардан ауысып жұмыс жасауын ұйымдастыру	дыбысын салады(ш-ш-ш). Терең тыныс алып, демді шығарады. Бастапқы қалыпқа келеді. Қимыл- қозғалыс жаттығуы Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүреді. Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары 1.Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүру. 2.Доға астынан еңбектеп өту. Қимылды ойын: «Қояндар мен қасқыр» Қорытынды: Шеңбер бойы жүреді. Еркін жүреді. Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүгіреді. 2.Көркем әдебиет. Тақырыбы: «Оқу құралдар хикаясы» Мақсаты: Әдеби жанр түрлерін түсінеді, шығармалардың	ойын: **Сөз ойла, тез ойла»** Шарты: үстел үстіндегі заттардың атын атау. 3.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Дауысты және дауыссыз дыбыстар» сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілей біледі. ойын:«Тынымсыз тіл» Шарты:ертегіні оқып беру. «Дауысты және дауыссыз дыбыстар», «Артикуляциялық жаттығулар» бірге қайталайды. ойын: «Қандай дыбыс? ойыны Шарты:Дауысты және дауыссыз дыбысты ажыратып айтады. **Еркін ойын:** «Қуыршақтың есімі» Шарты:Қуыршақтың есімін бірге атап, оның қандай дыбыстан басталатынын айтады. Кері байланыс ұсыну,бағдаршам тәсілі арқылы. **4. Музыка.** Балаларға әртүрлі шығармаларды тыңдату; олардың сипатын, көңіл-күйін, әсерлі реңктерін ажырата білуге қалыптастыру.

	Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. 4.Математика негіздері. Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне			эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдай алады. ҰІӘ барысы: Миға шабуыл: Жұмбақ жасыру. ойын: «Суреттер сөйлейді» Шарты: Сурет бойынша жұбымен бір біріне сұрақтар қояды,жауап алады. ойын:«Оқу құралдар хикаясы» Шарты:Ертегінің мазмұнын сурет карточкалары арқылы ретімен қойып,әр топтың спикері бір бірлеріне айтып береді. Топқа бөлу,(кітап,дәптер) ойын:Сөмкеге нені саласың?» Шарты:Оқу құралдарын сөмкеге сызықпен қос,артық заттарды ата,олар не үшін қажет екенін айтып береді. Қорытынды. Кері байланыс ұсыну,бағадршам әдісі арқылы.	Ән тыңдау: «Білімім-бұлағым» Т.Қоңыратбай Ойын: «Сиқырлы текше» Мақсаты: Текшедегі аңдардың даусын келтіріп, тембрін өзгерту, мүмкіндігінше жоғары көтеру. Шарты: Көңілді әуен ойналады, жетекшімен балалар шеңберге тұрады. Текшені бір-бірінің қолдарына музыка әуенімен береді, әуен тоқтағанда текше қай баланың қолында қалса, текшедегі бейнені келтіреді

	қатынасы негізінде салыстыру. Ұйымдастырылған іс-әрекет Тақтадағы суреттер бойынша жұмыс. ойын: «Кім тапқыр?» – Суретте ең көп бейнеленген қандай зат? –Қандай заттар бір-бірден салынған? Мұнда қанша тауық бар? - Қанша балапандар бар? - Мына ағашта қанша алма? - Ал, мына ағашта қанша алма? Үдеріс арқылы саралау, сыни ойлау, Балаларды мадақтайды. Сергіту сәті. Бір дегенде-тік тұрамыз! Екі дегенде-екі рет айналамыз. Үш дегенде-үш рет секіреміз. Төрт дегенде- отырамыз. ойын «Поезд» Кәне бір-біріміздің артына тұрып, ұзын вагон болып тіркесейік. Оң жаққа бұрылыңдар «Ойыншықтар» аялдамасы. Бірінші сөреде неше ойыншық бар? (біреу) Екінші сөреде неше доп көріп тұрмыз? (біреу)			3.Қазақ тілі Тақырыбы: «Ойыншықтар достығы» әңгімесін оқу Мақсаты:Дауыс ырғағымен мәнерлей жаттай біледі. «Әткеншек» әдісі бойынша суретке қарап, сұрақтарға жауап берді. ойын: «Ойыншықтар достығы» Шарты:шығармасын мұқият тыңдайды және ашық жабық сұрақтар бойынша түсінеді. **ойын:** «Кім жылдам» Шарты: жасырылған жұмбақтың шешімін дұрыс тапса, сиқырлы дорбадан шыққан ойыншықтың неден жасалғанын айтады.. **ойын: «Достық неден басталады»** Шарты: достық неден басталатыны туралы айтады,бір біріне әңгімелейді..	

	үшінші сөреде қанша машина бар екен? (көп) Үлкен машина қанша? (біреу) Ал кішкентай машиналар қанша екен? (көп) Бәрекелді. Жарайсыңдар! Сол жаққа бұрылыңдар. «Құыршақтар» аялдамасы. (үлкен және кіші қуыршақтар арқылы салыстыру жұмыстарын жүргізу) Балаларды мадақтау Балабақшаға оралу. Кері байланыс ұсыну Қорытынды. -Поездбен қайда бардық? Балаларға көңілді смайлктер береді.			Кері байланыс ұсыну Басбармақ әдісі арқылы бағалау. 4.Математика негіздері Топтағы құыршақтардан отбасы құрап, олардың бойларын, салмағын өлшеп салыстыру. Отбасы мүшелерінің бойының ұзындығын өлшей білуге, өсу және кему ретімен орналастыруға үйрету. "үлкен – кіші", "үлкенірек – кішірек" «Енді енсіз» деген сөздерді қолдануды үйрету.	
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	№6 Аула тазалаушының еңбегін бақылау Мақсаты: Аула тазалаушының еңбегі туралы білімдерін молайту, және оған қажетті құралдармен танысу. Қимылды ойын: «Қармақ»	№7 Саңырауқұлақтарды бақылау Мақсаты: Саңырауқұлақтар туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктері кеңейеді. Қ/О:«Ақ сүйек» Мақсаты: Өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуге дамытуды жалғастыру,	№8 Арнайы көліктерді бақылау Мақсаты: Арнайы көліктер туралы түсініктері кеңейіп,сөздік қорлары молаяды. Қ/О: «Қарғымақ» Мақсаты:ойын арқылы ептіліктері, жылдамдықтары дамиды.	№9 Гүл егілген клумбаны бақылау Мақсаты:Өсімдіктердің күзгі тіршілігі туралы білімдері кеңейеді. Қ/О: «От- су» Шарты: Жүргізушінің есептеуді таңдау	№10 Ағаштарды бақылау Мақсаты:Күз мезгілі туралы жалпы білімдері қалыптасады. Қ/О:«Өз жұбыңды ізде!» Мақсаты: Қимыл ептілігі дамиды, есте сақтау қабілеті артады. Еңбек:Алаңда тазалық жұмыстарын жүргізу

	Мақсаты: ойын арқылы ептіліктері, жылдамдықтары дамиды. Еңбек: Аула тазалаушыға көмектесу Мақсаты: үлкендердің еңбегін құрметтей алады.	ереженің нормасын және тәртібін орындай алады. Еңбек:Алаңда тазалық жұмыстарын жүргізу Мақсаты: еңбексүйгіштікке, үлкендерге көмекке келуге баулу.	Еңбек: Тәрбиешімен бірге сынған, құлаған құрғақ бұтақтарды жинау Мақсаты:Жұмыс уақытында ұқыпты болуды түсіндіру.	талабын нығайту: «От» бәрі отыра бастайды, «Су» ай налым бойынша бір жаққа ағады. Еңбек. Гүлдер дәнін жинап алу Мақсаты: Балалар келесі көктемнің қамын қазір ойлау керек екенін түсінеді.	Мақсаты: еңбексүйгіштікке, үлкендерге көмекке келуге баулу.
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Түскі ас	Тыйым сөздер түсіндіру. «Таңғы асын тастама» «Нанды бір қолмен үзбе» «Нанды жерге тастама» «Ас –адамның арқауы» «Тамақ ішкенде сөйлеме»				
Ұйқыға дайындық, ұйқы.	Психологиялық релаксация: «Әдемі құстар»				
Ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары	Массаж кілемешемен жүрейік. Жуынып ауыз шайайық,ас ішейік.	Ырғақты қимыл жассау. Ауыз шаю.	Ауа ваннасы. Массаж кілемшемен жүру	Құлаққа нүктелі массаж	Денені қозғап ұйқы ашамыз.
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып жеп болған соң тұруға дағдыландыру				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары,бей нелеу іс әрекеті,кітапта рды қарау және басқалары)	ойын «Өнерлі саусақ» Шарты: Балалар бір бірінің суреттеріне әңгіме құрастырды.	ойын «Қалташалар» Шарты: Түрлі-түсті қатты қағаздардан дөңгелектер жасап, сондай түсті қысқыштарды қыстырса, гүлдер пайда болатының біледі.	вариативтік бағдарлама «Оригами әлемі» «Қағаздың қасиеттері» Балаларды қағаздың қасиеттерімен және оның ерекшеліктерімен таныстыру. Қалай қағазды шығармашылықпен қолдануға болатынын көрсету.	ойын «Өнерлі саусақ» Шарты: Балалар бір бірінің суреттеріне әңгіме құрастырды.	Еркін ойын Қуыршақты киіндір Шарты: Ереже түрлерімен танысып,сұрақтарға жауап беру біледі.

Балалармен жеке жұмыс	«Сиқырлы суреттер» суреттерді қарастыру Мақсаты: алуан түрлі оқиғаларды құрастыруға және әңгімелеп бере алуға,ертегілер ойлап шығаруға үйрету. Мансур, Бегімай, Аяла, Бекарыс, Аэлин, Шахсанам.	Суретті бояп толықтыру. Мақсаты: Саусақтарын бояу, қарандашты дұрыс ұстауға тәрбиелеу. Мансур, Бегімай, Аяла, Бекарыс, Аэлин, Шахсанам	«Емхана» ойыны Мақсаты: жұқпалы аурулар мен олардың белгілері туралы ұғымдарға ие болуға үйрету. Мансур, Бегімай, Аяла, Бекарыс, Аэлин, Шахсанам	«Сөйлемді аяқта» Мақсаты:Дыбыстарды дұрыс нақты айтуға,сурет бойынша іңгіме құрастыруға үйрету. Мансур, Бегімай, Аяла, Бекарыс, Аэлин, Шахсанам	Мақсаты: Балалардың бірнеше бөліктен тұратын заттарды біріктіріп мүсіндей алу дағдыларын бекіту. Мансур, Бегімай, Аяла, Бекарыс, Аэлин, Шахсанам
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу.				
Серуен	№6 Аула тазалаушының еңбегін бақылау	№7 Саңырауқұлақтарды бақылау	№8 Арнайы көліктерді бақылау	№9 Гүл егілген клумбаны бақылау	№10 Ағаштарды бақылау
Серуеннен оралу	Серуеннен оралу. Киімдерін шкафқа жинауға, ұқыпты қоюға баулу.				
Балалардың үйге қайтуы Ата-аналармен әңгімелесу	**Өнегелі - 15 минут.** Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мобильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру, ата-ананы балабақша жұмысына тарту, бала мен ата-ана қарым-қатынасын арттыру.				
	Анықтамалар туралы сөйлесу.	Балалардың тәртібі жөнінде	Балалардың тазалығы жөнінде сөйлесу.	Киімдер туралы	Балабақшадан қалмау

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

«Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға»
А.Құнанбаев

Топ: “Дарын» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 9 – 13 қыркүйек 2024 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен немесе баланың	**Өнегелі-15 минут** балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мобильді кітапханада жұмыс, ата-ананың балаға кітап оқуына мүмкіндік жасау, кітапқа деген қызығушылықты арттыру, кітапқа жанашырлық, жауапкершілік таныту. **Күй күмбірі -**балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту,				

басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын арттыру. **Қауіпсіздік ережесі** әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, балалармен бірге жол ережелері туралы мультфильмдер көруге кеңес беру, ұсыну.				
	Балаларды қабылдау, дене қызуын өлшеп, көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату	Ата-анамен әңгімелесу арқылы баланың үйдегі көңіл-күйін, денсаулығын сұрау.	Балаларды қабылдау, дене қызуын өлшеп, көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату	Балалардың денсаулығы, көңіл-күйі туралы ата-анамен әңгіме жүргізу. отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу	
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары,бейнелеу іс әрекеті,кітаптарды қарау және басқалары)	Дид ойын: «Дұрыс көрсет, ажырат» Мақсаты: Балалар тағамдар мен ыдыстар туралы түсінеді, олардың атауларын атай алады.	Дид ойын: «Өзім және отбасым» Мақсаты: Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінеді.	Дид ойын: «Гүлдерді күтеміз» Мақсаты: балалар табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын біледі.	Дид ойын: «Бұны қай кезде киеді?» Мақсаты: әр жыл мезгілінде қандай киімдер киетінін сурет арқылы топтастыра алады.	Дид ойын: Бақша да ма,бау да ма? Мақсаты: Жемістер мен көкөністер туралы біледі. олардың айырмашылықтарын айыра алады.
Таңертеңгі жаттығу.	Таңғы жаттығу №2 картотека Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету Салауатты өмір салтын сақтаймыз, Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз				
Таңғы ас	Ойын- жаттығу :Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаңсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. «Ас дәмді болсын!» Ас құрамымен таныстыр				
Ұйымдастырыл іс - әрекетке дайындық	Отбасында гүліміз, Көңілді өтер күніміз. «Қайырлы таң!» деп айтамыз, Бір болып кеште қайтамыз.	Кәне, кәне тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Тұрсақ егер шеңберге, Алақанды ұрайық	Ерте тұрып күнде мен Тереземді ашамын. Сәлем деймін күнге мен Шаттық әнге саламын.	Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік!	Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік!
Мектепке дейінгі ұйым кестесі	Дене шынықтыру «Секіру, лақтыру»	Көркем әдебиет	Сөйлеуді дамыту	Дене шынықтыру (таза ауада)	Дене шынықтыру

бойынша ұйымдастырыл-ған іс-әрекет	Міндетері: Заттардың арасымен жүру, жүгіруге, заттардан аттап жүруге және секіруге жаттықтыру. Бір тізбек болып келе жатып, команда болып екі тізбек жасап жүруге жаттықтыру. Гимнастикалық орындық үстінде қысқа секіртпенің екі ұшынан ұстап, қолды жоғары бастан асыра көтеріп, аяқтың ұшымен тепе-теңдік сақтап жүре алады. ҰІӘ барысы: I б. Заттар арасымен жүру, жүгіру. заттардан аттап жүру, секіру. II б. ЖДЖ. секіртпемен Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары. а) екі аяқпен 5-6 зат (15-20 см)үстінен секіру. ә)Аласа заттарды аттап, бір-бірінің артынан адымдап жүгіру. б) допты бір-біріне лақтыру. Ойын:«Кім алысқа секіреді» Мақсаты: Ұзындыққа орнынан секіруді	«Қайрымды қоян» ертегі Міндеттері: Ертегіні балаларға түсіндіре отырып, балаларды қайрымдылыққа, адалдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. ҰІӘ барысы: Қоянның, баланың, ата-анасының және ормандағы аңдардың суреттерін көрсету арқылы ертегіні баяндау Сұрақтар: - Әке-шешесі баласына қонаққа кімдерді шақырды? - Бала қонаққа кімдерді шақырады? - Әкесі баласына не үшін ұрысты? - Бала жылап отырғанда көмекке не келді? - Қоян қандай қайрымдылық жасады? - Біз де қоянға ұқсап қайырымды бола аламыз ба? Сергіту сәті: Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалып сыбдырды, Ойлы-қырлы жерлермен Ытқып-ытқып жүгірді. Қарап еді артына Қиығын сап көзінің, Келе жатқан томпаңдап Көжегі екен өзінің. Тәрбиешіні мұқият тыңдап, ертегі жайлы түсінгендерін әңгімелеп беру Жауаптар	Суретке қарап әңгіме құрауды, буынға бөлуді дамыту. Міндеттері: Отбасы туралы білімдерін кеңейту. Сұрақтарға жауап бергізу арқылы ойлау Педагог балаларға оқылатын өлең жолдарынан отбасы мүшелерін естеріне сақтап, аты аталғанда саусақтарын бүгіп, неше отбасы мүшесі аталғанын айту туралы тапсырма береді. Негізгі кезен Е.Өтетілеуұлының «Бес саусақ» өлеңін педагог мәнерлеп оқиды. Басбармағым – атам, үйдің данасы, Балаң үйрек – әжем, ошақ анасы. Ортан терек – әкем,отау панасы, Шылдыр шүмек – шешем, шаңырақ ажары, Титтей бөбек – мен, бәрінің базары. –Өлеңнің атадан басталуы бекер емес. Өйткені ата беделі әкеден де жоғары. Өйткені атаның өмірлік тәжірибесі мол, ол – әулеттің тірегі. –Кімнің үйінде атасы, әжесі бар?	«Менің дене құрылысым» Міндеттері: балалар дене мүшелеріне атауларын біліп.оларға арнап жаттығулар жасайды. ҰІӘ барысы: Қызығушылықты ояту: «Менің денем» – өзіне-өзі массаж жасау, сылап-сипаудың пайдасын түсіндіреді. Балаларға массаж жасау ережелерін еске салады – алақанды ысқылау, саусақтарды уқалау арқылы қолды жылыту: мәтінге сәйкес қимылқозғалысты жеңіл және асықпай орындау. Негізгі бөлім: Бір-бірден тізбекпен тізіліп, қолға арналған жаттығуларды орындай жүру. Орташа қарқынмен жүгіру. 2–5 минут бағытты өзгертіп жүгіру. Тыныс алуды қалпына келтіру. Жүру және жүгіру кезінде белгіленген арақашықтықты бұзбай бағытты сақтауға назар аударады. Үш қатар тізбекке тұру. Дене бітімін түзетуге арналған, таяқпен жасалатын жалпы дамыту жаттығулары. Таяқты дұрыс ұстауға (таяқтың төменгі ұшы алақанға тіреледі, таяқ қол	Міндеттері: Жүруді басқа қимылдармен кезектестіріп, белгі бойынша тоқтап жүру; ҰІӘ кезеңі: Шеңберде тұрып жүру,жүгіру.. Кіріспе Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолдарды басқа қою, оларды екі жаққа созу және түсіру, орындықтың арқасына, қабырғаға арқасымен сүйене отырып, қолды екі жақтан жоғары көтеру Ойын: «Белгі бойынша тоқтап жүру» , Негізгі бөлім: Жүруді ,жүгіру,қос аяқтап секіру, белгі бойынша тоқтап жүру; 3.Тыныс алу жаттығуларын жасату. Қорытынды Қимылды ойын: «Қоянды қуып жет» Қазақ тілі Менің үйім.

	нығайту; жарысқа қызығушылығын дамыту. Жолдастарының сәттілігіне қуану. Тыныс алу жаттығулары. «Жапырақтарды ұшырамыз» Мақсаты:балалардың тыныс алуын жақсарту Қорытындылау. Қимылды-ойын: «Кім жылдам» Сөйлеуді дамыту «Б» – «П» дыбыстарының ұқсастығын түсіндіру; Міндеттері: Балаларды әңгімені жалғастырып айтуға үйрету. Мазмұнды жалғастырту арқылы ой- қиялдарын дамыту.Баланы ұқыптылыққа тәрбиелеу. Педагог тақтаға көркем сурет іліп, балалардан кімнің суретін көріп отырғандарын сұрайды. «Бала» сөзі «Б» дыбысынан басталып тұр. Кәне, бәріміз бірге «Б» деп айтайық. – Енді «П» дыбысын айтайық.	Өлеңді қайталау Қорытындылау. Дидактикалық ойын, «Досым-менің мақтанышым» Мақсаты: балалар бір-біріне гүл ұсынып достарының жақсы қасиеттерін атау: - Алинұр, сен менің мейірімді досымсың. – Аяулым сен ақылды қызсың Мақал жаттау: «Досы көпті жау алмайдыАқылы көпті дау алмайды».-Балалар қоянның қайырымды екенін білдік. Сендер де достарыңа көмектесіп, қамқорлық жасай біліңдер. Балалардыың іс-әрекеттері, жауаптары Қоршаған ортамен таныстыру отбасы және отбасы мүшелері туралы ұғымдарын кеңейту. Міндеттері:Отбасы мүшелері – бірге тұратын адамдар екені туралы түсінік беру.Балаларды өз отбасы туралы сауатты әңгімелеуге баулу, балалардың айланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру.Жақын адамдарға қамқорлық жасауға деген	–Қазақ отбасында ата мен әженің маңызы зор. Әрқашанда отбасындағы шешуші сөз – атанікі. Үйлеріңде әкелеріңнің өздері аталарыңның айтқанын екі етпей орындайды. Солай емес пе? Аталарымыз өз отбасы мен әулетінің ғана емес, ағайын-туыстың да мәселелерін шешіп, ақыл-кеңесін беріп отырады. Әулет ағайын екенін түсіндіреді. Педагог тақтаға атаның суретін іліп, әркім өз аталарына ұқсайтын жерлерін айтып немесе атасының ерекшелігін, ерекше қасиетін айтып әңгіме құрауларын сұрайды. Сергіту сәті: Ұзын құлақ сұр қоян Естіп қалып сыбдырды. Ойлы-қырлы жерлерден Ытқып-ытқып жүгірді. Дидактикалық ойын: «Отбасы мүшелерін ата» Ойын шарты: жұмыс дәптеріндегі тапсырма орындалады. Суреттегі отбасы мүшелерінін атап, шапалақ ұру арқылы буынға бөледі.	бойымен тігінен орналасады) және сапта 3 адым арақашықтықты сақтауға назар аударады. Қатар орналасқан таяқтардан екі аяқпен аттап секіру. Қос аяқтап бар пәрменмен секіруге, аяқтың ұшымен түсуге, қол мен аяқ қозғалысының үйлесуіне назар аударады. Тәуекелдікті азайту – тиісті арақашықтықты сақтау, таяқ арасымен ортаға секіру. (т) тепе-теңдік – қолға доп ұстап орындық үстімен жүру. Нұсқау – денені тік ұстау, басты еңкейтпей алға қарау, жерге алдымен аяқтың ұшымен түсу, содан кейін табанымен тұру. Гимнастикалық орындыққа немесе бөренеге шыққан кездегі қауіпсіздік техникасын еске салады, сақтандыру жүргізіледі. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Орын алмастырыңдар». Залды ортасынан қақ бөлетіндей етіп арқан тасталады. Әрбір топ өз алаңына барып тұрады. «Жүгір!» деген белгі берілгенде балалар тек өз алаңында шашырай жан-жаққа жүгіреді. «Ауыс!» деген белгі кезінде топтар	Міндеттері:Үй туралы түсінік бере отырып, жаңа сөздерді үйрету. «Мынау не?» сұрағына жауап беруді жетілдіру. Жаңа сөздерді, 2-3 сөзден тұратын сөйлемді құрастырып айтуды үйрету. Сөзді дыбыстау мәдениетін қалыптастыру. ҰІӘ барысы: Әдемі үйдің макетін көрсетіп, онда кімдер тұратынын білуге шақырады. Әркімнің қандай үйде тұратынын біледі. Сәлемдеседі. Орындарынан тұрып: Алақай!Алақай! Қуанады балақай! Біздің үй – үлкен үй. Біздің терезе, анау тұрған кебеже Біздің кілем, әдемі ғой білем. Мынау — теледидар Мынау – үстел, Мынау – орындық

	"П" дыбысы парта сөзінде бірінші болып тұр. Екі дыбыс бір-біріне өте ұқсас дыбыстар. «Б» мен «П» дыбыстарының дұрыс артикуляциясы мынандай: «Б» – «П» дыбыстары кішкене тіл ашық тұрып, дем ауыз арқылы қатты жұмылған еріндердің кілт ашылуынан сыртқа шығу нәтижесінде жасалады. Негізгі кезен. Педагог балаларға "б","п" дыбысынан басталатын сөздер ойлап айтқызады. Педагог «Б» дыбысының буын ішінде келетін сөздерге мысал келтіреді: Ба-ба-ба – бала. Бо-бо-бо – бота Бө-бө-бө – бөрік. Табыл – дабыл. Бақа – бақбақ. Педагог «П» дыбысының буын ішінде кездесетін сөздерге мысал келтіреді: Па-па-па – парта. Жа-па-лақ – жал-пақ. Па-рақ – жа-пы-рақ. Педагог балаларға «бала», «парта»,	ықыласты тәрбиелеу, отбасына деген оң көзқарас қалыптастыру Балалар дөңгелене тұрады. «Менің анам қандай?» ойыны. Әр бала жанындағы балаға допты беріп тұрып, анасын сипаттайды. А дыбысына: ардақты, аяулы, асыл, ақжарқын, аққөңіл, алтын т.б. Б дыбысына: биші, бақытты, балажан, білімді, бесаспап т.б.Д дыбысына: дарынды, дана, дидарлы, досшыл т.б. Ж дыбысына: жақсы, жас, жомарт, жарқын, жұмыскер т.б.Негізгі кезең – Ең жақын адамдар деген кімдер? Балалардың жауабы тыңдалады. Педагогтің әңгімесі: – Отбасы дегеніміз – бір шаңырақта тұратын туыс адамдар. Отбасында атасы, апасы, анасы, әкесі және балалар болады. Отбасы мүшелері бір-біріне қамқорлық жасайды, түсінеді, бір-бірін сыйлайды, жақсы көреді, жылы сөйлеседі.	Педагог әр буында бір дауысты дыбыс болатынын балалардың естеріне салады. – «Сәлем – сөздің анасы» демекші М. Жаманбалиновтың «Көрші атам» атты өлең жолдарын оқып берейін. Сауат ашу негіздері «сөз» ұғымымен таныстыруды жалғастыру. Міндеттері: Балаларды сөздерді дұрыс айтуға және сөздердің лексикалық мағынасын түсіне білуге үйрету.Сөз сызбасымен таныстыру арқылы фонематикалық есту, есте сақтау қабілеттері мен саусақ бұлшық еттерін дамыту.Ұқыпты болуға, өз бетімен жұмыс жасауға тәрбиелеу. Қараңдаршы бізге кім қонаққа келді? (Тақтаға сурет іледі). Бұл – жұмбақ жасыратын Жұмбақпай ата. Ол маған мына хатқалтаны беріп, жұмбақтарын шешуді сұрады. Ағайынды бәрі, Шықса – жасыл, Түссе – сары. (Жапырақ)	орын алмастырады. Қарсы бетке толық құраммен бірінші жүгіріп келген топ жеңіске жетеді Қорытынды бөлім: « Менің жүрегім» оқыту ойыны «Қолдарыңды кеудеге қойыңдар (көрсетемін). Сендер тыныш тұрғанда жүрек бірқалыпты соғады, ал ашуланған кезде жүрек қағысы жиілейді. Бұл жүректің сендерге: «Тоқта, сабыр сақта, ашуланба», – деп ескерткені. «Кешір», – дейді ол. Кәнеки, жүрегімізге көмектесіп, бір-бірімізді ренжітпей, дос болайық. Сонда жүрегіміз бірқалыпты соғатын болады. Достарыңа күлкі сыйлаңдар». Өз денесіне қамқорлықпен қарауға назар аударады. Көркем әдебиет. Шағын мәтіндер, ертегілер және т.б. мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру, кейіпкердің қылығы туралы өз пікірін айту (ұнайды, неліктен ұнамайды) ҰІӘ барысы Сөзжұмбақ шешейік.	Келіп оған отырдық — деп айтады. Балалар отбасы тақырыбы бойынша сөздерді айтады. 2-3 бала өз үйлері туралы айтады. Ұйымдастырушылық – іздеушілік Үйдің макетін көрсете отырып, жаңа сөздерді меңгертеді. Келесі сұрақтарға жауап беруді қалыптастырады: -Балалар, мынау не? -Үй қандай? Сергіту сәті. Тамшы туралы немесе күз туралы өлеңді қимыл-қозғалыс арқылы айтуларын өтінеді. Тілдік жаттығу: Үй-үй — үлкен үй Ға-ға – биік қабырға Зе-зе – таза терезе Ік-ік-үлкен есік. «Үйде кім бар (жоқ)?» дидактикалық ойыны. Шарты: тірек суреттер арқылы 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрастыру

	«бақа», «бақбақ» сөздеріне сөйлем құратады. Сөздерді дыбысталуы бойынша салыстыру Клуб, штаб, араб, куб; Мектеп, кәсіп, ғажайып, доп, нәсіп. «Б» ұяң – дауыссыз, ал «п» дыбысы – қатаң дауыссыз. Сергіту сәті (Сергіту жаттығуларын А.С.Пушкиннің «Жел» өлеңімен жасатуға болады.) Жел Жел, жел, қалай сермейсің? Бұлтты үйіріп қуасың. Көк теңіздей тербейсің, Дәйім соғып тұрасың. Жел теңіздей шарлайды, Кемеге тым бермейді. Толқынмен бірге аунайды, Желкендерді кернейді. Балалар, мен қазір сендерге Балжан атты қыз туралы әңгіме айтып беремін, әңгіменің соңын сендер өз ойларыңмен жалғастыруларың керек. Балабақшадағы алғашқы күн Кішкентай Балжанды	– Отбасы қандай болу керек? – Отбасы тату болу керек. – Ал тату болу үшін не істеу керек? – Әр отбасы мүшесі кішіпейіл, ізетті болу керек. – Бір-біріне көмектесу керек. – Бірін-бірі сыйлау керек. Сонда бәрі бақытты болады. Балалармен бірге өз отбасы мүшелерінің фотоларын қарау. – Балалар, бүгін біз тобымызда «Менің отбасым» атты фотокөрме бар. Кім өзінің отбасы туралы айтқысы келеді?10 Балалар өз отбасыларының фотосуретіне жақындайды, кімнің бейнеленгенін айтады.Педагогтің көмегімен отбасы мүшелері туралы, олардың аты-жөндерін атап, отбасымен бірге қай жерде суретке түскені туралы әңгімелейді. Педагог өлең оқиды: Ең жақын адамдар – Әкем мен анам бар. Әкемнің әкесі –	Жиып-теріп болатын, Қамбаға астық толатын. Қызыл қырман ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың? (Күз) Балалар Жұмбақпай атаның жұмбақтарын шешеді. – Жұмбақпай ата бізге қандай қызықты жұмбақтар жасырды. Жапырақтар және күз туралы қандай әдемі сөздермен бізге суреттеп берді. Балалар сендердің естеріңде ма сөз деген не еді? Сөз неден тұрады, нені білдіреді? (Балалардың жауабы тыңдалады). Егер сөз бір нәрсенің атын білдірсе, онда ол бір мағына береді, яғни лексикалық мағынасы болады. Мысалы: алма, алмұрт, лимон – жемістердің аты; қызанақ, қияр, пияз – көгөністердің аты; құлпынай, бүлдірген, таңқурай – жидектердің аты; үстел, керует, орындық – жиһаздардың аты; тәрелке, кесе, қазан – ыдыстардың аты; көйлек, жейде, шалбар –	1. Кішкене ғана бойы бар Айналдыра киген тоны бар(қозы) 2. Сиыр малының төлі.(бұзау) 3. Тастан тасқа секірген Ұзын салпақ құлақты Қойдан маза кетірген Кім біледі (лақты) 4. Қамбар атаның алдына салып бағатын жануары? (Құлын) 5. Сыңар өркешті шөлге төзімді мал - Балалар біз ертегілерді жақсы білеміз. Ертегілер қалай басталушы еді? - Ерте ерте ертеде... - Ерте заманда - Баяғы заманда - Үйге қандай тапсырма берілген еді? - «Жылқы» өлеңін мәнерлеп оқу. 1. Жылқының қандай пайдасы бар? 2. Биенің төлін қалай атайды? 3. Бие сүтінен қандай сусын жасайды? 4. Жылқы етінен қандай тағамдаржасалады? 5. **Жылқы малына байланысты қазақтың ұлттық ойындарын ата. (Бәйге, аударыспақ, қыз қуу, көкпар**.) (Тақтамен жұмыс) Қой, сиыр, түйе, құлын, бұзау. -Балалар, қазақ халқы шаруашылыққа қандай малдарды пайдаланған? - Өгіз, түйе, ат. - Балалар біз жайлауға саяхат	керек.Мысалы: Үйде атам жоқ. Үйде әкем бар. Балалар әдемі үйді тамашалап, жаңа сөздерді еске сақтайды. Мысалы: Мынау — үй. Үй – үлкен, биік т.б. Балалар орындарынан тұрып, бой сергіту жаттығуын өлең сөзіне сәйкес көрсетіп айтады. Тамшы тамса тырс-тырс, Айтады гүл: -Дұрыс!Дұрыс! Тамшы тамса тырс-тырс, Айтады қыр: -Ырыс!Ырыс! немесе «Көктем» әні. Жаттығуды жекелей және хормен айтады. Балалар ойынды шартына сәйкес орындайды. Қорытынды: «Кім жылдам?» ойыны арқылы меңгерген сөздерін пысықтайды. Шарты: балалар мұғалім көрсеткен үй бөлшектерін жылдам атау

	таңертең әжесі ұйқысынан оятты. –Сен бүгін балабақшаға барасың, онда сені жаңа достарың және апайың күтіп отыр, – деді әжесі. Қуанып кеткен Балжан әп-сәтте дайын бола қалды.Өйткені оның үйде іші пысатын , әжесінің мазасын алатын. Балабақшаға баруды асыға күтіп жүрген еді. Әжесі қолынан жетектеп балабақшаға алып келді,тобына ертіп кірді. –Ал, балалар, әңгімені әрі қарай өз ойларыңмен жалғастырыңдар, Балжан балабақшада кімдермен танысты, нелерді көрді, балабақша Балжанға ұнады ма? Дәптермен жұмыс. Бірнеше дәптердегі суреттердің жетіспейтін жерлерін толықтыру. Дәптердегі тапсырма орындалады. Педагог балалардың тілін жаңылтпаш қайталату арқылы жаттықтырады:	Ақ басты атам бар. Әкемнің шешесі – Ақ шашты әжем бар. Ұлдардың үлкені – Бір туған ағам бар. Қыздардың үлкені – Бір туған әпкем бар. Ұлдардың кішісі – Бір туған інім бар. Қыздардың кішісі – Бір туған қарындас, Әпкеге – сіңлі бар. – Өлеңде кімдер туралы айтылған? – Отбасы мүшелері туралы айтылған. – Неге ата мен апаны ақ басты деп айтады? – Өйткені олардың шашы ағарған. – Ұлдардың үлкені кім болады? – Аға. – Қыздардың үлкені қалай аталады? – Әпке. – Ұлдардың кішісін қалай атайды? – Іні. – Қыздардың кішісін қалай атайды? – Сіңлі, қарындас. – Өз отбасымыздың мүшелерін атай аламыз ба? «Кім қалай жақын» ойыны. – Атаңның саған қандай жақындығы бар? – Әкемнің әкесі.	киімдердің аты; қоңыз, шыбын, көбелек – жәндіктердің аты; сазан, мөңке, бекіре – балықтардың аты; қарға, кептер, қарлығаш – құстардың аты; райхан, қызғалдақ, раушан – гүлдердің аты; сиыр, ат, қоян, қасқыр, арыстан, бұғы – жануарлардың аты; автобус, ұшақ, троллейбус – көліктердің аты; нан, шұжық, сүт, май, ет – тағамдардың аты; жүгіру, секіру, жүру, тұру – бұл сөздер іс-әрекетті білдіреді; қызыл, жасыл, төмен, жоғары, қышқыл – бұл сөздер заттың сапасын, сынын білдіреді; жаңбыр, қар, бұршақ, найзағай, жел, боран – табиғат құбылыстарының аты. – Сөз белгілі бір мағынаны білдіреді. Ол дыбыстардан жасалады және сөзді айтамыз. Сөздің сызбасын көлденең тіктөртбұрышпен белгілейміз. Педагог сөз сызбасын тақтаға жазып немесе сызбасы сызылған көрнекілікті тақтаға іліп,	жасаймыз. Осы малдардың қайсысын көлік етіп аламыз? - Атты. - Олай болса, қане кім жылқының дауысын салып береді? - Балалартақтадасуретте не берілген? - Жайлау, малдар, төлдер, киізүй, тау. - Суретке қарап тақырып бүгінгі оқу-іс әрекетіміздің не жайлы болатынын білеміз. - Пазлы құрастыру.(құрастыру) Құрастырылған суреттердегі жануарларды атап өтейік. - Қозы, лақ, бота, құлын, бұзау. - Олай болса, бүгінгі сабағымыз осы төлдер жөнінде болмақ. Сөздік жұмыс Секектеме – секірме Деміңді ал – тыныс Құстай қанат қағады – жүгіреді Сергітусәті. Қошақаны қойдың, Қайда, қалып қойдың, Бұлтиып тұр бүйірің, Қай өрістен тойдың Төлдердің айтысы. (сахналау) - Иеміз қайсымызды жақсы көреді? Лақ:- Әрине, мені жақсы көреді. Адам біздің сүтімізді, мамықтай түбітімізді пайдаланады Құлын: - Лақ сен орынсыз мақтанасың. Малда	керек. Алғыс білдіреді. Қоштасады. Балалар дұрыс жауап беруге тырысады. Белсенділік көрсеткен балаларға алғыс айтады. Сауат ашу негіздері дауысты дыбыстар туралы түсінік беру. Міндеттері: Сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету.Дауысты дыбыстардың жасалу жолдарымен таныстыру арқылы фонематикалық естулері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту.Өз бетімен тиянақты жұмыс жасауға тәрбиелеу Дыбыстар дауысты және дауыссыз болып бөлінеді. Дауысты дыбыстар дауыс шымылдығының керіліп тұрып діріл пайда болуы

	1.Тебіншек ат – шегіншек. 2.Шегіншек ат – тебіншек. 3. Қорытынды бөлім. Рефлексия –Балалар, бүгін қандай дыбыстармен таныстық? –Біз бүгін кім туралы әңгімеледік? Сауат ашу негіздері: «дыбыс» және «сөз» туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. Міндеттері: Табиғатта түрлі дыбыстардың бар екенін білдіру, олардан адамның дауысын ажыратуға үйрету, дауыс ауызбен айтылып, құлақпен естілетінін түсіндіру.Екі, үш, төрт дыбыстан тұратын сөздер ойлату арқылы ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың сөздік қорын жаңа сөздермен байыту. Ұқыптылыққа, бастаған істі аяқтай білуге баулу. Балалар дыбыс деген не? Дыбыстар қандай болады?	– Әжелеріңнің сендерге қандай жақындығы бар? – Әкемнің анасы. – Сен оларға кім боласың? – Немере. – Сіңлің (қарындасың) сенің әкеңе кім болады? – Қызы. – Сен әкеңе кім боласың? – Баласы. Демонстрациялық материалмен жұмыс. Отбасы мүшелері бір-біріне қамқорлық жасап жатқаны бейнеленген. Суретті әңгімелейді.11 – Суретте не бейнеленген? – Отбасы мүшелері. – Суретке қарап, отбасы туралы әңгіме құрастыр. Балалар суретке қарап, педагогтің көмегімен әңгіме құрастырады. – Суретке қарап қандай қорытынды шығаруға болады? – Отбасы – өте тату, бір-біріне қамқорлық жасайтын, бақытты отбасы. «Бес саусақ» ойыны. – Саусақтарын бүгіп, кезекпен атап шығады. Басбармақ, балаң үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек.	көрсетіп, түсіндіреді. «Сөз жарысы» дидактикалық жаттығуы25 – Жақсы, балалар, енді «Сөз жарысын» ұйымдастырайық. Мен бір тақырыпты айтамын, сендер сол тақырыпқа байланысты ғана сөздерге мысал келтіресіңдер. Мысалы: ыдыс, жануарлар, түстер т.б. Кім көп сөз айтса, сол жеңімпаз болады (сөз айтқан балаға түрлі түсті қаламнан беріліп отырады). – Ыдыс. – Кесе, тәрелке т.б. Билингвалды компонент: күз – осень, жаңбыр – дождь. «Мен айтамын, ал сен көрсет» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге іс-әрекетті білдіретін сөздерді айтамын, ал сендер сол сөздерді орындайсыңдар. Мысалы: жүгіру, секіру, отыру, бір аяқпен тұру, қолды көтеру, отырып-тұру, қолды	бізден ешқайсың аспайсыңдар. Біз майданның да еңбектің де тұлпарымыз. Біздің етіміз азық, қымызымыз ем. Бұзау: - Сендер босқа мақтанасыңдар. Ием мені жақсы көреді. Адамның тіршілігіне ең пайдалысы мен. Шелек - шелек сүт, қарын – қарын май, қап – қап құрт, ірімшік бізден шығады. Қошақан: - Бәрің де босқа мақтанасыңдар. Ием бәріңнен де мені жақсы көреді. Сақылдаған сары аязда тоңдырмайтын жылы пима,тондар менің жүнімнен жасалады. Бота: - Бәріңнен кем біз бе екенбіз? Малдың ен қадірлісі бізбіз. Адам біздің шұбатымызды, мамықтай жүнімізді пайдаланады. Ерте кезде күш көлігі де біз болғанбыз. Адам: - Сендер босқа таласпаңдар. Бәрің де адамға пайдалысыңдар. Әрқайсыларыңның өз орындарың бар. Балалар біз өткен сабағымызда айтқандай әр түліктің бақташы, пірі, иесі болады дедік, атап жіберейікші Қой атасы – Шопаната Жылқы атасы – Қамбарата Ешкі атасы – Сексеката Түйе атасы –	арқылы жасалады, сондықтан дауыстыларды созып, әндетіп айтуға болады. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар: а, ә, о, ө, ұ, ү, ы, і, е, и, у, э. Балалар педагогпен бірге дауысты дыбыстарды қайталайды. Педагог балалардан түсінгендерін сұрайды. Дыбысты айтуға адамның қандай мүшелері қатысады? Артикуляциялық жаттығу жасау. «Күрекше» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек. «Ине» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек. «Төбешік» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға

	Балалар білгендері бойынша өз ойларын ортаға салады. Педагог «Дыбыстың не екенін білесің бе?» деген өлеңді балаларға оқып береді. Дыбыстың не екенін білесің бе? Дыбыстың не екенін білесің бе? Дыбыстарға құлақты түресің бе? Бұлақтың сылдырын, қоңыраудың сыңғырын, Күннің күркірін, жаңбырдың тырсылын, Адамдардың дауысын, көліктердің дыбысын, Құстардың салған әнін де, естігеннің бәрін де «Дыбыстар» деп атаймыз. (Г. Оразбаева) Өлең жолдарында кездесетін дыбыстарды айтып көрейікші. Дәптермен жұмыс 1.Өлеңді тыңда. Заттар мен табиғат құбылыстарының дыбыстарын ата. Жасанды дыбыс шығаратын затты қорша.	– Басбармағым – атам, балаң үйрек – апам, ортан терек – әкем, шылдыр шүмек – шешем, кішкене бөбек – мен. Сергіту сәті Апам мен атам бар, Анам мен әкем бар, (қолдарын жан жаққа жайып, бұрылады). Інім мен ағамды Сыйлаймын, қорғаймын (Жоғары көтеріп, түсіреді). Кішкентай сіңлімді, ренжітпей ойнаймын! (Орнында адымдайды). Дәптермен жұмыс 1.Отбасы мүшелерін ата. Кімнің кімнен үлкен екенін ажырат. Ең үлкені мен ең кішкентайын тап. 2. Өз отбасыңда сенің міндетің не? Суретте көрсетілген іс-әрекеттердің қайсысын орындайсың? Белгіле. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. 3. Рефлексия Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. Балалардан қандай жағдаяттар ұнағанын сұрайды. Математика негіздері Теңдік пен теңсіздік Мақсаты: Балалардың	алдыға сөзу, шапалақтау, бір орында жүру т.б. Дәптермен жұмыс 1.Суретке қара. Балалар не істеп жатыр? Іс-әрекетті білдіретін сөздерді ата. 2.Суреттерге қара. Әр топтағы заттарды бір сөзбен ата. Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Балалар іс-әрекетті білдіретін сөздерді атайды: ойнайды, оқиды, сурет салады. Екінші тапсырмада 1 топ жабайы жануарлардың, 2-топ ыдыстардың, 3-топ киімдердің, 4-топ жәндіктердің, 5-топ оқу құралдарының, 6-топ музыкалық аспаптардың атын айтады. Сергіту сәті Тікірейіп құлағы Менен бұрын тұрады. Бойын жазып керіліп, Беті-қолын жуады. Сыңғыр, сыңғыр сырғалар Құлағымда сыңғырлар. Оң қолымда білезік, Сол қолымда білезік, Санап көрші, кәнеки, 1, 2, 3 – бір, екі, үш, Демаламыз жинап күш.	Ойсылқара Сиыр атасы – Зеңгібаба Ата деп отырғанымыз сол малды бағып күткен адам. Балаларға төрт түлік малдың адамға тигізер пайдасы жайлы түсіндіру,оларға деген қамқорлық сезімдерін оята білуге тәрбиелеу. Қазақ тілі « Балабақша» Міндеттері: Өткен жылғы сөздерді еске түсірту, жаңа сөздерді үйрету; қазақ тіліне тән дыбыстарды (і, ө) дұрыс айтуға жаттықтыру; тіл үйренуге деген қызығушылықтарын ояту. ҰІӘ барысы: Шаттық шеңберіне дөңгелене тұру. Қуанамын мен де, Қуанасын сен де. Қуанайық достарым, Жарқыраған күнге! Сәлеметсіңдер ме,балалар! Интерактивті тақтада балабақша суреті көрсетіледі. - Балалар қайда келді? Тақтадағы суретке көңіл аударады. - Балалар қайда? - Топта не бар? Жаңа сөздермен таныстыру (жұмыс	созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. «Түтікше» – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу. Дидактикалық жаттығуы»Әндетіп көр» – Балалар, өзіміз білетін бір әннің әуенін тек «а» дыбысын дыбыстау арқылы айтып көрейік. Әнді алдымен тыңдайды. Нұрын төккен маған Шуағымсың сен! Айналайын мама, Қуанышыңмен! Шаттандырған мені, Жұбанышым сен! Құттықтаймын сені Туған күніңмен!30 – Осы әуенді е, а дыбыстары арқылы әндетіп көрейік. Балалар бірге әндетіп айтады. Дауысты дыбыстар қызыл түспен

	Балаларды еңбексүйгіштікке, еңбек етуге тәрбиелеу. Ұйымдастыру іс әрекеті –Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? –Күз мезгілі екенін қайдан білесіңдер? –Күз мезгілінде неше ай бар? –Қазір сендерге мен күз мезгілі туралы жұмбақ жасырамын. Жұмбақ Ағайынды бәрі, Шықса – жасыл, Түссе – сары. Негізгі кезен –Иә, балалар, күз мезгілінде жапырақтар жерге түсіп, сары алтындай болып жарқырап жатады. Байқап қарасаңдар, жапырақтардың бәрі бірдей сары емес, қызғылт, қоңыр болып көрінеді. Тура бір даланы бояп тастаған тәрізді. Ақын Қ. Шаңғытбаев табиғат туралы көптеген өлеңдер жазған. Сол өлеңдерінің бірі – «Күзгі жапырақтар». –Өлең шумағын зейін салып тыңдасаңдар, күзгі бақтың қандай	-Екі поездің неше вагондары бар екен санайықшы. (вагондарды санау) -Бір поездің вагондары 5-еу біреуінде 4-еу. -Неге біреуінде көп ал екіншісінде вагон аз. -Екеіуі тең болу үшін неше вагон керек? 2-тапсырма -Балалар осы екі вагонның арасына қандай таңбаны қоямыз? 3- тапсырма Балалар, маймыл, ара,аю үшеунде геометриалық пішіндер бар екен. Оларда менде көп сенде аз деп дауласып тұр екен. Қайсысында көп қарайықшы. (балалар санайды) Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: Тұрмыстық техника және оның қажеттілігі тұрмыстық техникалардың түрі және оның қажеттілігін түсіндіру. Міндеттері: 1. Тұрмыстық техника, оның қолданылуы туралы білімдерін жетілдіру. Қауіпсіздік ережесі туралы алған білімдерін дамыту.Қауіпсіздік	Жоғары-төмен қағамын. Биік көкке айналып, Жұлдыздай жылдам ағамын. Демонстрациялық материал. – Балалар, мен Әнуарбек Дүйсенбиевтің «Шаштараз» өлеңін оқып беремін. Сендер суретке қарап жаттап алуға және өлең ішінен түбірлері бір сөздерді тауып айтуға тырысыңдар. Шаштараз Ұжымшарға жаңадан, Келген еді шаштараз. Өзі сондай таза адам, Өсіп кеткен шашқа араз. Кім бөлмесе көңілін, Өсті екен деп баста шаш. Салақ болса кімде-кім Соны ұнатпас шаштараз. Ал ұқыпты баланы Өте жақсы көреді. Шашын сәндеп алады, Жұпар сеуіп береді. Сөздік жұмыс: Араз – қарсы мағынасында; Жұпар – әтір, иіс судың исі. Өлеңді суретке қарап, қайталату арқылы жаттату, өлең ішінен түбірлес сөздерді тапқызу.	беру. Мультфилімін көру. (ер төстік, алпамыс батыр, жыл басына таласқан хайуанаттар, алдар көсе, қаңбақ шал және т.б) Жақсы балалар орнымызға жайғасып отырайық. Тәрбиеші балаларды ертегі әлеміне шақырады. Бірақ қандай ертегі әлеміне келгендерін айтпайды. Жұмбақ ретінде тәрбиеші слайд суреттерді көрсетеді. Осы суреттер арқылы балалар қай ертегі әлеміне келгендерін анықтап айтып береді. Слайдтағы суреттер олар: «Алдар көсе» ертегісінің суретіері. Ертегі көрінісін тамашалау: -Балалар сендер мына сурет қарап айтындаршы бұл қай ертегі? -Алдар көсе. Ал енді оның үстіндегі киімін сипаттайықшы. Ол үстіне не киген? Дұрыс айтасындар. Ал енді маған мынадай сұрақтарға жауап беріңдерші. Ол әрдайым кімдерге көмектеседі, ол кімдерді алдайды? Жарайсындар балалар, сендер жақсы біледі екенсіндер. -Үстінде шапан, басында бөрік.	Әркімнің қандай үйде тұратынын біледі. Сәлемдеседі. Орындарынан тұрып: Алақай!Алақай! Қуанады балақай! Біздің үй – үлкен үй. Біздің терезе, анау тұрған кебеже Біздің кілем, әдемі ғой білем. Мынау — теледидар Мынау – үстел, Мынау – орындық Келіп оған отырдық — деп айтады. Балалар отбасы тақырыбы бойынша сөздерді айтады. 2-3 бала өз үйлері туралы айтады. Ұйымдастырушылық – іздеушілік Үйдің макетін көрсете отырып, жаңа сөздерді меңгертеді. Келесі сұрақтарға жауап беруді қалыптастырады: -Балалар, мынау не? -Үй қандай? Сергіту сәті. Тамшы туралы немесе күз туралы өлеңді қимыл-

	керемет екенін сезінесіңдер. Сергіту сәті: Оңға қарай түзу тұр, Солға қарай түзу тұр. Алға қарай бір қадам, Артқа қарай бір қадам. Жоғары төмен қарайық, Орнымызды табайық. Педагог балалардан өлең шумағын сұрайды. –Балалар, бүгін дауысты дыбыстардың дыбысталуындағы ерекшеліктермен танысамыз. Қазір есікті қағайық. Не естідіңдер? –Тағы тыңдаңдар (дабыл соғылады). –Ненің дыбысын естідіңдер? –Дыбыстар бірдей болып шықты ма? –Дыбыстар әртүрлі болады. Кейбір дыбыстар созылып әндетіп айтылады. Кейбіреуі кедергіге ұшырап қысылып айтылады.Мысалы,«А-а-а» деп айтайықшы. Дыбыс ешқандай кедергісіз ұзақ айтылды. Кедергісіз айтылатын дыбыстарды дауысты дыбыстар дейміз. Мысалы: «А», «Ә», –	ережелерін сақтап жүруге тәрбиелеу. Педагог балаларды ортаға жинайды. «Шаңсорғыш» ойыны. Жүргізуші сайланады. Ол – «шаңсорғыш». Қалған балалар – «шаң». «Шаң» айналып, ақырын жерге «қонады» (отырады). «Шаңсорғыш» іске қосылады.31 «Шаңсорғыш» «шаңды» жинай бастайды, оның қолы кімге тиеді, сол бала орнынан тұрып кетеді. 2.Негізгі кезең : – Үйдегі заттарды атаңдар. Сендердің бөлмелеріңде қандай қажетті бұйымдар, заттар бар? Балалар үйлеріндегі жиһаздар мен бұйымдарды атайды. – Асүйден бастайық. Асүйлеріңде қандай заттар бар? – Газплитасы, ыдыс-аяққа арналған сөрелер, үстел, орындық, тоңазытқыш. – Қонақ бөлмеде қандай заттар бар? – Диван, кресло, теледидар. – Балалар, біз бұл заттарды қалай топтастырар едік? Балалар әр затты атап, олардың жалпы атауын табады:	Дәптермен жұмыс Дәптердегі тапсырманы орындау Қорытынды бөлім. Рефлексия – Өлеңде кім туралы айтылады? – Шаштараз қандай баланы ұнатады, қандай баланы ұнатпайды? – Сендер өздеріңді қандай баланың қатарына жатқызасыңдар? Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Жіңішке дауысты дыбыстар жіңішке дауысты дыбыстардың жасалу жолдарымен таныстыру. Міндеттері: Жіңішке дауысты дыбыстарды естерінде сақтауға жаттығуларды айтқызып жаттықтыру. Жаңа сөздердің мағыналарын ашу арқылы логикалықойлау қабілеттерін, есте сақтау қабілеттерін дамыту.Жазу барысында эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу. Ұйымдастыру кезеңі Балалар шаттық шеңберінде тұрады. Төмендегі өлеңді балалар бірге айтады: Біз қандаймыз, қандаймыз? Шұғылалы таңдаймыз.	-Ол бай адамдарды алдайды. Кедейлерге көмек көрсетеді Балалар бізде жылдың қай мезгілі? -Иә, балалар күн болса суық Алдар көсеміз тонып қалмау үшін біз қазыр оның шапанындағы тесік, жыртықтарды жамап берейік. Ол үшін біз мына дайын суреттерді қолдана отырып, оларға жамауларды жамаймыз. Жамау тәсіліне біз қолмен жырту әдісін қолданамыз. Ал енді еңбеке кірісейік. Ең алдымен біз қауіпсіздік тәсілдерін ескерту керекпіз. Қайшымен ойнамаймыз, қолымызды кесіп алмай, абайлап қолданамыз. Желімді жамауларға жағып оларды дұрыс орналастырып жапсырамыз, мындада тазалық әдісін сақтаймыз. Қорытынды: шапалақ әдісі Қазақ тілі « Балабақша» Міндеттері: Өткен жылғы сөздерді еске түсірту, жаңа сөздерді үйрету; қазақ тіліне тән дыбыстарды (і, ө) дұрыс айтуға жаттықтыру; тіл үйренуге деген қызығушылықтарын ояту. ҰІӘ барысы:	қозғалыс арқылы айтуларын өтінеді. Тілдік жаттығу: Үй-үй — үлкен үй Ға-ға – биік қабырға Зе-зе – таза терезе Ік-ік-үлкен есік. «Үйде кім бар (жоқ)?» дидактикалық ойыны. Шарты: тірек суреттер арқылы 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрастыру керек.Мысалы: Үйде атам жоқ. Үйде әкем бар. Балалар әдемі үйді тамашалап, жаңа сөздерді еске сақтайды. Мысалы: Мынау — үй. Үй – үлкен, биік т.б. Балалар орындарынан тұрып, бой сергіту жаттығуын өлең сөзіне сәйкес көрсетіп айтады. Тамшы тамса тырс-тырс, Айтады гүл: -Дұрыс!Дұрыс! Тамшы тамса тырс-тырс, Айтады қыр: -Ырыс!Ырыс! немесе «Көктем» әні.

	дыбыстары дауысты дыбыстар. Екі дыбысты да әндетіп айтуға болады. Мақал-мәтелдерді оқып, мағынасын түсіндіреді. 1.Диқан жерін мақтайды, Балықшы көлін мақтайды, Кәсіпкер кенін мақтайды. 2.Жердің сәні – егін, Ердің сәні – білім. 3.Неексең соны орарсың. 4.Қырман басы – береке, Көп жүрген жер – мереке. Балалар, мақал-мәтелдерде егін жайлы, күз мезгілінің берекесі жайында айтылған. Егін бітік болса, елімізде береке, тоқшылық болады. «Күз мезгілі жомарт» деп бекер айтылмаған. Дидактикалық ойын: «Қай ағаштың жапырағы?» Ойын шарты: Әр жапырақтарды өзі өсетін ағаштарына апарып ілу. Дәптермен жұмыс: Дәптердегі тапсырма бойынша орындалады. 3. Қорытынды бөлім. Рефлексия	а) Үй жиһаздары: сөрелер, үстел, орындық, диван, кресло. ә) Электр құралдары мен тұрмыстық техника: тоңазытқыш, газплитасы, теледидар. Демонстрациялық материалдармен жұмыс. – Тұрмыстық техникаға не жатады? – Тоңазытқыш, кір жуатын мәшине, газплитасы, компьютер, үтік, теледидар, қысқа толқынды пеш. – Балалар, бұл заттарды адамдар не үшін ойлап тапты? – Қол еңбегін жеңілдету үшін. – Адамдар қол еңбегін жеңілдету үшін, тұрмыстық техниканы ойлап тапты. Ғалымдар қазіргі заман талабына сай жаңа технологияларды ойлап табуда. – Газплитасы не үшін қажет? – Тамақ пісіру үшін. – Ол болмаған жағдайда адамдар тамақты қалай пісіреді? – Қазан астына от жағып пісіреді. – Газплитасы немен жанады? – Газбен, электр тогымен.	Жарқыраған күндейміз, Ренжісуді білмейміз. 2. Негізгі бөлім «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. 1) Дыбыс деген не? 2) Қандай дыбыстарды дауысты деп атаймыз? 3) Дауысты дыбыс қалай белгіленеді? 4) Дауысты дыбыстар қалай жасалады? 5) Жуан дауысты дыбыстар қалай жасалады? 6) Жуан дауысты дыбыстарды ата. Артикуляциялық жаттығу жасау. «Күрекше» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек. «Ине» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек. «Төбешік» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. «Түтікше» – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу.	Шаттық шеңберіне дөңгелене тұру. Қуанамын мен де, Қуанасын сен де. Қуанайық достарым, Жарқыраған күнге! Сәлеметсіңдер ме,балалар! Интерактивті тақтада балабақша суреті көрсетіледі. - Балалар қайда келді? Тақтадағы суретке көңіл аударады. - Балалар қайда? - Топта не бар? Жаңа сөздермен таныстыру (жұмыс дәптеріндегі суреттер арқылы) -Мынау не? - Мынау - есік. І-і-ік-ік – міне, есік. - Мынау не? - Мынау – терезе, те-ре-зе. - Мынау – кілем, кі-лем. І-і-кі-кі – кі-лем.Әдемі кілем. Үлкен кілем. - Мынау – төсек. Ө-ө-өс-өс-төс-төс – төсек. Сергіту сәті: Отырамыз! Тұрамыз! Бір, екі, үш, Біз жинаймыз күш! (2-3 рет қайталайды) «Дұрыс қайтала, көрсет» дидактикалық ойыны. Үлестірмелі қима суреттермен жұмыс жүргізіледі.	Жаттығуды жекелей және хормен айтады. Балалар ойынды шартына сәйкес орындайды. Қорытынды: «Кім жылдам?» ойыны арқылы меңгерген сөздерін пысықтайды. Шарты: балалар мұғалім көрсеткен үй бөлшектерін жылдам атау керек. Алғыс білдіреді. Қоштасады. Балалар дұрыс жауап беруге тырысады. Белсенділік көрсеткен балаларға алғыс айтады. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Жуан, жіңішке дауысты дыбыстар жуан, жіңішке дауысты дыбыстар туралы түсініктерін бекіту. Міндеттері: Сөзде дауысты дыбыстар жуан немесе жіңішке дауыстылардан тұратынын түсініктерін бекіту. Жуан, жіңішке

	–Балалар, бүгін кімнің өлеңін жаттадыңдар? –Өлең қалай аталады? –Дыбыстың қандай түрімен таныстыңдар? Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Жуан дауысты Дыбыстар жуан дауысты дыбыстардың жасалу жолымен таныстыру. Міндеттері: Жуан дауысты дыбыстарды есте сақтауға арналған жаттығуларды айтқызып, тілдерін жаттықтыру.Жүйелі сөйлей білулерін, ойлау қабілеттерін, сурет бойынша әңгімелей білу дағдыларын дамыту. Жазу жұмыстары арқылы ұсақ қол моторикасын дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ұйымдастыру іс әрекеті – Балалар, барлығымыз мен айтқан өлең жолдарын менің соңымнан қайталаңдар. Сендер білесіңдер ме? Туғаннан соң адам боп,	– Қазанды немен қайнатады? – Отынмен. – Қайсысында тамақ пісірген жеңіл әрі тез? – Газплитасында. – Балалар, көріп отырсыңдар, адамдар уақытын үнемдеу үшін, еңбекті жеңілдету үшін тұрмыстық техниканы ойлап тапты. – Тұрмыстық техника қалай жұмыс істейді? – Электр тогымен жұмыс істейді. Билингвалды компонент: тұрмыстық техника – бытовая техника, тоңазытқыш – холодильник, шаңсорғыш – пылесос. Жұмбақ шешу – Біздің үйде бір зат бар, Сақтайды онда тамақты. Болсын мейлі күз бен жаз, Іші оның қатты аяз. – Тоңазытқыш. – Шаң-тозаңды сүймейді. Тазалап оны жүр дейді. – Шаңсорғыш.32 – Бүкіл әлем ішіне сияр Аты оның – ... – Теледидар. Ойын: «Жалғастыр». – Айжанның анасы демалыс күні үйдің ішін жинастырмақшы болды. Айжан	Суреттермен жұмыс Педагог тақаға ер, үзеңгі, ірімшік, әткеншек, өрмекші және инеліктің суреттерін іледі. Балалар әр заттың атын атайды. Педагог осы сөздердің мағынасын түсіндіреді. Ер – аттың үстіне адам отыру үшін ағаштан жасалған әбзел. Үзеңгі – атқа отырған адам аяғын салып отыратын темірден жасалған әбзел. Ірімшік – сүттен жасалатын тағамның түрі. Әткеншек – балалар ойнайтын ойынның түрі. Өрмекші – жәндік. Инелік – жәндік. Заттың атын қайталатады және сөздегі бірінші дыбысты ерекшелеп айтқызады. – Осы сөздердің бірінші дыбысын айтқанда айтылуына мән берсеңдер, тілдің ұшы ілгері созылып жіңішкереді. Жіңішке дауысты дыбыстар: ә, ө, і, е, и, ү. Айнаны алып жіңішке дауысты дыбыстарды айтып көрейік. Жіңішке дауысты дыбыстарды	«Сақ бол!» дидактикалық ойыны. Жұмыс дәптеріндегі «Біздің балабақшамыз» өлеңін оқып, мазмұнын түсіндіреді. Кейбір сөздерді балаларға бірнеше рет қайталайды. Жұмыс дәптеріндегі кілемді (түскиізді) бояту. - Балалар қайда барады? - Қандай сөздер үйрендіңдер? - Кілем қандай? Қорытынды: Сұрақ-жауап арқылы. Математика негіздері "Үлкен – кіші", "үлкенірек – кішірек", Міндеттері: Ойыншық тардың салмағын өлшеміне қарай алдымен қарама-қарсы көрсеткішпен тең және тең еместігін алақанына салып өлшеп анықтауға үйрету Амансың ба, көк аспан? Амансың ба, достарым? Сендерді көрсем қуанам. Оқу қызметіне кіріспес бұрын тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады. Тікен – тікен, тік пісте Қысы – жазы бір түсте. Көк жиекте шай табақта Алтын алма тербелер. Кейде бүркер алма жүзін, Ұлпа, мақта пернелер.	дауысты дыбыстарды сөз ішінде ажыратуға жаттығулар жасату арқылы зейіндерін дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ұйымдастыру іс әрекеті Балалар шаттық шеңберінде тұрады. Төмендегі өлеңді балалар бірге айтады: Біз қандаймыз, қандаймыз? Шұғылалы таңдаймыз. Жарқыраған күндейміз, Ренжісуді білмейміз. 2. Негізгі бөлім «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. 1) Дыбыс деген не? 2) Қандай дыбысты дауысты дыбыс деп атаймыз? 3) Дауысты дыбысты қалай белгілейді? 4) Дауысты дыбыстар қалай жасалады? 5) Жуан дауысты дыбыстар қалай жасалады?

	Білімсізден жаман жоқ. Ел дәстүрін білмесең, Жұрт айтады «Надан» деп. Өлең жолдарынан нені түсіндіңдер? – Балалар, біз білімді, дәстүрді білетін, халқына қызмет ете алатын азаматтар немесе азаматшалар болуымыз керек. 2. Негізгі бөлім «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. 1) Дыбыс деген не? 2) Қандай дыбыстарды дауысты дыбыстар деп атаймыз? 3) Дауысты дыбысты қалай белгілейді? 4) Дауысты дыбыстар қалай жасалады? Артикуляциялық жаттығу жасау. *«Күрекше»* – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек. *«Ине»* – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек. *«Төбешік»* – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға	анасына көмектесіп жүрді. Анасы оған кішкене ыдысқа су құйып берді, қолына шүберек ұстатты. Айжан ... (шүберекпен шаң сүртті). Балаларға Айжанның одан арғы іс-әрекетін өздері айтуды ұсынады. – Анасы шаңсорғышты алып шықты. Айжан шаңсорғышты өзі іске қоспақшы болды. Оған анасы рұқсат етпеді. Ол қызына былай деді: ... Егер балалар жауап беруге қиналса, педагог көмектеседі. Анасы былай деді: – Қызым, шаңсорғыш электр тогымен жұмыс істейді. Сенің қолың су. Сулы қолмен үтік, шаңсорғыш сияқты заттарды ұстауға болмайды. – Анасы Айжанға не үшін шаңсорғышты іске қосуға рұқсат бермеді? Педагог суретті көрсетеді. Суретте электр желісін су қолмен ұстап жатқан көрініс бейнеленген. – Ешқашан су қолмен электр жүйесіне жақындауға болмайды! Өйткені су электр тогын өте жақсы өткізеді.	айтқанда тіл ілгері созылады екен. Педагог балаларға дауысты жіңішке дыбыстарды қайталату арқылы жаттатады. «Кім көп сөз айтады?» дидактикалық жаттығуы –Балалар, сендер жіңішке дауысты е, і, ө, и, ә, ү дыбыстарынан басталатын сөздерді ойлап айтуларың керек, әр дұрыс сөзге бір фишкадан беріледі. Кім көп сөз айтса, сол жеңімпаз атанады.35 Балаларға көмек ретінде педагог жіңішке дауысты дыбыстардан басталатын бір суреттен тақтаға іледі. Мысалы: етік, ірімшік, ілгіш, із, ит,өшіргіш, өгіз, өтірікші, өлшеуіш, элеватор, үстел, үзеңгі, үтік, үміт, үлгі,үлгерім, үсік, ит, ине, имек, иткұс, илеу, ермек, елік, ереже, ерін, емізік, ешкі, есік т.б. «Е дыбысы қайда тығылды?» ойын-жаттығуы Педагог алма, бақа, мысық, өрік, банан, садақ, ит, емен, кеме, күшік, бидон, елік,	Қалпағы бар, Басы жоқ. Қолы да жоқ, Шашы жоқ. Сыңар аяқ көкеңнің Ойлан тап, не екенін. Ұйымдастыру – іздестіру Балаларды қызықтыру мақсатында жұмбақ жасырып, назарын өзіне аударады. Осылайша жаңа тақырыппен таныстырып, түсіндіреді. Оқу қызметін өту барысында одан әрі тапсырмалар орындатады. Дәптермен жұмыс - Суретте ең көп бейнеленген қандай зат? - Бір – бірден салынған заттарды бояп шығыңдар. 1 және 2 затты санауға байланысты тәрбиеші сұрақ қояды. - Сол жақ карточкада неше киіз үй, оң жақ бұрышта неше киіз үй? - Тақия көп пе әлде киіз үй көп пе? - Қане тақияны санайықшы. - Жарайсыңдар. - Ал енді киіз үйді санайық, нешеу екен? - Осылайша балаларды санауға және бір – бірінен ажырата білуге үйретеміз. - Келесі тапсырма бойынша заттарының саны бірдей карточкаларды сызық арқылы қосуды ұсынады.	6) Жуан дауысты дыбыстарды ата. 7) Жіңішке дауысты дыбыстар қалай жасалады? 8) Жіңішке дауысты дыбыстарды ата. Дауысты дыбыстар – өкпеден шыққан ауаның кедергіге ұшырамай шыққан дыбыстар. Қолымызға айнаны алып, дауысты дыбыстарды айтып көрейік, бұл дыбыстарды әндетіп, созып айтсақ та болады: «ааа», «әәә», «ооо» «өөө» «ееее», «ыыы», «ііі», «ұұұ», «үүү», «иии», «эээ», «ууу».37 Артикуляциялық жаттығу жасау. «Күрекше» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек. «Ине» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек. «Төбешік» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге

	созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. *«Түтікше»* – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу. *«Құпия сөз» дидактикалық жаттығуы* – Балалар, сендер мені мұқият тыңдауларың қажет. Мен сөздің өзін айтпаймын, бірақ сол туралы айтамын. Кім құпия сөзді тапса, сол бала 1 ұпай алады. – Ол қаладан алыста да, жақын да, да орналаса береді. Ол жердің ауасы таза, табиғаты әдемі. Онда төрт-түлік малдың бәрі бар. Ол жерде адамдар қалаға қарағанда аз тұрады. – Ауыл. – Иә, балалар, бұл – *ауыл.* Енді келесі құпия сөзді табуға тырысыңдар. – Олар өте тату, бір-бірін жақсы көреді, сыйлайды, көмектеседі. Олар көбіне бірге тамақтанады. Кешкілік бәрі жиналады, әңгімелеседі.	«Көп ойла, сөз ойла» ойыны. Балалар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ үй жиһаздарын атайды. Екінші топ тұрмыстық техника заттарын атайды. Қай топ көп сөз айтса, сол топ жеңімпаз атанады. «Қызметіне қарай ата» ойыны. – Қайнатады, ол не? – Шәйнек. – Суытады, ол не? – Тоңазытқыш. – Жылытады, ол не? – Пеш. – Тазалайды, ол не? – Шаңсорғыш. – Үтіктейді, ол не? – Үтік. – Көрсетеді, ол не? – Теледидар. Сергіту сәті Орнымыздан тұрамыз, Мойнымызды бұрамыз. Қолымызды көтеріп, Саусақтарды ашып-жұмамыз. Одан соң төмен түсіріп, Алақанды соғамыз.33 Иықты артқа ысырып, Басты төмен саламыз. Жаттығу жасап осылай, Үлкен боп ертең шығамыз! Дәптермен жұмыс 1.Тұрмыстық техникаға жатпайтын затты белгіле.	трактор сөздерін айтады. Балалар осы сөздерді айтқанда, қолдарын шапалақтап, сөзді айтулары керек. Сызбамен жұмыс. Педагог «ер» сөзінің сызбасын сызуды балаларға ұсынады. Бір баланы тақтаға шығарады. «Ер» сөзінде неше дыбыс, неше дауысты дыбыс бар? Бала дауысты дыбысты қызыл текшемен белгілейді. Ол жуан жіңішке екендігін анықтайды. «Жіңішке дауысты дыбысты сөзден баста» ойын-жаттығуы Педагог қойған сұрақтарға балалар жіңішке дауысты дыбыстан басталатын сөздердермен жауап беру керек. 1. Сүйікті тағамың қандай? (Мысалы: ет, ірімшік т.б.) 2. Достарыңның аты кім? (Әмірхан, Ерасыл, Інжу, Инабат, Үміт). 3. Сүйікті ойыншығың не? (Әткеншек, үкі т.б.) Балалар ойланып жауап береді, көмек керек балаларға педагог көмектеседі. Дәптермен жұмыс	Балалардың өз беттерінше жұмыс жасауларын қадағалайды. Сергіту сәті Оңға қарай иілдік, Солға қарай иілдік, Бір отырып, бір тұрып, Бәріміз бір сергідік.	тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. «Түтікше» – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу. «Тиісті текшені көтер» дидактикалық жаттығуы Педагог балаларға дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады). Балалар дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті фишканы көтереді. Дауысты дыбыстар тілдің қатысына қарай екіге бөлінетінін естеріне түсіреді. 1) Жуан дауысты дыбыстар: а, о, ы, ұ, у. Айнаны қолымызға алып, жуан дауысты дыбыстарды айтып көрейік. Жуан дауысты дыбыстарды

	Балалардың жауабы тыңдалады. – Дұрыс айтасыңдар балалар, мен *отбасы* туралы айттым. – Оны қурайдан, шөптен, ағаштан, балшықтан да жасайды, оны ағашқа, тасқа, қабырғаға орналастырады. Қараторғайға оны адамдар жасап береді. Ол жерге жұмыртқа салады, балапандарын өсіреді. – Құпия сөз – *ұя*. – Ол темір, әйнек, қыш пластмасса, шойыннан да жасалады. Адамдар оны күнде пайдаланады. Әсіресе асүйде. Онымен тамақ пісіреді, су ішеді, тамақ ішеді. – Ыдыстар. – Ол ағаштан жасалады. Өзі ұзын, жіңішке, көп, бір басы доғалдау, екінші басы тесіліп, оған жіп тағылған. Онымен ертеректе көп пайдаланған. Қазір сирек кездеседі. Оны киіз үй құрғанда пайдаланады. Ол – киіз үйдің қажетті заты. Онымен киіз үйдің шаңырағы көтеріліп	2. Заттарды 1-ден 6-ға дейінгі реті бойынша резеткімен қос. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. **Музыка** «Көңілді аспаптар» Қазақ халқының музыкалық аспаптарымен таныстыру, ұрмалы, үрмелі аспаптарда жеңіл ырғақтар ойнап дағдылану. Ән тыңдау: «Балдырғандар әні» (Б. Дәлденбаев, Н. Жанаев) Ән салу: «Біздің оркестр» А.Асылбек, Т.Қоныратбай Ойын: «Ырғақты қайтала» Шарты: Екі бала бір-біріне арқасымен тұрады. Алдарына бірдей аспаптар қойылады.Бірінші бала таныс әннің ырғағын аспапқа салады.Екінші бала сол әуенді аспапта қайталап ойнайды.Бала дұрыс тауып ойнаса,	1. Суреттегі заттардың атындағы жіңішке дауысты дыбыстарды ата. 2. Жіңішке дауысты дыбыстардан басталатын суреттерді белгіле. Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Жеке жұмыс жүргізеді Сергіту сәті Бала, бала балақан, Кәне, қайсы алақан? Саусақтарың әйбат, Былай-былай ойнат. Топ-топ басайық, Жалаудан күн жасайық. Жаса, жаса алтын күн, Жаса, жаса жарқын күн! Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс) 4. Үзік сызықтарды бастыр. 5. Үзбей сызып шық. Педагог графикалық жұмысты бастамастан бұрын үстелде жазу барысында қалай отыру керек екенін түсіндіріп өтеді. Балаларға тапсырманы бірінші ауада жазып көрсетеді, балалар ауада жазып қайталайды. Саусақ жаттығуы Қолымызды қайшы етіп, Қағаздарды қиямыз. Қиып-қиып ала		айтқанда, тіл кейін шегініп, тіл үсті дөңестенеді екен. 2) Жіңішке дауысты дыбыстар: ә, ө, і, е, и, ү. Айнаны алып, жіңішке дауысты дыбыстарды айтып көрейік. Жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда тіл ілгері созылады екен. Қазақ тілінде сөздер не жуан дауыстылардан, не жіңішке дауысты дыбыстардан құралады. Мысалы, тек жуан дауысты дыбыстардан құралған сөздер: аққу, арыстан, тасбақа, қараторғай т.б. Тек жіңішке дауысты дыбыстардан құралған сөздер: өмір, көктем, жүгері, мереке, күміс, ілгіш т.б. суреттерін тақтаға іліп көрсету, жуан, жіңішке дыбыстарды естеріне сақтату. Кейбір сөздерде жуан және жіңішке

	тұрады. – Ол – *уық.* – Балалар, осы *ауыл, отбасы, ұя, ыдыс, уық* сөздері жуан дауысты дыбыстан басталып тұр.Тақтаға суреттерін іліп көрсету. – Дауысты дыбыстар тілдің қатысына қарай екіге бөлінеді. Жуан дауысты дыбыстар: *а, о, ы, ұ, у.* Айнаны қолымызға алып жуан дауысты дыбыстарды айтып көрейік. Жуан дауысты дыбыстарды айтқанда тіл кейін шегініп, тіл үсті дөңестенеді екен. Жуан дауысты дыбыстарды есімізге сақтау үшін, тағы да бір қайталайық. Ерніміз әртүрлі пішінде болғанымен тіліміз дөңестеніп кейін жиырылады. Айнаға қарап *алма, асық, арба, ожау, оқулық, орамал, алмұрт, ыза, ұлу, ұста, ұжым, ұстаз* сөздерін айтайық, бұл сөздер жуан дауысты дыбыстардан басталып тұр. Дыбысты айтқанда тілімізді қай	балалар қолдарын шапалақтайды.	Қоршаған ортамен таныстыру Арнайы көліктер. Жүк және жолаушы көліктері. көлік түрлерімен таныстыруды жалғастырып, олардың қарапайым құрылысы және қажеттілігі жайлы түсіндіру. Міндеттері: Арнайы көлік құралдарының көп түрлілігі, белгілі жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықтары жайлы түсініктерді қалыптастыру.Айналадағы қоршаған ортаға зейін қоя білу дағдысын қалыптастыру.Көшеде тәртіп ережелерін сақтауға, мұқият болуға тәрбиелеу. Ұйымдастыру кезеңі Педагог балалармен бірге шеңберге тұрады. «Доп пен үрлегіштер» ойыны. Егер топта жуас және балалармен қосылып ойнай алмайтын балалар болса, «желі шыққан доп» рөлін сол балаларға берген жөн. Ортаға бір бала шығып, желі шығып кеткен «доп» болады. Қалған балалар –		дауысты дыбыстар кездеседі. Мысалы, кітап, мұғалім т.б. «Кім көп сөз айтады» дидактикалық жаттығуы –Балалар, сендер жіңішке дауысты және жуан дауысты дыбыстарынан басталатын сөздерді ойлап айтуларың керек, әр дұрыс сөзге бір фишкадан беріледі, кім көп сөз айтса, сол – жеңімпаз. Дәптермен жұмыс 1. Суреттерге қара. Ата. Құрамында жуан дауысты дыбыстар бар затты сары қарындашпен, жіңішке дауысты дыбыстар бар затты қызыл қарындашпен қос. 2. Жуан дауысты дыбыстан басталатын заттарды ата. Оларды сары қарындашпен қорша. Енді жіңішке дауысты дыбыстан басталатын

	жерде соған мән береміз. Жуан дауысты дыбыстарды еске сақтаймыз. Дәптермен жұмыс 1.Суретке қара. Жуан дауысты дыбыстан басталатын сөздерді ата. 2. Суретте бейнеленгендердің атындағы жуан дауысты дыбыстарды ата. Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Жеке жұмыс жүргізеді. Сергіту сәті Күн ұйықтайды. Күн оянады. Жел соқты. Жаңбыр жауды. Бұлт шатырлады. Күн ашылды. Жел басылды. Дәптермен жұмыс (*графикалық жұмыс)* 4. Үзік сызықтарды бастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамастан бұрын үстелде жазу барысында қалай отыру керек екенін түсіндіріп өтеді. Балаларға тапсырманы бірінші ауада жазып көрсетеді, балалар ауада жазып		«үрлегіштер». «Доп» екі аяғын жартылай бүгіп, денесін бос ұстап, алдыға бүгіп, басын төмен салбыратып тұрады. Барлық балалар қолдарымен «үрлегішпен» жел айдап жатқандай қимыл жасайды. Әрбір қимылды «С-с-с» деген дыбыспен орындайды. «С-с-с» деген дыбысты естіген сайын «доп» желмен «толады». Бірінші «с» дегенде дайындалады, екіншісінде түзеледі, үшіншісінде басын34 көтереді, осылайша ұртына жел толтырады, қолдарын жан-жаққа жаяды. «Жел» әбден толған кезде, бір бала шығып, үрлегіштің шлангісін суырып алғандай қимыл жасайды. «Доптан» жел шыққандай «ш-ш-ш» деген дыбыс естіліп, қайта «желі шыққан доп» кейпіне енеді. 2. Негізгі кезең Педагог төмендегідей әңгімемен бастайды. – Бір күні мен үйге қайтып келе жатып, жолда екі адамның әңгімесін естідім.		сөздерді ата. Оларды қызыл қарындашпен қорша. Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Заттарды атайды, жуан және жіңішке дауысты дыбыстарды анықтайды. Сергіту сәті Өкшемізді қосамыз, Балпаң-балпаң басамыз. Асулардан асамыз, Біздер пингвин боламыз. Білекті біз түреміз, Қатарласып жүреміз. Адаспаймыз білеміз, Пингвин болып жүреміз.38 Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс) 4. Нүктелерді бастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамастан бұрын үстелде жазу барысында қалай отыру керек екенін түсіндіріп өтеді.

	қайталайды. 5. Үзік сызықтарды бастыр. 3. Саусақ жаттығуы «Бәрінен де мен күшті,» Деп айтады оң қол. «Неге сен? Ал мен ше!» Деп келіспейді сол қол. Екі қолдың күштерін, Кәне, сынап көрейік. Оңға, солға тартайық, Достастыр Математика негіздері. Тақырыбы: Сана және салыстыр Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Ұйымдастыру кезеңі: Ойын: «Санды тап» Шарты: Тәрбиеші музыка аспабымен дыбыс шығарады.Сол дыбыс арқылы балалар неше рет дыбыс щыкканына қарай алдындағы сандарды белгілеп отырады. Ойын: «Салыстыр» Шарты: Екі топқа бөлініп балалар кубик әдісі арқылы		Біріншісі: «Менікі жап-жаңа, күшті әрі жылдам жүреді», – деді. Екіншісі: «Менікінің терезесі күндей жарқырайды, өзі жеп-жеңіл, қауырсындай ұшады», – деді. Балалар, айтыңдаршы, бұл екі адам не туралы әңгімелесіп тұр? Егер балалар қиналса, педагог жетекші сұрақтар қояды: – Неде нөмір болады? – Неде дөңгелек болады? – Қай затта жолды көрсететін шамы (фары) болады? адамдарды бір жерден екінші жерге жеткізеді. – Алыс жерлерге қандай көлікпен жетеміз? – Алыс жерлерге ұшақ, кеме, автобус, пойызбен жетеміз. – Ал қоғамдық көлікке не жатады? – Қоғамдық көлікке автобус, троллейбус, трамвай жатады. – Қоғамдық көлікте тәртіп ережелері болатынын білесіңдер ме? Қандай тәртіп ережелерін білесіңдер? Өздері білетін ережелерді айтады. Педагогтің жетекші		Балаларға тапсырманы бірінші ауада жазып көрсетеді, балалар ауада жазып қайталайды. Саусақ жаттығуы Айдын шалқар көлдерде Балықтар өмір сүреді. Шолпылдатып құйрығын, Әрі-бері жүзеді. **Музыка** «Көңілді аспаптар» Қазақ халқының музыкалық аспаптарымен таныстыру, ұрмалы, үрмелі аспаптарда жеңіл ырғақтар ойнап дағдылану. Ән тыңдау: «Балдырған дар әні» (Б. Дәлденбаев, Н. Жанаев) Ән салу: «Біздің оркестр» А.Асылбек, Т.Қоныр

	шарларды тізіп шығып кім бірінші болғанын есептеп салыстырады «Дыбыс арқылы санды тап» Шарты:Балалар өздері киндордың қорабына салынған моншақтарды сылдырлағаның санау арқылы қанша сан екенің табады. Кері байланыс «Екі жұлдыз, бір тілек» бойынша күлегештер арқылы бағалау		сұрақтары бойынша жауап береді. Билингвалды компонент: өртсөндіргіш мәшине – пожарная машина, жедел жәрдем – скорая помощь, құтқарушылар – спасатели, төтенше жағдай – чрезвычайная ситуация.35 «Автобуста» ойыны. Ойынды оқу қызметінен бос уақытта да ойнатуға болады. Бір бала «қарт әженің » рөлін ойнайды. Қалғандары «автобуста» келе жатқан «жолаушылар» болады. «Қарт әже» автобусқа кіргенде балалардың біреуі орын береді. Балалар қоғамдық көліктегі әдептілік ережелерді қайталайды. Қоғамдық көліктегі тәртіп ережелері 1. Жол жүру билетін ал. 2. Қарт адамдарға, кішкентай баласы бар адамдарға орын бер. 3. Қоғамдық көлікте қоқыс тастама, сағызды лақтырма. 4. Қатты дауыстап сөйлеме.		атбай Ойын: «Ырғақты қайтала» Шарты: Екі бала бір-біріне арқасымен тұрады. Алдарына бірдей аспаптар қойылады.Бірінші бала таныс әннің ырғағын аспапқа салады.Екінші бала сол әуенді аспапта қайталап ойнайды.Бала дұрыс тауып ойнаса, балалар қолдарын шапалақтайды.

			5. Автобусты, трамвайды, троллейбусты алдынан да, артынан да айналып өтпе. Жолды кесіп өту үшін жақын маңдағы жаяу жүргіншілер өткеліне бар. 6. Автобусқа алдыңғы есіктен кір, артқы есіктен 3. Рефлексия Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. – Оқу қызметінде не қызықты болды? Балаларға жұмыс дәптерде өздерінің игерген білімінің дәрежесін, өздерінің үлгерімін смайл арқылы белгілеуді ұсынады. Сурет салу Тақырыбы: «Күзгі жапырақтар» Серуен мен саяхат кезінде табиғаттан алған әсерлерін суретте бейнелей алады Ұйымдастыру кезеңі: «Күз мезгілінде неге жапырақтар сарғаяды» Шарты: Слайд арқылы бақтағы ағаштардың неге сарғаятындығын көрсету, айтып түсіндіру. ойын: «Жапырақтардың іздері неге ұқсайды»		

			Шарты: Жапырақтарды жоғары қаратып, оларды тік орналастыру қажет,қарандашпен бастырып сызып алып, әр жапырақты жылы түспен бояу,ізін қалдырып бастыр. «Күзгі бақта қандай түсті ұнатасың» Шарты:Күз мезгіліндегі жапырақтардың түсін ажырату. Кері байланыс ұсыну, сұрақ-жауап арқылы.		
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	№6 Аула тазалаушының еңбегін бақылау Мақсаты: Аула тазалаушының еңбегі туралы білімдерін молайту, және оған қажетті құралдармен танысу. Қимылды ойын: «Қармақ» Мақсаты: ойын арқылыептіліктері, жылдамдықтары дамиды. Еңбек: Аула тазалаушыға көмектесу Мақсаты: үлкендердің еңбегін құрметтей алады.	№7 Саңырауқұлақтарды бақылау Мақсаты: Саңырауқұлақтар туралы түсініктерін қалыптастыруда танымдық белсенділіктері кеңейеді. Қ/О:«Ақ сүйек» Мақсаты: Өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуге дамытуды жалғастыру, ереженің нормасын және тәртібін орындай алады. Еңбек:Алаңда тазалық жұмыстарын жүргізу Мақсаты: еңбексүйгіштік ке, үлкендерге көмекке келуге баулу.	№8 Арнайы көліктерді бақылау Мақсаты: Арнайы көліктер туралы түсініктері кеңейіп,сөздік қорлары молаяды. Қ/О: «Қарғымақ» Мақсаты:ойын арқылыептіліктері, жылдамдықтары дамиды. Еңбек: Тәрбиешімен бірге сынған, құлаған құрғақ бұтақтарды жинау Мақсаты:Жұмыс уақытында ұқыпты болуды түсіндіру.	№9 Гүл егілген клумбаны бақылау Мақсаты:Өсімдіктердің күзгі тіршілігі туралы білімдері кеңейеді. Қ/О: «От- су» Шарты: Жүргізушінің есептеуді таңдау талабын нығайту: «От» бәрі отыра бастайды, «Су» айналым бойынша бір жаққа ағады. Еңбек. Гүлдер дәнін жинап алу Мақсаты: Балалар келесі көктемнің қамын қазір ойлау керек екенін түсінеді.	№10 Ағаштарды бақылау Мақсаты:Күз мезгілі туралы жалпы білімдері қалыптасады. Қ/О:«Өз жұбыңды ізде!» Мақсаты: Қимылептілігі дамиды, есте сақтау қабілеті артады. Еңбек:Алаңда тазалық жұмыстарын жүргізу Мақсаты: еңбексүйгіштікке, үлкендерге көмекке келуге баулу.
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Түскі асқа дайындық. Түскі ас	Тыйым сөздер түсіндіру. «Таңғы асын тастама»	«Нанды бір қолмен үзбе»	«Нанды жерге тастама»	«Ас –адамның арқауы»	«Тамақ ішкенде сөйлеме»

Ұйқыға дайындық, ұйқы.	Бесік жырын қосу.	Ұйқының адамға пайдалығы туралы түсінік беру.	Психологиялық релаксация өткізу «Теңіз жағасында»	Психологиялық релаксация: «Әдемі құстар»	Психологиялық релаксация «Гүлдер алаңқайы»
Ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары	Массаж кілемешемен жүрейік. Жуынып ауыз шайайық,ас ішейік.	Ырғақты қимыл жассау. Ауыз шаю.	Ауа ваннасы. Массаж кілемшемен жүру	Құлаққа нүктелі массаж	Денені қозғап ұйқы ашамыз.
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып жеп болған соң тұруға дағдыландыру				
Ойындар, дербес әрекет.	ойын «Өнерлі саусақ» Шарты: Балалар бір бірінің суреттеріне әңгіме құрастырды.	ойын «Қалташалар» Шарты:Түрлі-түсті қатты қағаздардан дөңгелектер жасап, сондай түсті қысқыштарды қыстырса, гүлдер пайда болатының біледі.	вариативтік бағдарлама «Оригами әлемі» «Көңілді үшбұрыш» Балаларды шаршыдан үшбұрыш жасауға үйрету: қарама-қарсы бұрыштарды біріктіруге үйрету және бүктелген сызықты қолмен сипап басуға үйрету. Қиялды дамыту.	ойын «Өнерлі саусақ» Шарты: Балалар бір бірінің суреттеріне әңгіме құрастырды.	Еркін ойын Қуыршақты киіндір Шарты: Ереже түрлерімен танысып,сұрақтарға жауап беру біледі.
Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Мансур, Бегімай, Аяла, Бекарыс, Аэлин, Шахсанам жиындарды бөліктерге бөлуді және оларды қайта біріктіруді үйрету; жыл мезгілдері бойынша айларды ретімен атауды үйрету	Мансур, Бегімай, Аяла, Бекарыс, Аэлин, Шахсанам Жүру,жүгіру,секіру,лақтыру мен қағып алу,еңбектеу мен өрмелеудің негізгі қимыл түрлеріндегі қарапайым дағдыларды үйрету	Мансур, Бегімай, Аяла, Бекарыс, Аэлин, Шахсанам жеке жұмыс өз ойын түсінікті жеткізуге, өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауға, ненің «дұрыс» н/е «дұрыс емес» екенін түсіндіру	Мансур, Бегімай, Аяла, Бекарыс, Аэлин, Шахсанам туған ел, мемлекеттік және халықтық мерекелер,ел рәміздері, ҚР Президенті туралы білімдерін меңгертуге дағдыландыру	Мансур, Бегімай, Аяла, Бекарыс, Аэлин, Шахсанам жеке жұмыс туыстық байланыстар туралы түсінікті игерту; отбасы мүшелеріне өзінің жақсы көру сезімдерін білдіре алуды үйрету;
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу.				
Серуен	№6 Аула тазалаушының еңбегін бақылау Мақсаты: Аула тазалаушының еңбегі туралы білімдерін молайту, және оған	№7 Саңырауқұлақтарды бақылау Мақсаты: Саңырауқұлақтар туралы түсініктерін қалыптастыруда	№8 Арнайы көліктерді бақылау Мақсаты: Арнайы көліктер туралы түсініктері	№9 Гүл егілген клумбаны бақылау Мақсаты:Өсімдіктердің күзгі тіршілігі туралы білімдері кеңейеді. Қ/О: «От- су»	№10 Ағаштарды бақылау Мақсаты:Күз мезгілі туралы жалпы білімдері қалыптасады.

	қажетті құралдармен танысу. Қимылды ойын: «Қармақ» Мақсаты: ойын арқылыептіліктері, жылдамдықтары дамиды. Еңбек: Аула тазалаушыға көмектесу Мақсаты: үлкендердің еңбегін құрметтей алады.	танымдық белсенділіктері кеңейеді. Қ/О:«Ақ сүйек» Мақсаты: Өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуге дамытуды жалғастыру, ереженің нормасын және тәртібін орындай алады. Еңбек:Алаңда тазалық жұмыстарын жүргізу Мақсаты: еңбексүйгіштікке, үлкендерге көмекке келуге баулу.	кеңейіп,сөздік қорлары молаяды. Қ/О: «Қарғымақ» Мақсаты:ойын арқылыептіліктері, жылдамдықтары дамиды. Еңбек: Тәрбиешімен бірге сынған, құлаған құрғақ бұтақтарды жинау Мақсаты:Жұмыс уақытында ұқыпты болуды түсіндіру.	Шарты: Жүргізушінің есептеуді таңдау талабын нығайту: «От» бәрі отыра бастайды, «Су» айналым бойынша бір жаққа ағады. Еңбек. Гүлдер дәнін жинап алу Мақсаты: Балалар келесі көктемнің қамын қазір ойлау керек екенін түсінеді.	Қ/О:«Өз жұбыңды ізде!» Мақсаты: Қимылептілігі дамиды, есте сақтау қабілеті артады. Еңбек:Алаңда тазалық жұмыстарын жүргізу Мақсаты: еңбексүйгіштікке, үлкендерге көмекке келуге баулу.
Серуеннен оралу	Серуеннен оралу. Киімдерін шкафқа жинауға, ұқыпты қоюға баулу.				
Балалардың үйге қайтуы Ата-аналармен әңгімелесу	**Өнегелі - 15 минут.** Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мобильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру, ата-ананы балабақша жұмысына тарту, бала мен ата-ана қарым-қатынасын арттыру.				
	Анықтамалар туралы сөйлесу.	Балалардың тәртібі жөнінде	Балалардың тазалығы жөнінде сөйлесу.	Киімдер туралы	Балабақшадан қалмау

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Тәуелсіздік және отаншылдық айы

«Туған жердей жер болмас,
Туған елдей ел болмас!»

Топ: “Дарын» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 7 – 11 қазан 2024 жыл

Күн тәртібі		Апта күндері			
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес,	**Өнегелі-15 минут** балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мобильді кітапханада жұмыс, ата-ананың балаға кітап оқуына мүмкіндік жасау, кітапқа деген қызығушылықты арттыру, кітапқа жанашырлық, жауапкершілік таныту. **Күй күмбірі -**балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын арттыру.				

әңгімелесу	**Қауіпсіздік ережесі** әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, балалармен бірге жол ережелері туралы мультфильмдер көруге кеңес беру, ұсыну.				
	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Таңғы шеңберді қызыл жүрекшені бір-біріне ұсыну арқылы жылы сөздер айтумен бастау(бүгін өте әдемісің, жақсы көңіл-күй тілеймін т.б.) (тілдік қарым-қатынас, сөйлеуді дамыту) Ата-аналарға балаларды ауа-райына байланысты киіндіруге кеңес беру.	Табиғат бұрышын бақылау. Міндеті: Жыл мезгілі туралы түсініктерін толықтыру. Ойлау және сөйлеу қабілеттерін арттыру. Сұрақ-жауап : -Жыл мезгіліндегі өзгерістің сенің көңіл-күйіңе қандай әсері бар? -Жыл мезгілдерінің денсаулыққа қандай әсері бар? -Күздің түсін қалай атар едің? (тілдік қарым-қатынас, сөйлеуді дамыту) Ата-аналармен балалардың көңіл-күйлері туралы сұрау	Көңілді нейро-сәлемдесу. Әңгімелесу. Балалардан қандай көңіл- күймен келгенін сұрау. Балабақшаға келе жатқанда табиғаттан қандай өзгерсітер байқаны туралы жеке жеке сұрау (Тілдік қарым-қатынас, сөйлеуді дамыту) Ата-анаға кеңес: Ерте ұйқыға жатқызу және ертегі оқып беру	Құрылысшы ойыны: «Балабақша бөлмелері» Міндеті: өз бетінше ойлап құрастыруға және ұжыммен бірлесе отырып жұмыс жасауға баулу. Шарты: Балалар конструктормен бірлесе отырып, жиһаздар құрастырады. Ата-аналардан күзгі көрмеге қатысуда белсенділік танытуларын сұрау	Әңгімелесу: «Демалыс күніңді қалай өткізгің келеді?» Міндеті: балаларды әңгімеге тарту арқылы байланыстыра сөйлеу дағдысын жетілдіру, өз ойын жеткізе білуге баулу. (тілдік қарым-қатынас, сөйлеуді дамыту) **Ата-аналарға** демалыс күнді балаларыңызбен жоспарлауды ұсыну
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары,бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары)	Пазлдар құрастыру. Сурет салу.	«Дұрыс жолды тап» нейро жаттығулар	Саусақ ойындары №1, №2	Кітап сөресінен қалаған кітаптарын қарау, достарымен талқылау	«Сөйлемді аяқта» Менің досым.....(сыпайы, қайырымды, ақылды, аққөңіл) Сөздік қорын дамыту, шағын әңгіме құрастыруға үйрету.
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу №2				
Таңғы ас	Бата жаттау				

	Дастарханыңа береке берсін, Бастарыңа мереке берсін, Астарыңа адалдық берсін, Бастарыңа амандық берсін, Дендеріңе саулық берсін, Әумин!				
Ұйымдастырыл іс - әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері: балалар сүйкімді қонжық арқылы қасындағы балаға жақсы тілек тілейді	Терезеден табиғатты бақылау, күнделікті ауа райына байланысты табиғат бұрышында суреттерді ауыстыру.	«Алтын күз» дегінді қалай түсінетіні, неге жапырақтар түсін өзгертеді, неге олар түседі тақырыбында әңгімелесу.	Балалармен мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)	«Менің сүйікті кітабым», «Менің сүйікті кейіпкерім» тақырыбында әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту).
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырыл-ғаніс-әрекет	1.Сөйлеуді дамыту Күз бояуы Міндеттері: Балалардың күз белгілері жайлы білімдерін кеңейту, күз мезгілінің ерекшеліктері жайлы әңгімелесу. Өлең тыңдау арқылы, әңгіме құрап айту арқылы баланың сөйлеу тілін дамыту. Күздің жомарт, мырза екенін айтып, мейірбандыққа тәрбиелеу. ҰІӘ барысы: Балаларды шаттық шеңберіне	1.Көркем әдебиет «Сыйлы отбасы» Міндеттері: Үлкенге құрмет, кішіге ізет. Ересектермен және құрдастарымен өзара әрекетте мәдени мінез-құлық дағдыларын меңгерту. Отбасындағы сыйластық негіздері жайында түсіндіру. Рөлдерге еніп қарым қатынастарды сахналау. ҰІӘ барысы: балаларды рөлдерге бөліп сахналауды ұйымдастыру 2.Қоршаған ортамен таныстыру Міндеттері: заттар, олардың белгілері менерекшеліктері	1.Сөйлеуді дамыту Отбасының күзгі еңбегі Тақырып бойынша ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту. Міндеттері: Отбасының күзгі бақшадағы еңбектері жайлы әңгімелесу. Отбасының еңбегі туралы шығармашылық әңгіме құрауға үйрету. Балалардың сөйлеу және ойлау қабілетін дамыту; балаларды еңбек етуге тәрбиелеу. –Қазір жылдың қай мезгілі? –Күз мезгілі екенін қайдан білеміз?	1.Көркем әдебиет. «Қазақ ертегілері» Мақсаты:Балаларға қазақ халық ертегілерін оқып беру. Мультфилімін көру. (ер төстік, алпамыс батыр, жыл басына таласқан хайуанаттар, алдар көсе, қаңбақ шал және т.б) Жақсы балалар орнымызға жайғасып отырайық. Тәрбиеші балаларды ертегі әлеміне шақырады. Бірақ қандай ертегі әлеміне келгендерін айтпайды. Жұмбақ ретінде тәрбиеші слайд суреттерді көрсетеді. Осы суреттер арқылы балалар қай ертегі әлеміне келгендерін	1.Қазақ тілі Менің үйім. Міндеттері:Үй туралы түсінік бере отырып, жаңа сөздерді үйрету. «Мынау не?» сұрағына жауап беруді жетілдіру. Жаңа сөздерді, 2-3 сөзден тұратын сөйлемді құрастырып айтуды үйрету. Сөзді дыбыстау мәдениетін қалыптастыру. ҰІӘ барысы: Әдемі үйдің макетін көрсетіп, онда кімдер

	тұрғызып, өлең шумағын балалармен бірге айтады. Қарашы күз келді, күз келді. Сары алтын жауыпты, іздерді. Күз біткен керуен түзеді, Көңілсіз неткен күз еді. Балалар орындарына отырады. Күз мезгілі туралы сұрақтар қойылады. «Күз бояуы» өлеңімен таныстыру. Өлеңді тәрбиеші бірінші мәнерлеп оқып береді. Балалар қайталайды. «Жіктеп көр»ойыны Өлеңдегі «Тоғайды да көрдім мен» деген жолдағы «көрдім» сөзін жіктейік. Мен көрдім.Сен көрдің. (Сіз көрдіңіз)Біз көрдік. Сендер көрдіңдер.	туралы ұғымдарын қалыптастыру. Міндеттері:Заттардың адам өміріндегі маңызын түсіндіру арқылы оларды топтастыра білудағдыларынарттыр у.Сурет бойынша және сұрақ-жауап әдісі арқылыбайланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру. Тұрмыстық бұйымдарды қолдану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру. Балаларды шеңбер бойына тұрғызып, оларға «Төртіншісі артық» ойынын ойнайтындықтарын хабарлайды. Ойын шарты: педагог төрт заттың атын айтып тұрып, допты балалардың біреуіне лақтырады. Бала айтылған төрт заттың біреуі артық екенін айтуы тиіс. Мысалы: үстел, орындық, кереует, шәйнек. Шәйнек артық. Шәйнек – ыдыс, үстел, орындық, кереует –	–Қандай көгөніс түрлерін білесіңдер? –Күз мезгілі несімен ұнайды? –Күз мезгілінде адамдар, жан-жануарлар қысқа дайындалады. Тиіндар жаңғақтарын жинаса, кірпілер індеріне саңырауқұлақтар тасып алады. –Ал адамдар күзде қалай еңбек етеді? 2. Негізгі кезен Педагог адамдардың күзгі еңбегін қысқаша айтып өтеді, мысалы, егін жинайды, баубақшалардағы жұмыс түрлеріне тоқталады т.б. Демонстрациялық материал Педагог күз мезгілінің суретіне қарап, әңгіме құрайды: «Күз мезгілі, бақшаның іші сары алтындай жарқырап тұр. Ағаштардан түскен жапырақтар жерде саудырап жатыр». –Жапырақтардың түстері қандай? –Бақшада кімдер жүр?	анықтап айтып береді. Слайдтағы суреттер олар: «Алдар көсе» ертегісінің суретіері. Ертегі көрінісін тамашалау: -Балалар сендер мына сурет қарап айтындаршы бұл қай ертегі? -Алдар көсе. Ал енді оның үстіндегі киімін сипаттайықшы. Ол үстіне не киген? Дұрыс айтасындар. Ал енді маған мынадай сұрақтарға жауап беріңдерші. Ол әрдайым кімдерге көмектеседі, ол кімдерді алдайды? Жарайсындар балалар, сендер жақсы біледі екенсіндер. -Үстінде шапан, басында бөрік. -Ол бай адамдарды алдайды. Кедейлерге көмек көрсетеді Балалар бізде жылдың қай мезгілі? -Иә, балалар күн болса суық Алдар көсеміз тонып қалмау үшін біз қазыр оның шапанындағы тесік, жыртықтарды жамап берейік. Ол үшін біз мына дайын суреттерді	тұратынын білуге шақырады. Әркімнің қандай үйде тұратынын біледі. Сәлемдеседі. Орындарынан тұрып: Алақай!Алақай! Қуанады балақай! Біздің үй – үлкен үй. Біздің терезе, анау тұрған кебеже Біздің кілем, әдемі ғой білем. Мынау — теледидар Мынау – үстел, Мынау – орындық Келіп оған отырдық — деп айтады. Балалар отбасы тақырыбы бойынша сөздерді айтады. 2-3 бала өз үйлері туралы айтады. Ұйымдастырушылық – іздеушілік Үйдің макетін көрсете отырып, жаңа сөздерді меңгертеді.

	(Сіздер көрдіңіздер) Ол көрді. Олар көрді. Сергіту сәті: Бойды сергек тік ұста, Емін-еркін тыныста. Деміңді ішке тез алда, Оң қолыңды соз алға. Қол ұшына қара да, Үшбұрыш сыз ауада. Сол қол босқа тұрмасын, Шеңбер жасап тынбасын. Дидактикалық ойын: «Кімде не бар?» Ойын шарты: Бір бала қолына жасырған затты сипаттайды. Сипатталған затты қалған балалар табу керек. Дәптермен жұмыс: Дәптердегі тапсырма бойынша орындалады. 2.Сауат ашу негіздері:	жиһаз. – Шырша, қайың, емен, құлпынай. Құлпынай артық. Құлпынай – жидек. Шырша, қайың, емен – ағаштар. – Қияр, сәбіз, орамжапырақ, алма. Алма артық. Алма – жеміс. Қияр, сәбіз, орамжапырақ – көгөністер. – Доп, қуыршақ, зырылдауық, орындық. Орындық артық. Орындық – жиһаз. Доп, қуыршақ, зырылдауық – ойыншықтар. – Торғай, ара, бүркіт, қарлығаш. Ара артық. Ара – жәндік. Торғай, бүркіт, қарлығаш – құстар. 2.Негізгі кезең – Балалар, айналаға қараңдаршы, бізді нелер қоршап тұр? (Әртүрлі заттар). Бізді қоршаған заттар бір ғана материалдан жасалған жоқ. Қолданылуына байланысты оларды әртүрлі материалдан жасайды, олар жұмсақ, қатты, ауыр, жеңіл,	–Бақшадағы балаларға ат қойыңдаршы? –Бақшада балалар не істеп жүр? –Әкесі мен анасы не жинап жүр? Балалар суретке қарап, әңгіме құрайды. Педагог «азық» сөзінің мағынасын түсіндіреді. Азық – тамақ, қысқы қорек. Педагог көгөністердің аттарын орыс тілінде аудармасын айтып түсіндіріп өтеді. –Балалар сурет бойынша құраған әңгімелерің ұнады ма? –Иә, сендердің әңгімелеріңнен суреттегі отбасының еңбекқор екенін байқадық. Әңгімеге көп рақмет. Сергіту сәті: Шөп үстімен жүреміз, сырт-сырт. Тас үстімен жүреміз, тырс-тырс. Шалшық сумен жүреміз, шолп-шолп, Жолдарменен жүреміз , топ-топ.	қолдана отырып, оларға жамауларды жамаймыз. Жамау тәсіліне біз қолмен жырту әдісін қолданамыз. Ал енді еңбеке кірісейік. Ең алдымен біз қауіпсіздік тәсілдерін ескерту керекпіз. Қайшымен ойнамаймыз, қолымызды кесіп алмай, абайлап қолданамыз. Желімді жамауларға жағып оларды дұрыс орналастырып жапсырамыз, мындада тазалық әдісін сақтаймыз. Қорытынды: шапалақ әдісі 2.Қазақ тілі « Балабақша» Міндеттері: Өткен жылғы сөздерді еске түсірту, жаңа сөздерді үйрету; қазақ тіліне тән дыбыстарды (і, ө) дұрыс айтуға жаттықтыру; тіл үйренуге деген қызығушылықтарын ояту. ҰІӘ барысы: Шаттық шеңберіне дөңгелене тұру. Қуанамын мен де, Қуанасын сен де.	Келесі сұрақтарға жауап беруді қалыптастырады: -Балалар, мынау не? -Үй қандай? Сергіту сәті. Тамшы туралы немесе күз туралы өлеңді қимыл-қозғалыс арқылы айтуларын өтінеді. Тілдік жаттығу: Үй-үй — үлкен үй Ға-ға – биік қабырға Зе-зе – таза терезе Ік-ік-үлкен есік. «Үйде кім бар (жоқ)?» дидактикалық ойыны. Шарты: тірек суреттер арқылы 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрастыру керек.Мысалы: Үйде атам жоқ. Үйде әкем бар. Балалар әдемі үйді тамашалап, жаңа сөздерді еске сақтайды. Мысалы: Мынау

	2.Жердің сәні – егін, Ердің сәні – білім. 3.Не ексең соны орарсың. 4.Қырман басы – береке, Көп жүрген жер – мереке. Балалар, мақал-мәтелдерде егін жайлы, күз мезгілінің берекесі жайында айтылған. Егін бітік болса, елімізде береке, тоқшылық болады. «Күз мезгілі жомарт» деп бекер айтылмаған. Дидактикалық ойын: «Қай ағаштың жапырағы?» Ойын шарты: Әр жапырақтарды өзі өсетін ағаштарына апарып ілу. Дәптермен жұмыс: Дәптердегі тапсырма бойынша орындалады. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Дауыссыз дыбыстар Міндеттері: 1. Суреттен дауыссыз дыбыстардан басталатын суреттерді таба білу қабілеттерін дамыту. 2. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды бір-бірінен ажырата білуге дағдыландыру. 3. Жазу барысында денені дұрыс ұстап, әдемі жазуға дағдыландыру арқылы эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу Ұйымдастыру іс әрекеті	– Сары түс жанғанда қозғалысты бастай беруге бола ма? – Қызыл түс нені білдіреді? – Жаз мезгіліндегі, қыс мезгіліндегі жолдардың айырмашылығы неде? –Жазда жол құрғақ болады, қыста қар жауғандықтан тайғақ болуы мүмкін. – Қай мезгілде мәшине тез тоқтап үлгіреді, қыста ма, жазда ма? Неге? –Жазда. Өйткені қыста жол тайғақ болады. – Жаяу жүргіншілер жолы қалай аталады? – Жаяужол. Сөздік жұмыс: жаяужол. «Жолдан өту» ойыны. Шарты: балалар «жолақ жолдан» өтеді. Педагог «Солға қараймыз!», «Оңға қараймыз!» – деп бұйырады. Содан соң «Солға қараймыз. Жолдың ортасына дейін жетеміз. Оңға қараймыз. Өтеміз», – деп әрбір іс-әрекетті сөзбен жеткізіп отырады. Балалар педагогтің көмегінсіз тағы да «жолдан» өтеді. Топтық жұмыс. «Жол белгілерін табу» ойыны.	айтқанда тіл қайда жиырылады? 9) Жіңішке дауысты дыбыстарға қандай дыбыстар жатады? 10) Жіңішке дауысты дыбыстарды айтқанда тіл қайда созылады? «Сөзге сөз қос» дидактикалық ойыны –Балалар, мен сендерге сөз айтып, сурет көрсетемін, сендер сол сөзге дауысты дыбыстан басталатын сөз қосуларың керек. Мысалы: қызыл ... (алма), ыстық ... (от), әдемі ... (әтеш), темір ... (ыдыс), қабаған ... (ит), жаңа ... (өшіргіш), тәтті ... (алмұрт), жылы ... (етік), гүрілдеген ... (экскаватор), дәмді... (ірімшік) т.б. – Балалар, бүгін мен сендерге жаңылтпаштар туралы айтып беремін. Жаңылтпашты жаңылмай айта білген бала шешен де, ұтымды сөйлеуді меңгереді. Логикалық ойлау қабілеттері жетіледі. Сонымен қатар		қошақан, құлын, таяқ, салақ, ақ, жақ,46 тақ, бақа, сақал, мақал, Ақиық, ақылды, ақылшы, ақын, ақылды, аққу, аққала, алжапқыш, қыс, қайшы, пышақ т.б. Дәптермен жұмыс 1. Суреттерге қара. [А] дыбысынан басталатын екі жемістің суретін тап, ата. Суреттерді қос. [А] дыбысынан басталатын екі жануардың суретін тап, ата. Суреттерді қос. [А] дыбысынан басталатын екі өсімдікті тап, ата. Суреттерді қос. Мысалы, аскөк, ақжелкен. 2. Тыңда. Жұмбақтың жауабы болған сөздің дыбыстық белгісін сыз. Педагог балалармен бірге тапсырмаларды талқылайды. Жеке жұмыс жүргізеді. Педагог қорытынды жасап, балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. – Бүгін оқу қызметінде аса қызық болған тапсырманы айта аласың ба?Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар. Музыка

	Шаттық шеңберіне тұрғызады. Өлең шумағын айтады. Орнымыздан тұрайық, Шапалақтап алайық. Бір отырып, бір тұрып, Атымызды айтайық. Педагог балаларға өз есімдерін өлшеп көрулерін сұрайды. Кімнің есімі ұзақ болса, олар қолдарын шапалақтасын, ал кімнің есімі қысқа болса, олар айналсын. Негізгі бөлім Өткен тақырыптарды қайталау. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы қайталау. 1) Дыбыс деген не? 2) Қандай дыбыстарды дауысты дыбыстар дейміз? 3) Дауысты дыбыстарды қалай белгілейміз? 4) Жуан дауысты дыбыстар қалай жасалады? 5) Жіңішке дауысты дыбыстар қалай жасалады? Артикуляциялық жаттығу жасау. «Күрекше» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек. «Ине» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек. «Төбешік» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге	Санамақ бойынша балалар екі топқа бөлінеді. – Мен сендерге жол ережелерінің белгілерін дайындап қойып едім. Бірақ олар басқа суреттермен араласып кетті. Әр топ жол белгілерін дұрыс тауып алу керек. Қай топ тез табады, сол жеңіске шығады. Жағдаятты шешу: «Қайсар бүгін үйден шығып, футбол ойнағысы келді, бірақ аулада ешкім болмады, Қайсар допты лақтырып жіберді, ол жолға қарай домалап кетті. Өткен-кеткендер Қайсарға ұрыса бастады, бірақ Қайсар таңғалды, өйткені ол үлкендердің неге ұрысқанын түсінбеді». Балалар педагогпен бірге жол жағдайын талдайды, қауіпсіздік ережелерін еске түсіреді. Қайсар содан кейін көшені кесіп өткісі келді, бірақ мәшинелардың тежегіштері шиқылдап, жүргізушілер Қайсарға	жаңылтпаш айта білген баланың тіл байлығы дамып, күрделі сөздерді қиналмай айта білуге дағдыланады. Ал жаңылтпаш табиғат, жан-жануарлар, құстар мен жәндіктер туралы әртүрлі тақырыптарда болады. Педагог: Торғай сүйер тоғайды, Тоғай күтер торғайды. Торғайсыз тоғай болмайды, Тоғайды торғай қорғайды. – Бұл жаңылтпашта қай дыбыс қайталанып тұр? ([т], [о]). – Дұрыс айтасыңдар [т], [о] дыбысы жиі естіліп тұр екен. – [Т] дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? Дыбыстап айтып көрейік. Жасалу жолын еске түсірейік, дыбыстың дауысты, дауыссыз екенін анықтайық. [Т] дыбысының дұрыс айтылу артикуляциясы мынадай: ерін сәл		Балаларға музыкалық аспаптар туралы мағлұмат беріп,үніне қарай ажырата білуге тәрбиелеу (қобыз, ксилофон, сыбызғы, асатаяқ) аспаптарын ажырату. Әр аспап туралы мәлімет беру. Аспаптар туралы аңыз-әңгімелермен таныстыру. Аспапта ойнау: «Сылдырмақтар» *(укр.х.әуені, өңдеген Д.Львов)* *(ксилофон,асатаяқ)* Ән салу: «Біздің оркестр» А.Асылбек, Т.Қоныратбай **«Көңілді музыканттар»** **Ойын шарты:** Аспаптардың үнін әндете отырып,ұстау,ойнау ерекшелігін көрсету керек. Домбыраны қолға алып, Ән айтамыз толғанып, Дан-диги-дан,,,,,, Қобыз аспап киелі, Оны бәрі сүйеді, Пара-ри,пара-р,,,,,, Сыбызғыны үрлейміз, Жалқаулықты білмейміз, Трам-та-та, трам-та-та,,,,,

	тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. «Түтікше» – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу. «Мұқият бол» дидактикалық жаттығуы «Дауысты дыбыстан басталатын сөз қос» дидактикалық ойыны – Мен сендерге суретті көрсетіп, сол суреттегі заттың атын айтамын. Сендер сол сөзге мағынасына сәйкестендіріп, дауысты дыбыстан басталатын сөзді айтып жалғастырасыңдар. Мысалы: үлкен (алма), тәтті (алмұрт), дәмді (айран), домалақ (өрік), сопақ (асқабақ), қоңыр (етік), жасыл (айва), сары (апельсин), қалың (орман), мамық (орамал), ақылды (әже), үлкен (ата), жүйрік (ат), дидактикалық ойыны – Балалар, мен сендерге допты лақтырып, бірінші дыбысты айқынырақ айтып, сөздер айтамын, ал сендер сол айқынырақ айтқан дыбысты дәл мен сияқты бәрімізге естілетіндей	айғайлай бастады. Олар неге айғайлады? – Қайсар түсінбеді. Кәне, Қайсарға түсіндірейік. Балалар көшеден қалай дұрыс өту керектігін түсіндіреді. «Ұшқырлар мен тапқырлар» ойыны. – Біздің топта кім ең ұшқыр ойлы және тез тапқыр екенін білгім келеді. Мен сендерге сұрақтар қоямын, кім дұрыс жауап айтса, қолын көтереді. Хормен берілген жауап қабылданбайды. Кім дұрыс жауап берсе, жұлдызша алады. Ойын соңында жұлдызшаларды санап, жеңімпазды анықтаймыз. Кімде жұлдызша көп болса, сол – жеңімпаз. – Автокөліктің қанша дөңгелегі бар? (Төрт). – Жаяужолда кім жүреді? (Жаяу жүргінші). – Көлікті кім басқарады? (Жүргізуші). – Екі жолдың қиылысы қалай аталады? (Жол қиылысы).	ашылып, жіңішкерген тіл ұшы жоғары көтеріледі де, үстіңгі тістің түбіне тиеді, тілдің алдыңғы екі шеті үстіңгі тістерге қатты жабысады. Дем тіл ұшы мен тістің арасыннан шығады да, [Т] дыбысы жасалады. – [Т] дыбысы – дауыссыз дыбыс, сондықтан да қысқа айтылады – [О] дыбысы дауысты ма, дауыссыз ба? Дыбыстап айтып көрейік. Жасалу жолын еске түсірейік, дыбыстың дауысты, дауыссыз екенін анықтайық. [О] дыбысының дұрыс артикуляциясы мынандай: [О] дыбысын айтқанда ерін дөңгеленіп, тілдің ұшы астыңғы тістен алыстап, арт жағы көтеріледі. – [О] – дауысты жуан дыбыс. «Жуан дауысты дыбысты тап» дидактикалық жаттығуы		

	етіп қайталап, допты кері лақтырасыңдар. Мысалы: тттиін(т), қққасқыр(қ), бббаққа(б), вввагон(в), ғғарыш(ғ), дддоп(д), жжжалбыз(ж), зззәкір(з), ккккітап(к), лллақ(л(, мммақта(м), нннан(н), сссағыз(с), пппарта(п), рррадио(р), hhhah((h), фффабрика(ф), чччупа-чччупс(ч), ццциркуль(ц), шшшахмат(ш), щщщетка(щ), хххат(х), ууулдырық(у) т.б. – Балалар осы дыбыстарды айтқанда не байқадыңдар? Дыбыстарды айту оңай болды ма? – Ауыздан шығатын ауаға кедергілер жасалады екен. – Ал ол кедергілер нелер? (Ерін, тіл, тіс т.б.) – Айтылу кезінде ауаның еркін шықпай, кедергіге ұшырап шығуынан жасалған дыбыстарды дауыссыз дыбыстар дейміз. Олар сөйлеу мүшелерінің (ерін, тіл, тіс, т.б.) бір40 бірімен жанасуы немесе толық қабысуы арқылы пайда болады. Дауыссыз дыбыстардың жасалатын орны – ауыз және көмей қуыстары. Кәне, барлықтарың айнаны алып қараңдар да, менің	– Жолдың жүріс бөлігі қай жақтан басталады? (Оң жақтан). – Жаяу жүргінші немесе жүргізуші жол ережесін бұзса не болуы мүмкін? (Апат немесе жол-көлік оқиғасы). – Бағдаршамның үстіңгі шамы қандай? (Қызыл). – Жаяу жүргіншілер өткеліндегі жолақтар қандай жануарды еске түсіреді? (Зебра/алаша атты еске түсіреді).38 – Жаяу жүргінші жер асты өткеліне қалай түсе алады? (Баспалдақпен). – Егер жаяужол болмаса, жаяу жүргінші қалай қозғалады? (Сол жақтан, қозғалысқа қарсы). – Қандай мәшинелер арнайы дыбыстық және жарық сигналдарымен жабдықталған? («Жедел жәрдем», өрт сөндіру және полиция мәшинелері). – Қауіп төнбеу үшін, қай жерде ойнау керек? (Аулада, балалар алаңында). Дұрыс жауаптарға жұлдызшалар беріліп, педагог ойынды қорытындылайды.	– Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: «Сусыз – өмір бос» Мақсаты: табиғатты бақылау күнтізбесін жүргізе алады. Күтілетін нәтиже: суға бақылау жүргізіп оның пайдасын атады Ресурстар: АҚТ технол,үнтаспа Әдіс – тәсілдер: 4К моделі, бала үні, саралау,бақылау. Ұйымдастыру кезеңі: Балалар мына дыбыстарды тыңдап ,ненің дыбысы екенін ажыратыңдаршы. Балаларға түрлі дыбыстарды, соның ішінде судың дыбысын тыңдату.		

	артымнан қайталаңдар: «Қ», «Т», «М». Осы дыбыстарды әндетіп айтып көрейік. Айтылады ма екен әндетіп? Неге? Өйткені бұлар дауыссыз дыбыстар, дауыссыз дыбыстар созып, әндетіп айтылуға келмейді, олар қысқа да нақты айтылады. Дауыссыз дыбыстар тек салдыр немесе салдыр мен үн қатысуы арқылы жасалады. Дауыссыз дыбыстарды көк түспен белгілейміз. «Тиісті түсті көрсет» дидактикалық ойыны Педагог а, б, у, о, и,с, п, р, л, д, ф, ж дыбыстарын айтады. Балалар тиісті түсті көтереді, егер дыбыс дауысты болса – қызыл, (көрсету). Қарындаш ортанғы саусақтың сол жағында болады. Басбармақ қарындашты сол жағынан, сұқ саусақ үстінен сүйемелдейді. Қарындаштың жоғарғы ұшы иыққа бағытталады (көрсетеді). Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады. 3. Рефлексия Педагог ҰІӘ-ті қорытындылайды.	Музыка Балаларға музыкалық аспаптар туралы мағлұмат беріп,үніне қарай ажырата білуге тәрбиелеу(қобыз,ксилофон,сыбызғы,асатаяқ)аспаптарын ажырату.Әр аспап туралы мәлімет беру.Аспаптар туралы аңыз-әңгімелермен таныстыру. Аспапта ойнау: «Сылдырмақтар» *(укр.х.әуені, өңдеген Д. Львов)* *(ксилофон,асатаяқ)* Ән салу: «Біздің оркестр» А.Асылбек, Т.Қоныратбай **«Көңілді музыканттар» Ойын шарты:** Аспаптардың үнін әндете отырып, ұстау, ойнау ерекшелігін көрсету керек. Домбыраны қолға алып, Ән айтамыз толғанып, Дан-диги-дан,,,,,, Қобыз аспап киелі, Оны бәрі сүйеді, Пара-ри,пара-р,,,,,, Сыбызғыны үрлейміз, Жалқаулықты білмейміз, Трам-та-та, трам-та-та,,,,,	Балалардың жауаптарын тыңдау. Киімдерінің түстері арқылы 4 топқа бөліну. Нұсқау беру: -балалар судың бізге қандай пайдасы бар? Ашық сұрақ қою: -алдарыңдағы стакандағы суға тәжірибе жасаймыз,жұптаса отырып .және тәжірибе жасап болған соң су қандай өзгеріске ұшырады ,сол туралы әңгімелесеміз. (тәжірибеге керекті заттар, түрлі ыдыстар, тұз ,қант, бояу. Қасық т.б) Жаппай бақылап ,диалог арқылы саралау. П.ж.ж ойын: «Судың пайдасы» Судың пішіні бола ма екен? Судың түсі, дәмі бола ма екен? Судың өсімдіктерге тигізетін пайдасын әңгімелеу. Жаппай бақылап ,нәтиже арқылы саралау. Кері байланыс беру: мақтау,мадақтау.		

	Балаларды мақтап, оларға жетістікке жету үшін еңбектену керектігін айтады. – Бүгін қандай іс-әрекет қызықты болды? – Егер сендерге бүгінгі тапсырмаларды орындау жеңіл және қызық болса, көңілді смайлды, ал егер тапсырмаларды орындауда қиналсаңдар және қызықсыз болса, көңілсіз смайлды бояңдар Математика негіздері Тақырыбы: «Оң,сол» Мақсаты: Белгілі бір бағытта келе жатып, белгі бойынша бағытын өзгерте біледі. Қағаз бетінде бағдарлай алады. ойын: Шаттық шеңбері : саусақ жаттығуларын жасату. Пішіндер арқылы топтарға бөлу.Нұсқау беру:Балалар ,алдарыңдағы қағазда бағыт –бағдар көрсететін срелкалар сызылған.Сол стрелкалардың бағытымен жүріп отырыңдар. -Стрелка біткен жерде сендерге арналған бір тапсырма бар. Жаппай бақылау .Диалог арқылы саралау. -сурет арқылы қай заттың қай жерде орналасқаны туралы топтасып әңгімелесіңдер.		Жапсыру Тақырыбы: «Күзгі жапырақтар» Жырту тәсілімен жапсыруды орындайды, қайшы, желімді дұрыс қолдана біледі. Ұйымдастыру кезеңі: ойын:«Сиқырлы жапырақтар» Шарты:Жапырақтың түрлерін, түсін балалар бір біріне айтып береді,көрмеден түрлі түсті жапырақтардан жасалынған заттарды көреді. «Алуан түрлі жапырақ» Шарты:Елестету бойынша бөліктерден жапырақтың пішінін жырту тәсілі арқылы жапсырады.		

	-бір-бірлеріңе кезектесіп, қағаз бетіне пішіндер сызуды ұсыныңдар .Қай жерге қандай пішін сызатындарыңды нақты айтып отырыңдар. Жаппай бақылау. Қарқын жылдамдық,уақыт арқылы саралау. Кері байланыс беру: сұрақ жауап арқылы.				
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту. Шкафтарынан киімдерін ретімен алып, дұрыс киіну және достарына киінуіне көмектесу дағдыларын қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ мотериканы дамыту)				
Серуен	№10 Ағаштарды бақылау Мақсаты:Күз мезгілі туралы жалпы білімдері қалыптасады. Қ/О:«Өз жұбыңды изде!» Мақсаты: Қимыл ептілігі дамиды, есте сақтау қабілеті артады. Еңбек:Алаңда тазалық жұмыстарын жүргізу Мақсаты: еңбексүйгіштікке, үлкендерге көмекке келуге баулу. (тілдік қарым-қатынас,танымдық зерттеу әрекеттері)	№6 Аула тазалаушының еңбегін бақылау Мақсаты: Аула тазалаушының еңбегі туралы білімдерін молайту, және оған қажетті құралдармен танысу. Қимылды ойын: «Қармақ» Мақсаты: ойын арқылы ептіліктері, жылдамдықтары дамиды. Еңбек: Аула тазалаушыға көмектесу Мақсаты: үлкендердің еңбегін құрметтей алады. (тілдік қарым-қатынас,танымдық зерттеу әрекеттері)	№ 7 Бұлтты бақылау Мақсаты: Балалармен бірге бұлттарды бақылаймыз. Бұлт өлі табиғатқа жатады. Бұл аспанда ұшып, көшіп жүреді. Бұлттар әртүрлі пішінді болады. Бұлттар аспанның ішінде жүзіп бара жатқан қайықтарға ұқсайды. Бұлттан қар жауады, жаңбыр жауады. Қимылды ойын: «Кең қадам» Мақсаты: Сызықты баспай, балаларды белгілеген жерге секірту. Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң – ойыннан шығасың). Еңбек: Гүлзардағы жерді қопсыту Мақсаты: Үлкендерге қысқа дайындық кезеңінде көмек беруге тәрбиелеу. Әдептілікке, өзінің еңбек құралдарын жинауға үйрету. (дене белсенділігі,қоршаған ортамен таныстыру)	№ 12 Түскен жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Балалардың назарын ағаштардағы жапырақтардың азайғандығына аудару: жапырақтар түсіп, айналып, түстерін өзгертуде. Жапырақтардың маусымдық өзгерістеріне, сұлулығына сүйсіне қарауға тәрбиелеу. Тәжірибе: Құрғақ жапырақтардың үстімен жүру. Қорытынды: Жапырақтар аяқ астында сусылдайды. *Қимылды ойын:* «Тыныш жүгіріп өт» Мақсаты: Жапырақтардың үстімен белгілі бір уақытта ақырын жүріп өту. Ережені сақтай отырып (мәреге дейін жүгіріп, кері қайту).	№8 Арнайы көліктерді бақылау Мақсаты: Арнайы көліктер туралы түсініктері кеңейіп,сөздік қорлары молаяды. Қ/О: «Қарғымақ» Мақсаты:ойын арқылы ептіліктері, жылдамдықтары дамиды. Еңбек: Тәрбиешімен бірге сынған, құлаған құрғақ бұтақтарды жинау Мақсаты:Жұмыс уақытында ұқыпты болуды түсіндіру. (тілдік қарым-қатынас,танымдық зерттеу әрекеттері)

				Ойындарға белсенді қатысуын талап ету. Еңбек: Түскен жапырақтарды жинау Мақсаты: Белгіленген жерге түскен жапырақтарды тырмамен жинап тасуды үйрету. Балаларды бірігіп жұмыс істеуді қадағалау.	
				(қимыл белсенділігі, ойын әрекеті)	
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті .Балалар дұрыс шешініп әр бала өз сөрелеріне киімдерін реттеп ұқыпты жинайды				
Түскі ас	Ас ішуге тұрайық, Қолымызды жуайық, Сабын суды аямай Тазалықты ұғайық. (сөйлеуді дамыту) Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу. Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою) Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Өз орындарында отырып керілу, тыныстау жаттығуларын жасату. Ригалық әдіс бойынша сауықтыру. (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	«Жол белгілері» ойыны Мақсаты: Геометриялық пішіндерді таниды және атайды. Дөңгелек, шаршы, үшбұрыш. Математика негіздері Қауіпсіздік ережелері туралы видеоролик көрсету	«Көлік байланыс құралдары» Мақсаты: Көлік құралдарын атайды. Бақшаға қандай көшемен келетінін айтады. Қоршаған ортамен таныстыру	Қол еңбегі бойынша адавтипті бағдарлама «Оригами әлемі» (5жасқа арналған адаптивтік бағдарлама) Тақырыбы:Көбелек Қарама-қарсы бұрыштарды біріктіру арқылы, шаршыдан үшбұрышты бүктей білу әдісін бекіту.Бүктеу сызығын сипап басуды үйретуді жалғастыру. Алынған	«Жолдағы жағдайлар» ойыны (балалар мен ата-аналар слайдтағы жағдаяттарды қарастырып, жол ережесін бұзу бар ма, жоқ па деп жауап береді).Сөйлеуді дамыту	Ойын: «Фигуралық көлік жүргізу» (Балалар скутерде кегльді құлатпай айналып өтуі керек) Дене шынықтыру «МҮМКІН – МҮМКІН ЕМЕС» ОЙЫНЫ Қол соғуға болады, қол соғуға болмайды. - жол бойында ойнау (аялдама) - қызыл бағдаршамда жолды кесіп өту (кету)

			қарама-қарсы бұрыштарды әртүрлі бағытта бүгуге үйрету. Шығармашылық дизайнға деген қызығушылығын ояту.		- жасыл шамда жолды кесіп өту (шапалақтау) - жолда доп ойнау (тоқырау) - көліктер өтетін жерде велосипедпен жүру (тоқырау) - автобуста отырып сөйлесу және қатты күлу (стоп) - жол ережесін сақтау (қол шапалақтау)
Балалармен жеке жұмыс	Мансур, Бегімай, Аяла, Бекарыс, Аэлин, Шахсанам жеке жұмыс Затты топқа бөлуге, мыс: көп-аз, үлкен-кіші ұғымдарын топтастыра алады. (Танымдық және зияткерлік дағдылары)	Мансур, Бегімай, Аяла, Бекарыс, Аэлин, Шахсанам жеке жұмыс Геометриялық пішіндерді атау. (Танымдық және зияткерлік дағдылары)	Мансур, Бегімай, Аяла, Бекарыс, Аэлин, Шахсанам жеке жұмыс Ересектермен бірге өсімдіктерге күтім жасауға үйретуді жалғастыру. (Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)	Мансур, Бегімай, Аяла, Бекарыс, Аэлин, Шахсанам жеке жұмыс Түстерді таныстыру, алақанға салып тік және дөңгелетіп есу. (Шығармашыл ық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы)	Мансур, Бегімай, Аяла, Бекарыс, Аэлин, Шахсанам жеке жұмыс Таныс ойыншықтарды, жемістерді, көкөністерді 2-3 сөзден тұратын жай сөйлеммен сипаттай алады. (коммуникативтік дағды)
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылық туғызу. Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен Серуеннен оралу	№10	№6	№7	№12	№8
Балалардың үйге қайтуы	**Өнегелі - 15 минут.** Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мобильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру, ата-ананы балабақша жұмысына тарту, бала мен ата-ана қарым-қатынасын арттыру.				
	Ата-аналарға балаларға оқылатын қызықты ертегілер туралы ақыл-кеңестер беру.	Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп отыруды түсіндіру.	Баланың бүгінгі жетістігі, бала денсаулығы мен тамағы жөнінде әңгімелесу.	Ата-анаға кеңес: Үйде баласымен қарандашпен жұмыс жасауларына кеңес беру.	Баланың бүгінгі жетістігі туралы әңгімелесу.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Тәуелсіздік және отаншылдық айы

«Отаным – алтын бесігім!»

Топ: “Дарын» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 21 – 25 қазан 2024 жыл

Күн тәртібі		Апта күндері			
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу	**Өнегелі-15 минут** балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мобильді кітапханада жұмыс, ата-ананың балаға кітап оқуына мүмкіндік жасау, кітапқа деген қызығушылықты арттыру, кітапқа жанашырлық, жауапкершілік таныту. **Күй күмбірі -**балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын арттыру. **Қауіпсіздік ережесі** әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, балалармен бірге жол ережелері туралы мультфильмдер көруге кеңес беру, ұсыну.				
	Әңгімелесу: «Өзім және отбасым» Міндеті: өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, отбасылық мерекелер, басқосулар, тойлар, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу; (тілдік қарым-қатынас, сөйлеуді дамыту) Ата-аналармен: Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Үстел үсті ойындары. «Пазлдар» Міндеті: суретті бөліктерден жинау дағдысын қалыптастыру; көз мөлшерін, қол ұсақ моторикасын дамыту. (танымдық қабілетін дамыту) Кеңес: «Балаларды тазалыққа тәрбиелеу»	Сурет бойынша әңгіме құрастыру, жұмбақ шешу. Еңбек тапсырмасы: Кітап сөрелерін сүрту,жинастыру (танымдық қабілетін дамыту) Ата-аналармен әңгіме «Қатайту - балалардағы суықтың алдын алудың бір түрі».	Нейро жаттығулары арқылы балаларды көңілді қабылдау. (музыка) « Сиқырлы сандар» Ойыны арқылы біркелкі сандарды басып секіру арқылы балаларды көңіл-күйлерін реттеу. (Танымдық іс-әрекеті, дене шынықтыру) Әңгімелесу: «Баланың үйдегі қауіпсіздігі»	
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары,	Үстел үстілік ойындар: пазлдар, мозаика. Қима суреттер жинау.	Балалардың қалауынша ертегі, әңгімелер оқу.	Балалардың қалауынша ертегі, әңгімелер оқу.	Үстел үсті ойын: хоккей, шашкілер	

бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)					
Таңертеңгі жаттығу.	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені №2				
Таңғы ас	Үстел үстінде орындалатын мәдениет ережелері туралы түсінік беру.				
Ұйымдастырыл ған іс-әрекетіне дайындық (ҰІӘ)	Кезекшілер тәрбиешіге оқу құралдарын таратуға көмектеседі.				
	№ 8 картотека «Ертегіні жалғастыр» Міндеті: Ертегі мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру (көркем әдебиет)	Жаңылтпаштар айту Біреуі көрікті кісі, Біреуі бөрікті кісі. Көрікті кісі – зорықты, Бөрікті кісі – қорықты. Тоқпақ жаттап, Айтсақ жақсы-ақ. Жатка тақпақ Жатта тақ-тақ	Дыбыстық жаттығулар №2 Күз туралы Үз – үз – үз, Жаңбырлы Күз. Рақ – рақ – рақ, Саулайды жапырақ. Ел – ел – ел, Соғады жел. Іс – іс – іс, Піседі жеміс. Дай – дай – дай, Жинаймыз бидай.	Д/о №34 «Тез ата» Міндеті: Геометриялық пішінді сипалап анықтау. Ойынның құрал-жабдықтары: картоннан жасалған геометриялық пішіндер. Шарты: Баланың көзін байлайды, қолына пішін беріледі. Бала пішінді сипалап атайды. (математика негіздері)	
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырыл-ған іс-әрекеттер	1.Сауат ашу негіздері: Тақырыбы: «Жомарт күз» Міндеттері: Буын туралы ұғымдарды бекіту, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. Жазу парағында бағдарлай	1.Көркем әдебиет: Тақырыбы: «Күз» өленді жаттау Міндеттері: Өленді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айтуға баулу, сөздердің мағыналарын түсіндіру; өленнің мазмұнын айтқызу арқылы табиғат туралы түсініктерін қалыптастыру, ҰІӘ барысы:	1.Қазақ тілі Тақырыбы: Менің үйім. Міндеттері:Үй туралы түсінік бере отырып, жаңа сөздерді үйрету. «Мынау не?» сұрағына жауап беруді жетілдіру. Жаңа сөздерді, 2-3 сөзден тұратын сөйлемді құрастырып айтуды үйретуді бекіту. Сөзді	1.Көркем әдебиет. Тақырыбы: «Қайрымды қоян» ертегі Міндеттері: Ертегіні балаларға түсіндіре отырып, балаларды қайрымдылыққа, адалдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. ҰІӘ барысы: Қоянның, баланың, ата-анасының және ормандағы аңдардың	

	білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. Көгөністер, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу, Әртүрлі бағыттағы қысқа, ұзын сызықтарды жазу ҰІӘ барысы: Ойын: «Бұл қай кезде болады?» Шарты: балалар жұмбақтардың шешімін табады. Бұлттар төніп, жерге төгіліп, Дымқыл тұман басады. Шөп сарғайып, өңі тайып, Дала нұры қашады. Ойнай алмай, Денең мұздап тоңады. (Күз) Жиса – таяқ, Жазсаң – сая. (қолшатыр) Жапырақты бояды, Атырапты бояды. Бояп - бояп барлығын Сап - сары ғып қояды. (Күз)	Шаттық шеңбері. Күннің көзі ашылып Көкке шуақ шашылсын. Құтты қонақ келіпті, Төрімізге еніпті. Амандасу үлкенге Тәрбиенің басы ғой! Ал, қанекей, бәріміз «Сәлем» дейік үлкенге Ойын-тапсырма: күз суретін ассосация тәсілімен сала отырып, өлеңді жаттайды. Еркін ойын: «Әуенді жапырақтар» Шарты: әуенге еріп балалар шеңберде билейді, әуен тоқтаған мезгілде балалар тез жапырақ жинау керек. 2.Математика негіздері Тақырыбы: Сопақша. Дөңгелек Міндеттері: геометриялық пішін дөңгелек пен сопақшамен таныстыру. Айырмашылықтарын түсіндіру. 10ға дейін тура және кері санау дағдыларын қалыптастыру. ҰІӘ барысы: Ойын: «қанша-сонша»	дыбыстау мәдениетін қалыптастыру. ҰІӘ барысы: Әдемі үйдің макетін көрсетіп, онда кімдер тұратынын білуге шақырады. Әркімнің қандай үйде тұратынын біледі. Сәлемдеседі. Орындарынан тұрып: Алақай!Алақай! Қуанады балақай! Біздің үй – үлкен үй. Біздің терезе, анау тұрған кебеже Біздің кілем, әдемі ғой білем. Мынау — теледидар Мынау – үстел, Мынау – орындық Келіп оған отырдық Балалар отбасы тақырыбы бойынша сөздерді айтады. 2-3 бала өз үйлері туралы айтады. Тілдік жаттығу: Үй-үй — үлкен үй Ға-ға – биік қабырға Зе-зе – таза терезе Ік-ік-үлкен есік. «Үйде кім бар (жоқ)?» дидактикалық ойыны. Шарты: тірек суреттер арқылы 2-3 сөзден тұратын сөйлем	суреттерін көрсету арқылы ертегіні баяндау Сұрақтар: - Әке-шешесі баласына қонаққа кімдерді шақырды? - Бала қонаққа кімдерді шақырады? - Әкесі баласына не үшін ұрысты? - Бала жылап отырғанда көмекке не келді? - Қоян қандай қайрымдылық жасады? - Біз де қоянға ұқсап қайырымды бола аламыз ба? Сергіту сәті: Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалып сыбдырды, Ойлы-қырлы жерлермен Ытқып-ытқып жүгірді. Қарап еді артына Қиығын сап көзінің, Келе жатқан томпаңдап Көжегі екен өзінің. Тәрбиешіні мұқият тыңдап, ертегі жайлы түсінгендерін әңгімелеп беру Жауаптар Өлеңді қайталау Қорытындылау. Дидактикалық ойын, «Досым-менің мақтанышым»	

	Ойын-тапсырма: «Буынға бөл» Шарты:балалар жаңбыр, жапырақ, күз, жүгері, асқабақ т.б. сөздерді буынға бөледі. Ойын: «Сөздегі «Т» дыбыстың орнын тап» Шарты: берілген «Т» дыбысын сөзде басында, ортасында немесе соңында екенін тауып айтады. Дәптермен жұмыс: 2.Математика негіздері. Тақырыбы: Теңдіктер Міндеттері: Теңдік туралы түсінік қалыптастыруға, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтауға, топтарды санауға және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылауға үйрету. 10-ға дейін тура, кері санау. ұсақ қол моторикасын, шығармашылық және есте сақтау қабілетін дамыту.	Міндеті: 10ға дейін кері-тура санау Ойын: «Ұқсасын тап» Шарты: балаларға түрлі пішінде суреттер көрсетіледі , сопақша мен дөңгелекке ұқсасын табады Ойын тапсырма: «Суреттер сөйлесін» Шарты: балаларға дөңгелек, сопақша сызылған парақтар беріледі, балалар әртүрлі суреттер шығарады. Ойын жаттығуы. «Тез айт» Шарты: Тәрбиеші балаларға топтағы дөңгелек-сопақша заттарды көрсетеді. Балалар қайссы екенін тез атау керек. 3.Қоршаған ортамен таныстыру. Тақырыбы: Заттар неден жасалады? Міндеттері: заттар, олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру. Заттардың адам өміріндегі маңызын	құрастыру керек.Мысалы: Үйде атам жоқ. Үйде әкем бар. Балалар әдемі үйді тамашалап, жаңа сөздерді еске сақтайды. Мысалы: Мынау — үй. Үй – үлкен, биік т.б. «Кім жылдам?» ойын Шарты: балалар мұғалім көрсеткен үй бөлшектерін жылдам атау керек. Мадақтау 2.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: дауысты дыбыстар туралы түсініктерін бекіту Міндеттері: Сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету.Дауысты дыбыстардың жасалу жолдарымен таныстыру арқылы фонематикалық естулері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту.Өз бетімен тиянақты жұмыс жасауға тәрбиелеу. Дыбыс түрлерімен танысуды бекіту. Таза дикцияны, қазақ тіліне тән ы-і, ү-ұ	Мақсаты: балалар бір-біріне гүл ұсынып достарының жақсы қасиеттерін атау: - Алинұр, сен менің мейірімді досымсың. – Аяулым сен ақылды қызсың Мақал жаттау: «Досы көпті жау алмайдыАқылы көпті дау алмайды».-Балалар қоянның қайырымды екенін білдік. Сендер де достарыңа көмектесіп, қамқорлық жасай біліңдер. 2.Қазақ тілі « Балабақша» Міндеттері: Өткен жолғы сөздерді еске түсірту, жаңа сөздерді үйрету; қазақ тіліне тән дыбыстарды (і, ө) дұрыс айтуға жаттықтыру; тіл үйренуге деген қызығушылықтарын ояту. ҰІӘ барысы: Шаттық шеңберіне дөңгелене тұру. Қуанамын мен де, Қуанасын сен де. Қуанайық достарым, Жарқыраған күнге! Сәлеметсіңдер ме,балалар!	

	ҰІӘ барысы: Тәрбиеші балаларға жан-жақтарына мән берулерін,бірдей заттардың санын сұрайды. Балалар топтағы ұл мен қыздың санын, перделердің бірдей түстерінің санын атайды. 10-ға дейін тура және кері санайды. ойын: «Топтастырып көр» Шарты: балалар түрлі-түсті қарындаштардан бірдей түстерін жинайды және теңдей етіп бөледі. 3.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Жомарт күз» Міндеттері: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Табиғат құбылыстарын сын есімдермен сипаттаға үйретуды жалғастыру. Сұрақтарға толығымен жауап беруге дағдыландыру	түсіндіру арқылы оларды топтастыра білу дағдыларын арттыру. Сурет бойынша және сұрақ-жауап әдісі арқылы байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру. Тұрмыстық бұйымдарды қолдану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру. ҰІӘ барысы: Балаларды шеңбер бойына тұрғызып, оларға «Төртіншісі артық» ойынын ойнайтындықтарын хабарлайды. Ойын шарты: тәрбиеші төрт заттың атын айтып тұрып, допты балалардың біреуіне лақтырады. Бала айтылған төрт заттың біреуі артық екенін айтуы тиіс. Мысалы: үстел, орындық, кереует, шәйнек. Шәйнек артық. Шәйнек – ыдыс, үстел, орындық, кереует – жиһаз.	дыбыстарының дұрыс айтылуын үйрету. ҰІӘ барысы: Артикуляциялық жаттығу жасау. «Күрекше» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек. «Ине» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек. «Төбешік» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. «Түтікше» – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу. Дидактикалық жаттығуы»Әндетіп көр» – Балалар, өзіміз білетін бір әннің әуенін тек «ә» дыбысын дыбыстау арқылы айтып	Интерактивті тақтада балабақша суреті көрсетіледі. - Балалар қайда келді? Тақтадағы суретке көңіл аударады. - Балалар қайда? - Топта не бар? Жаңа сөздермен таныстыру (жұмыс дәптеріндегі суреттер арқылы) -Мынау не? - Мынау - есік. І-і-ік-ік – міне, есік. - Мынау не? - Мынау – терезе, те-ре-зе. - Мынау – кілем, кі-лем. І-і-кі-кі – кі-лем.Әдемі кілем. Үлкен кілем. - Мынау – төсек. Ө-ө-өс-өс-төс-төс – төсек. Сергіту сәті: Отырамыз! Тұрамыз! Бір, екі, үш, Біз жинаймыз күш! (2-3 рет қайталайды) «Дұрыс қайтала, көрсет» дидактикалық ойыны. Үлестірмелі қима суреттермен жұмыс жүргізіледі.	

	ҰІӘ барысы: Тіл ұстарту жаттығулары: Үз – үз – үз, Жаңбырлы Күз. Рақ – рақ – рақ, Саулайды жапырақ. Ел – ел – ел, Соғады жел. Іс – іс – іс, Піседі жеміс. Дай – дай – дай, Жинаймыз бидай. Тәрбиеші күз мезгілі бейнеленген суреттерді тақтаға іледі. Балалар бақылап отырады. Ойын-тапсырма: «Кім көп сын есім табады?» Шарты: балалар табиғат құбылыстарына сын есімдер табады. Мысалы: жапырақтар-сары, күн-салқын т.б. Табиғатты бейнелеуге ұсыныс жасайды. Балалар өзінің салған суретімен таныстырып, күз мезгілі туралы әңгімелеп береді. 4.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Аңшылар»	– Шырша, қайың, емен, құлпынай. Құлпынай артық. Құлпынай – жидек. Шырша, қайың, емен – ағаштар. – Қияр, сәбіз, орамжапырақ, алма. Алма артық. Алма – жеміс. Қияр, сәбіз, орамжапырақ – көгөністер. Т.б. Тәрбиеші сұрақ арқылы түсіндірме жұмыстарын жүргізеді. – Балалар, айналаға қараңдаршы, бізді нелер қоршап тұр? (Әртүрлі заттар). «Көп ойла, сөз ойла» ойыны. Балаларды екі топқа бөліп, топтағы ағаштан жасалған заттарды атауды және темірден жасалған заттарды атауды ұсынады. 1-топ ағаштан жасалған заттарды атайды. 2-топ темірден жасалған заттарды атайды. Қай топ көп сөз айтса, сол топ жеңімпаз деп танылады. «Қасиетіне қарай топтастыр» ойыны.	көрейік. Әнді алдымен тыңдайды. Нұрын төккен маған Шуағымсың сен! Айналайын мама, Қуанышыңмен! Шаттандырған мені, Жұбанышым сен! Құттықтаймын сені Туған күніңмен! «Тиісті текшені көтер» дидактикалық жаттығуы Педагог балаларға дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады). Балалар дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті фишканы, көтереді. Дәптермен жұмыс. 1.Суреттерді ата. Дауысты дыбыстан басталатын заттарды қызыл үйге орналастыр. 2-тапсырмада балалар ана сөзін бір неше рет қайталайды. Дауысты дыбыстан басталауын анықтайды. Сергіту сәті	«Сақ бол!» дидактикалық ойыны. Жұмыс дәптеріндегі «Біздің балабақшамыз» өлеңін оқып, мазмұнын түсіндіреді. Кейбір сөздерді балаларға бірнеше рет қайталайды. Жұмыс дәптеріндегі кілемді (түскиізді) бояту. - Балалар қайда барады? - Қандай сөздер үйрендіңдер? - Кілем қандай? Қорытынды: Сұрақ-жауап арқылы. 3.Математика негіздері "Үлкен – кіші", "үлкенірек – кішірек", Міндеттері: Заттардың салмағын өлшеміне қарай алдымен қарама-қарсы көрсеткішпен тең және тең еместігін алақанына салып өлшеп анықтауға үйрету ҰІӘ барысы: Амансың ба, көк аспан? Амансың ба, достарым? Сендерді көрсем қуанам. Жұмбақ жасыру Тікен – тікен, тікпісте	

	Міндеттері: Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру. жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» еңбектеу. ҰІӘ барысы: І бөлім: Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру. жүру мен жүгіруді алмастырып, жүру. ІІ бөлім: Жалпы дамытушы жаттығулар: (ЖДЖ) № 4 таяқшалармен Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Негізгі жаттығулар (НЖ): 1.ойын: «Аңшылар олжасын көрді» шарты: заттардың арасымен «жыланша» еңбектеу. 2.ойын-эстафета: «Жалаушаны жалғастыр» Шарты:	Шарты: тәрбиеші бір баланы шақырады. Ол бала теріс қарап үстел үстіндегі карточканы алады. Бала карточканы алып, ондағы ненің суреті екенін айтады. Тапқан заттарын қасиетіне қарай бөлек-бөлек топтастырады. «Адамға күнделікті жұмысын жеңілдететін нәрселерді тап» ойыны. Шарты: әртүрлі суреттерді көрсетіледі. Егер суретте адамның күнделікті өмірде жұмысын жеңілдететін зат көрсетілсе, шапалақтайды, ал егер ол басқа зат болса, шапалақтамай, тыныш отырады. Суреттер: шар, кіржуғыш мәшине, автомобиль, жалауша, миксер, гүл, электр пеші. Сергіту сәті Қабырғада сағат тұр, Уақытты санап тұр. Тық-тық, тық-тық! Анам елеп електі, Бөлді ұннан кебекті, Зып, зып, зып, зып! Дәптермен жұмыс	«Сау болсын» деп деніміз, Шынығамыз бәріміз. Ерте оян, ерте тұр, Алға қадам жасаймыз. Жаттығуды бастаймыз, Денсаулықты шынықтыр. Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс) Үзік сызықтарды бастыр. Саусақ жаттығуы Екі үйрек келеді, Бірін-бірі көреді. Бір-біріне қарайды, Сәлемдесіп алады.Тәрбиеші жазу барысында үстелде қалай отыру керектігін балаларға ескертіп өтеді. Жазуды ауада балаларға жазып көрсетеді, балалар қарындаштарын алып, ауада жазып қайталайды. 3.Музыка Музыка жетекшісінің жоспары бойынша 4.Дене шынықтыру «Арқанның астынан өту»	Қысы – жазы бір түсте (қияр) Көкжиекте шай табақта Алтын алма тербелер. Кейде бүркер алма жүзін, Ұлпа, мақта пернелер. (аспан, бұлт күн) Қалпағы бар, Басы жоқ. Қолы да жоқ, Шашы жоқ.(саңырауқұлақ) Дәптермен жұмыс. Суретте ең көп бейнеленген қандай зат? -Бір бірден салынған заттарды бояп шығыңдар. 1 және 2 затты санауға байланысты тәрбиеші сұрақ қояды. - Сол жақ карточкадан неше тақия , оң жақ бұрышта неше киіз үй? - Тақия көп пе әлде киіз үй көп пе? Осылайша балаларды санауға және бір – бірінен ажырата білуге үйретеміз. Тапсырма:заттарының саны бірдей карточкаларды сызық арқылы қосуды ұсынады. Балалардың	

	шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, заттардан аттап жүреді, «Үнгірден» еңбектеп өтеді, кубиктен айналып кейін қарай қос аяқтап секіріп келеді. Жалаушаны келесі қатысушыға береді. Қ/ойын: №3 Ақ қоян ІІІ бөлім: тыныс алу жаттығулары Маршпен жүру.	1. Әр топтағы заттарды ата. Сыңарын тап. Сызықпен қос. 2. Заттардың ортақ қасиеттерін тап. Оларды жасалған материалдарына қарай топтастыр. Сызып көрсет. 4.Музыка Балаларға шығармаларды тыңдата отырып,түрлі аспапта орындалған лирикалық сипаттағы музыканы, әндердің мазмұнын түсіндіру, көңіл күйді сезіне білуге талпындыру. Ән тыңдау: «Шалғындағы бақбақ» (Қ. Жұмағалиев, Т. Қоңыратбаев) Ән айту: «Көбелек» (К. Қуатбаев Ж. Смақов) Музыкалық қимыл – қозғалыс: «Билейік екеуміз» Сөзі мен әні:Оразбаева Н.М. Ойын: «Жел мен жаңбыр» **Шарты:** Ортаға үрмелі және сілкімелі аспаптар	Міндеттері: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүруді үйрету; түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру ҰІӘ барысы: І бөлім: Шеңбермен жүреді. Қолды жоғары созайық, Шапалақты ұрайық. (қолды жоғары созып шапалақтап жүру) Кәне қолды жазайық, Қарлығашқа ұқсайық Балаларды мадқтау. Балаларға таяқшалар беру, бірінің соңынан бірін жүгіріп, шеңберге тұрғызу. ІІ бөлім: Жалпы даму жаттығулары. № 3 затсыз Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары 1.Эстафеталық жарыс	өз беттерінше жұмыс жасауларын қадағалайды. Сергіту сәті Оңға қарай иілдік, Солға қарай иілдік, Біротырып, бір тұрып, Бәріміз бір сергідік. 4.Дене шынықтыру (таза ауада) «Шынықсаң шымыр боларсың» Міндеті: Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру ҰІӘ барысы: І бөлім: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен «аюға» ұқсап жүру. Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен жүру.қол жанда, өкшемен жүру жұптасып жүреді . Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. ІІ бөлім: Жалпы даму жаттығулары № 3 затсыз Негізгі қимыл-қозғалыс жаттығулары	

		қойылады.Балалар аспаптарды айналып би билеп жүреді.Кенет желдің даусы естілгенде үрмелі аспапты үрлейді. Жаңбырдың дауысы естілгенде сілкімелі аспапты жаңбыр даусымен қосылып сілкілейді. **Күтілетін нәтиже:** Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілік танытады; музыкалық шығармаларға көзқарасын білдіреді, оның сипаты,мазмұны туралы айтады;	Балалар 3 топқа бөлінеді. Берілген кедергілерден өту арқылы жарысу 1-үлкен доптардан аттау; 2-жіппен жүру; 3-скамейканың үстінде қойылған текшелерден аттап өту. Қай топ бірінші аяқтайды сол топ жеңіске жеткені. 2. «Шалшықтан атта» Ойын шарты: Балалар 2 топқа бөлінеді. Тәрбиеші 2 жолға арнайы картоннан дайындалған шалшық сулардың арақашықтығын 6м болатындай етіп қояды. Жаңбырдан сақтану үшін, шалшықтардан секіре жүріп, қолшатырға жетіп, кейін жүгіріп қайту керек. Ойын келесі балаға берумен жалғасады. Қимылды ойын Картотека№6 «Күн мен жаңбыр»	1.Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүру. 2.Доға астынан еңбектеп өту. Қимылды ойын: «Қояндар мен қасқыр» ІІІ бөлім:Тыныс алу жаттығулары: шәйнектік дыбысын салады(ш-ш-ш). Терең тыныс алып, демді шығарады. Бастапқы қалыпқа келеді. Қимыл- қозғалыс жаттығуы Кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүреді. Шеңбер бойы жүреді. Еркін жүреді. Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүгіреді.	

			III бөлім: Тыныс алу жаттығулары. Маршпен жүру		
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	№4 Желді бақылау.	№11 Күнді бақылау.	№1 Ауа-райын бақылау.	№13 Шықты бақылау.	№14 Өткінші жаңбырды бақылау.
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қол жуу ережелерін сақтау.				
Түскі асқа дайындық. Түскі ас	«Таңғы асын тастама» «Нанды бір қолмен үзбе» «Нанды жерге тастама» «Ас –адамның арқауы» «Тамақ ішкенде сөйлеме»				
Ұйқыға дайындық, ұйқы.	Ұйқының адамға пайдалығы туралы түсінік беру. Бесік жырын қосу.				
Ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары	№4	№5	№8	№7	
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып жеп болған соң тұруға дағдыландыру				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары,бейнелеу іс әрекеті,кітаптарды қарау және басқалары)	Балалардың қалаулары бойынша ертегі оқып беру Шашка үйрету	Д/о: №40 «Кіммін?» Міндеті: Есте сақтау қабілеттерін арттыру; Сюжеттік рольдік-ойын: «Жанұя» Міндеті: ата-анасының, жақындарының мамандықтары туралы әңгімелеуді, ересектердің еңбегін құрметтеуді және бағалауды; үй жұмыстарына көмектесуді үйрету	«Супермаркет.» сюжетті-рөлді ойыны Балалармен әңгімелесу - «Супермаркет деген не?». Балалар «Дүкендер» туралы тақырыпта не біледі және оны топта қалай ойнайды, ол үшін не қажет. Дидактикалық ойындар «Сөз айт»; «Бір сөзбен ата».	Қолымда не бар? Міндеті: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке , үлкен-кіші, оң-сол жайлы білімдерін бекіту. Түйсіну сезімдерін дамыту. Шарты: тәрбиеші екі қолына зат жасырады, балалара параққа бейнелейді (бейнелеу іс-әрекеті)	

Балалармен жеке жұмыс	Мансур, Бегімай, Аяла, Бекарыс, Аэлин, Шахсанам Сурет бойынша әңгіме құрастырады. Міндеті: алуан түрлі оқиғаларды құрастыруға және әңгімелеп бере алуға,ертегілер ойлап шығаруға үйрету	Мансур, Бегімай, Аяла, Бекарыс, Аэлин, Шахсанам Суретті бояп толықтыру. Міндеті: Саусақтарын бояу, қарандашты дұрыс ұстауға тәрбиелеу.	Мансур, Бегімай, Аяла, Бекарыс, Аэлин, Шахсанам Д/о№29. «Қайсысы артық?» Міндеті: балалардың зейінін, ойлау қабілеттерін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: суреттер. Ойын барысы: Балаларға үлестірмелі қағаздар беріледі. Әр қағазда бірнеше сурет бар, балалар мұқият қарап артық затты табады да атайды, себебін дәлелдейді	Мансур, Бегімай, Аяла, Бекарыс, Аэлин, Шахсанам Дыбыстық жаттығулар №2 Күз туралы Міндеті:Дыбыстарды дұрыс нақты айтуға дағдыландыру	
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу.				
II Серуен	№4	№11	№14	№13	
Серуеннен оралу	Серуеннен оралу. Киімдерін шкафқа жинауға, ұқыпты қоюға баулу.				
Балалардың үйге қайтуы Ата-аналармен әңгімелесу	**Өнегелі - 15 минут.** Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мобильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру, ата-ананы балабақша жұмысына тарту, бала мен ата-ана қарым-қатынасын арттыру.				
	Балаларға күз туралы берген тақпақтарды қайталатуын сұрау.	Баланы балабақшаға ұқыпты киіндіруді ескерту.	Отбасы туралы суреттер салып, көрмелерге қатысуды сұрау.	Кеңес: «Балаларды тазалыққа тәрбиелеу»	

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Тәуелсіздік және отаншылдық айы

«Отаным – алтын бесігім!»

Топ: “Дарын» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 28 қазан – 1 қараша 2024 жыл

Күн тәртібі	Апта күндері				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ойындар (үстел-үсті, д/ойын т.б.) Ата-аналармен әңгімелесу	**Өнегелі-15 минут** балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мобильді кітапханада жұмыс, ата-ананың балаға кітап оқуына мүмкіндік жасау, кітапқа деген қызығушылықты арттыру, кітапқа жанашырлық, жауапкершілік таныту. **Күй күмбірі -**балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын арттыру. **Қауіпсіздік ережесі** әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, балалармен бірге жол ережелері туралы мультфильмдер көруге кеңес беру, ұсыну.				
	Балалар өз отбасылары туралы әңгімелеп береді. «Менің ата-әжем» Мақсаты: Отбасы мүшелерінің үйдегі қызметтерін үйрету. (сөйлеуді дамыту) Қарым- қатынас іс –әрекеті Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	«Мимикалық жаттығу» Мақсаты: балалардың көңіл күйлерін түрлі эмоциялармен білдіруге үйрету. Көркем әдебиет Қарым- қатынас іс –әрекеті дағдысы Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Дидактикалық ойын: «Сөзді аяқта» Мақсаты: Балаларға сөйлемді бастап, жиһаз атауымен аяқтауға үйрету. Сөйлеуді дамыту Қарым- қатынас іс –әрекеті дағдысы Ата- аналарға балалардың киім үлгісін дұрыс сақтауды ескерту.	«Мимикалық жаттығу» Мақсаты: балалардың көңіл күйлерін түрлі эмоциялармен білдіруге үйрету. Көркем әдебиет Қарым- қатынас іс –әрекеті дағдысы Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу. Қылқаламды дұрыс ұстауға қалыптастыру. Ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. Сурет салу Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекет дағдысы Ата-аналармен әңгіме: Демалыс күндерінде балаларды дамыту үшін танымдық ойындарды ұсыну.
Таңертеңгі жаттығу.	Таңғы жаттығу №2				

Таңғы ас	Этикет (үстел үстінде орындалатын мәдениет ережелері) туралы түсінік беру.				
Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық (ОҰҚ)	ойын Менің балабақшам» сурет топтамасымен жұмыс Шарты:Балабақшаның әдемі жерлерін атай алады.	ойын «Балабақша ережелерін білемін» Шарты:Ереже түрлерімен танысып,сұрақтарға жауап беру біледі.	ойын: «Ойыншықтар» Шарты:Топтағы ойыншықтарды біледі .	ойын «Менің сүйікті ісім» Шарты:Сүйікті ісі туралы айтады.	ойын: «Суреттен не көріп тұрсың?» Шарты: Көрген суреттерді атап беру.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу кестесі	Дене шынықтыру «Кім алысқа секіреді?». Міндеттері: жарыстардың көмегімен балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігі дамиды. Бір орыннан ұзындыққа секірген кезде бастапқы қалыпты сақтау қабілеті нығаяды. ҰІӘ кезеңі: Ойын: «Қатарға тұр» Негізгі кезең: Қолдарына кубик ұстап, аяқтың ұшымен жүру. Өкшемен жүргенде текшелерді жоғары көтереді, қапталға, алға созады, иыққа қояды. Екі сапқа тұру. Негізгі қимылдарды орындайды:	Көркем әдебиет Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет.Міндеттері: Әдеби кейіпкерлерді адамгершілік ережелері мен түсініктері тұрғысынан бағалайды. ҰІӘ барысы: Ойын: «Суреттер сөйлейді» Шарты:Үлкенді сыйлап,кішіге қамқор бола білу- адамгершілік қасиеттерін бағалауды біледі. Ойын: «Алтын бала» Шарты:Әдеби кейіпкерлерінің адамгершілік ережелері мен түсініктері тұрғысынан бағалайды. Ойын: «Сөйлемді жалғастыр» Шарты:Берілген суреттерге қарап отырып сөйлемдерді аяқтайды. Қорытынды:	Сөйлеуді дамыту Шаштараз. Ә.Дүйсенбиев Міндеттері: Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Ұйымдастыру іс әрекеті –Балалар, таза, ұқыпты бала деп қандай баланы айтамыз? –Енді «ұқыпты бала» дегенге мағынасы қарама-қарсы сөз айтыңдаршы? –Сендер өздеріңді қандай балаға жатқызар едіңдер? –Өздерің таза жүресіңдер ме? 2. Негізгі кезен	Дене шынықтыру (таза ауада) Міндеттері: Допты бір-біріне домалату, негізгі қимыл-қозғалыс жаттығуларын жасай алады. ҰІӘ барысы: 1.Амандасу. Кіріспе Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен марш екпінімен жүру. Шеңбер бойымен екі жаққа шұғыл бұрылып жүру. Шеңбер бойымен еркін жүру. 1 сапқа тұру. / сапқа тұрарда себеттен екі лентадан алу/1саптан 4 лекке (колонна) тұру.Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Жалпы даму жаттығулары 1. Аяқтары иық мөлшерінде. Денені тік ұстау. Лента төменде.	Дене шынықтыру Міндеттері: Үлкен допты алысқа лақтырады, кішкене қапшықты төбесіне қойып, тақтай үстімен жүре алады. ҰІӘ барысы: Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Шеңбер бойымен «аюға» ұқсап жүру. Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен жүру.қол жанда, өкшемен жүру жұптасып жүру . Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау Жаппай бақылау. Негізгі бөлім:

	Міндеттері: Сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету.Дауысты дыбыстардың жасалу жолдарымен таныстыру арқылы фонематикалық естулері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту.Өз бетімен тиянақты жұмыс жасауға тәрбиелеу. Дыбыс түрлерімен танысуды бекіту. Таза дикцияны, қазақ тіліне тән ы-і, ү-ұ дыбыстарының дұрыс айтылуын үйрету. ҰІӘ барысы: Артикуляциялық жаттығу жасау. «Күрекше» – тілді жалпайтып шығарып, астыңғы ерінге тигізу керек. «Ине» – ауызды кең ашып, тілді алға қарай сүйірлей шығарып, 10–15 секунд ұстап тұру керек. «Төбешік» – жоғарғы тістерді төменгі тістерге тигізіп тұрып, ерінді түтікше етіп алға			Тақырыбы: Қазақстаным-Отаным. Міндеті: Балаларға Отан туралы түсінік беруді жалғастыру. Тіл мәдениетін жетілдіру, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, Отан туралы тақпақ үйрету. ҰІӘ барысы: Дыбыстық жаттығулар: Та – та – та Ақ сақалды ата Е – е – е Ақ жаулықты әже Ке – ке – ке Асқар таудай әке На – на – на Мейірімді ана Ға – ға – ға Қамқоршы аға Ыз – ыз – ыз Айназ жақсы қыз Ла – ла – ла Саят пысық бала Отан туралы тақпақты ассосация тәсілі арқылы жаттату. Жартысын толықтыр: балаларға жартылай салынған суреттер беріледі. Толықтырып салып, бояу ұсынылады.	киіндіреді. Қай топ ұқыпты бірінші киіндірсе, сол топ жеңіске жетеді. -Ал балалар қонағымыз үйіне қайтуы керек, сендер қайтадан киімдерді реттілікпен атаңдар, қонағымыз киінсін. Балалар қараңдаршы қонағымызда қай киім жетіспейді. (қолғап) Балаларға қолғаптарды әсемдеу ұсынылады. 2. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Қыс мезгілі» «С дыбысымен танысу» Міндеттері: Сөз, буын туралы ұғымдарды бекіту, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтауға, сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. ҰІӘ барысы:

	созу. Осы күйде ерінді 5–10 секунд ұстап тұру керек. «Түтікше» – тілді ауыздан жалпайтып шығарып, тілдің екі шетін көтеріп, түтікшемен үрлегендей үрлеу. Дидактикалық жаттығуы «Әндетіп көр» – Балалар, өзіміз білетін бір әннің әуенін тек «ә» дыбысы бар сөздерді есте сақтап отырамыз Әнді алдымен тыңдайды. Асыл әжем, ғасыр әжем аңсаған Сағынышым сары ормандай самғаған Әке болып жүргенімді ұмытып Әлі күнге еркелеймін мен саған. «Тиісті текшені көтер» дидактикалық жаттығуы Тәрбиеші балаларға дауысты, дауыссыз дыбыстарды айтады (дауысты дыбыстарды айтқанда созып, әндетіп айтады).			3. Математика негіздері Тақырыбы: Тақырыбы: Үсті – асты. Ішінде – сыртында. Алдында – артында. Оң жақ – сол жақ. Міндеттері: балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету: жоғары – төмен, оң жақ – сол жақ, ортасында, арасында. балаларды қағаз парағының бетінде бағдарлау (жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта); Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. ҰІӘ-нің барысы Ойын бұрышына шақырады. Балаларға шкафтың сөрелерін ретке келтіруді ұсынады. Ойыншықтарды үлгіде көрсетілгендей орналастырып, заттардың орналасуын сипаттау қажет. Шкафтың сөрелерін ретке келтіреді. Қандай заттарды орналастыратынын	Ойын: «Бұл қай кезде болады?» Шарты: балалар жұмбақтардың шешімін табады. Жұмбақ : Қалбалақтап ұшады. Қанаты талып, Жерді барып құшады. (Қар) Қолы мен қаламы жоқ, Бірақ сурет салады көп. (Аяз) Қыста шыны боп қатады, Жылыды су боп жатады. (Мұз) Мүлгіп тұрған бақ тыныш, Оранып ты ақ күміс. (Қырау) Ойын-тапсырма: «Буынға бөл» Шарты:балалар аққала, шырша, сағат, қолғап т.б. сөздерді буынға бөледі. Ойын: «Сөздегі «С» дыбыстың орнын тап» Шарты: берілген «С» дыбысын сөзде басында, ортасында немесе соңында екенін тауып айтады.

	Балалар дауысты дыбысты айтқанда, қызыл түсті фишканы, көтереді. Дәптермен жұмыс. 1.Суреттерді ата. Дауысты дыбыстан басталатын заттарды қызыл үйге орналастыр. 2. Тапсырмада балалар әже сөзін бір неше рет қайталайды. Дауысты дыбыстан басталауын анықтайды. Сергіту сәті Қане қанат қағайық Қарлығаш болып ұшайық Ұшып-ұшып алайық. 1,2,3 жинап алып күш Қолға қалам алайық Әсем етіп жазайық. Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс) Үзік сызықтарды бастыр. Саусақ жаттығуы Екі үйрек келеді, Бірін-бірі көреді. Бір-біріне қарайды, Сәлемдесіп алады. Тәрбиеші жазу барысында үстелде қалай отыру керектігін балаларға ескертіп өтеді.			және заттардың кеңістікте орналасуын сипаттайтын сөздерді анықтайды. Парақтағы тапсырманы орындауды ұсынып, балаларды заттың орналасуын дауыстап айтуға ынталандырады. – Маймылдың орналасқан жерін саусағыңмен көрсет. Сөредегі осы орынды қалай атайды? Ол ненің жанында орналасқан? Қандай заттан жоғары? Қайсысынан төмен? Қандай заттардың ортасында? Және т.б. Осылайша кеңістікте орналасуды әртүрлі сипаттауға ынталандырады. «Тығылмақ» ойынын ұсынады. Заттың атауын атамай, оның орналасуын және қандай да бір қасиеттерін сипаттау қажет. Қалған балалар сипатталған затты табуы тиіс. Сергіту сәті Тату-тәтті, мықты дос. (Балалар саусақтарын айқастырып қысады)	Дыбыстық талдау: «Сағат» Жаңылтпашты жатқа айту. Шеше шеше Неше кесе Сынды кеше Дәптермен жұмыс: үзік сызықтарды қосу арқылы бастырып жазады. 3.Музыка Табиғи дауыспен әнді таза айтуға, әуеннің ырғақ екпінін сезіне білуге,салыстыруға,әуенге сәйкес қозғалуға дағдыландыру, әнді көңілді,ашық дауыспен таза орындауға үйрету.«Марш» (А.Затаевич) әуенін ойнатып,балаларға әуен екпінін сезіне жүруді ұсыну. Ән тыңдау «Ана тілін сүйеміз» Ән айту: «Тәуелсіз елдің ұланы» Әуенді-ырғақты ойын: «Текшемен ойын» Оразбаева Н.М Ойын:«Барабан не

	Жазуды ауада балаларға жазып көрсетеді, балалар қарындаштарын алып, ауада жазып қайталайды. 3.Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: «Мен қамқоршымын» Міндеті: айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу. ҰІӘ барысы: Шаттық шеңбері: «Көңілді сәт» Қимылды ойын: «Құтқарушылар» Шарты: қыздар мен ұлдар болып екі топқа бөлінеді. Қыздарды өрмекші торлап тастайды, ұлдар кедергілерден өте отырып қыздарды құтқарулары керек. 4. Мүсіндеу «Торғайлар»			Біз сендермен дос болармыз, Кіп-кішкене саусақтар (Балалар саусақтарын ажыратады) Бір, екі, үш, төрт, бес. (Шынашақтан бастап, саусақтарды кезек-кезек бір-біріне тигізеді.) Тәрбиеші тапсырманы оқиды: Жоғарғы сөренің оң жағына қорапшаны жапсыр, допты оң жақтағы төменгі сөреге жапсыр. Алмұртты сол жақтағы үстіңгі сөреге, зырылдауықты алмұрттың астындағы сөреге жапсыруды ұсынады. Балаға ойыншықтардың біреуін өз қалауы бойынша орналастыруды және одан кейін оны қай жерге қойғанын атауды сұрауға болады. Қорытынды. Мадақтау 4.Дене шынықтыру (таза ауада) Мақсаты: Тақырыбы: «Хоккей ойнаймыз!» Міндеті:Қимыл әрекеттің дұрыс басталуының кепілі	дейді» Шарты:Балалар ортаға үлкен шеңбер ішіне жиналады.Жетекші барабан аспабында ойнайды.Марш екпіні ойнағанда балалар марш жасап әрі-бері жүреді.Өте шапшаң жеңіл музыка ойнағанда балалар жеңіл жүгіреді.Әуен бір рет қатты соғылғанда балалар бір орында қатып қалады.Барабанның соғысы өзгерген сайын «Барабан не дейді?»-деген сұрақ қойылып отырады. Күтілетін нәтиже: Балалар әнді таза айтуға тырысады, әуенді тыңдай отырып,жанрларды ажыратады. 4.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Асықпен ойналатын ойындар» Міндеттері: Малдас құрып отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алуға үйрету. Гимнастикалық

	Міндеттері: құстардың дене бөліктерінің көлемдерін үйлестіре білуге үйрету; бірнеше бөліктен тұратын құс пішінін мүсіндей алуға үйрету; қол моторикасын дамыту; құстарды сүйуге, қамқорлық жасауға баулу ҰІӘ барысы: Шаттық шеңбері: Торғай-торғай тоңдың ба, Тұра алмайсың орныңда!? Бір қонасың, бір ұшып, Отырасың бүрісіп, Қарап қойып жай ғана. Жем іздейсің айнала. Үйге кірші, торғайым, Мен аяздан қорғаймын. Үйшік жасап берейін, Алдыңа жем төгейін. -Балалар мына суреттен не көріп тұрсыңдар? Соның мүсінін жасайық. Алдымен ермексазды дайындап аламыз, бір кесегін алып, алақан арасына салып жүргізу арқлы домалақтап,сопақша пішінге келтіреміз. Сол пішіннің бір жағын созу арқылы мойынын,			болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуге, шайбаны ілгері бағытта ұшыруға үйрету. Жұпта қасына қарай аттау арқылы қозғала отырып заттарды орнынан басқа жерге апаруға, қол мен аяқтың қимылдарын үйлестіруге, түсетін күшті мөлшерлеп бөлуге жаттықтыру. ҰІӘ барысы: Денсаулықты сүйеміз, Шынығамыз күнде біз. Бір-екі-үш! Бір-екі-үш! Бұлшық етте, міне, күш!» Имек ағашпен зейін мен бұлшық еттерге арналған жаттығу түрлерін көрсету ұсынылады. Ойын кезінде мұз бетімен қауіпсіз қозғалыс ережелеріне басты назар аударылады. Негізгі кезең І. Имек ағашпен жаттығулар орындау: бір қолынан екінші қолына ауыстыру, айналдыру, ұстап тұрып қолын сермеу, имек	орындық үстінде асықтарды алдында, артында ұстап, тепе-теңдік сақтап жүру. Көзмөлшерлеуін, ептілік, төзімділік секілді дене сапаларын дамыту. Түрлі жағдайларда (шу) зейіндерін шоғырландырып,тапсырманы дұрыс орындай білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. Асықпен орындалатын ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. ҰІӘ барысы: І бөлім: Ойын-жаттығуы: «Затты тап». Қоржын ішінен асықты іздеп табады. Оны көреді. Асық туралы білетіндерін айтады. Асық және асық ойыны жайлы түсіндіреді Шеңберге тұрғызу. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Асық алу». Шашырап жүреді, жүгіреді, тәрбиешінің: «Асықты ал!» деген

	басын шығарамыз. Артқы жағын шымшу арқылы құйрығын шығарамыз. Екі аяғын таяқшамен бекітеміз. Тұмсығына шемішке қадаймыз. Торғайымыз дайын. Сергіту сәті Қорытынды.			ағашты өзін айналдырып қозғалту, екі қолмен ұстап айналдыру. Балалардың бір-бірінен жеткілікті арақашықтықта тұрғанына, қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауға назар аудару. II. «Жолмен ұзақ кім сырғиды?» Ең жақсы нәтиже көрсеткен бала жеңеді. Тепе-теңдік сақтап, бастарын түзу ұстап, еңкеймеуге тырысады. ЖДЖ: «Түсіріп алма!». (3 рет) Жұпта сүйем қадамдар аттап, алаңның бір жағынан екінші жағына заттарды жеткізу ұсынылады. Балалар екі-екіден бір-біріне қарап тұрады. Имек ағаштарына екеуіне ортақ бір текшені қойып, алаңның екінші жағына бірігіп жеткізеді. Әрекеттерін үйлестіріп, затты түсіріп алмауға тырысады. «Мерген имек ағаш». (3 рет)	бұйрығымен асықты көтеріп алады. II бөлім: ЖДЖ «Қазан» – 2,5 м арақашықтықтағы көлбеу қойылған нысанаға заттарды (асықтарды) лақтыру. Б.қ.: аяқты иық деңгейінен алшақ қою: оң аяқты артқа жіберіп, оң қолды шынтақтан жартылай бүгіп, кеуде тұсында ұстап тұру. Асықты лақтырар алдында алдымен қолды төмен түсіріп, сонан соң артқа жібереді, ал лақтыру кезінде қолды алдыға жіберіп, жоғары көтеріп, сонан соң асықты лақтырады. Құрсауларды (4 құрсау) айнала шеңберге тұрады. «Қазан» ішіне көп асық тастаған бала жеңімпаз атанады. (Топ болып орындау тәсілі) Тепе-теңдік – гимнастикалық орындық үстінде тапсырмаларды орындап жүру. (3 рет)

				Алаңқайдың ортасында текше тұр. Оны имек ағашпен бір ойыншы қорғайды. Қалған ойыншылар текшеге шайбаны имек ағаштарымен атып, тигізуге тырысады. Имек ағаштың қыры толық мұзды жататындай етіп ұстауын қадағалайды. Ойыншылар санын біртіндеп арттыра отырып, заттардың арасымен жүгіру. (5 рет) Арақашықтығы 1м 5 конусты алаңның ортасына қояды. Конустарды аралап жүгіретін ойыншы саны қима қағаздарға жазылған сандар арқылы анықталады. Әр команданың ойыншылары конустардың арасымен педагог белгісі бойынша жүгіре бастайды. Заттарды оң (сол) жағынан айналып өтіп, өз қимылын басқа ойыншылармен үйлестіреді. (5 рет)	Гимнастикалық орындық үстінде асықтарды алдында, артында ұстап, тепе-теңдік сақтап жүру. Орындықтан түскен кезде алдымен аяқтың ұшымен түсіп, сонан соң толық табанды жерге қояды. Малдас құрып отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алуды бекіту. Көзмөлшерлеуін, ептілік, төзімділік секілді дене сапаларын дамыту. Көрпелерге отырып, ұсақ заттарды (асықтарды) лақтырып, оны қайтадан қағып алады. Бұл тапсырманы әр бала жеке-жеке орындайды. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Үшінші артық» (3 рет) Бір-бірінің желкелерінен қарап, екі-екіден үлкен шеңбер құрып тұрады. Жұптардың

				III бөлім: тыныс алу жаттығулары Маршпен жүру	арақашықтығы – 2-3 адым. «Артық» ойыншы қашады, жүргізуші оны қуады. «Артық» бала кез келген жұптың алдына тұра қалады, енді қатарда үшінші болып тұрған бала қашады. Жүргізушіге ұстатпауға тырысады. III бөлім: тыныс алу жаттығулары Маршпен жүру.
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	№10 Алаңдағы ағаштарды бақылау Мақсаты: балалардың ағаштарды қыс кезінде қалпын анықтап, білімін толықтыру. Тапсырма: «Таңғажайып ағаштарды безендіреміз» тақырыбына сурет салу. Ағаштарды сыртқы түсінен,			№ 13 Күн көзін бақылау. Мақсаты: күннің көзін қыс мезгілімен (қыстың басы, ортасы,аяғымен) байланыстырып, балаларға барынша мол түсінік беру.Күн қысқарады-желтоқсанның 22-сі ең қысқа күн болып есептеледі. Күннің көзі «ұясынан» сәл ғана көтеріліп, біраздан соң кешкі ұясына барып қонды.	№ 2 Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу. Мақсаты: балаларды қар ұшқындарының қалай пайда болатынын, олардың құрлысымен таныстыру, сонымен бірге балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу. Балаларға қар ұлпасын қағып алып, зейін қойып, анықтауғаұсыну. Қар

	түрінен, бұтақтарынан қалай орналасуынан танып, айыруға үйрету. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу. Сұрақтар: 1. Жапырақсыз ағаштарды қалай атаймыз? 2. Жапырақтар неге күзде түсіп қалады? 3. Ағаштар бір біріне немен ұқсас? 4. Ордың айырмашылығы қандай? Дидактикалық ойын: «Сөзбен суреттеп айт» ағаштың түрін таны. Қимылды ойын: «Ордағы қасқыр» Мақсаты: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру.			Күн қысқа әрі суық .Көлеңке ұзарды. Көркем сөз: Батар күннің атар таңы бар. Қимылды ойын: «Жұп болып эстафета ойының жүргіжу» Мақсаты: шанамен сырғанақ тебу.Балаларды эстафета бір-біріне беруге үйрету.Жолдасы үшін жанашыр,жақсы жолдас болуға тәрбиелеу. Еңбек: Аққала жасау. Мақсаты: қармен жұмыс істеуге үйрету. Жеке жұмыс: өз қиялдарымен әнгіме-салаттарды құрату. Жұмбақ: Таңмен көзін ашады, Мезгіл жетсе, Әлемге нұрын шашады. Мұз да ерір.	ұшқыны алты қанаттан тұрады, олар бір—біріне өте ұқсас келеді. Қар ұшқыны жаңбыр сияқты, бұлтта жаратылады. Су буы өте жоғары көтеріледі: сол жоғарыда ауаның температурасы өте төмен болғандықтан, сол су буларынан кішкентай ғана мұз қиыршықтары пайда болады. Алты қырлы мұз түйіршіктері өсіп кішкентай жұлдызшаларға айналады, сөйтіп қар ұшқындары жерге түседі. Көркем сөз: Жазда көлге мұз қатты, Табанымды мұздатты. Мұз ойылып кетті тез, Күліп едік, біз қатты. Қимылды ойын «Ортаға түспек» Мақсаты: тез жүгіріп секіруге, ептілікке үйрету. Еңбек: қар атжалдарын жасауға балаларды үйрету.

	Еңбек: ағаштардың түбін қармен жабу. Мақсаты: қар ағаштың түбін аяздан қорғайтынын балаларға түсіндіру. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу. Жеке жұмыс: шаң ғымен жаттығулар жасау: екі аяқпен кезек-кезек оңға, солға.				Жеке жұмыс: шаңғыда жүре білуге машықтану. Мәтел: Қар көп болса, астық көп болады. Жұмбақ: Қолы жоқ, сурет салады Тісі жоқ, тістеп алады
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Түскі ас	Балаларды үстел үстінде тамақтану әдептерін сақтауға баулу. Тыйым сөздер түсіндіру. «Таңғы асын тастама» «Нанды бір қолмен үзбе» «Нанды жерге тастама» «Ас –адамның арқауы» «Тамақ ішкенде сөйлеме»				
Ұйқыға дайындық, ұйқы.	Балалардың тыныш, жайлы ұйықтауларына жағдай жасау, тыныштандыратын әуен қосу.				
Ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары	. Ауа ваннасы. Массаж кілемшемен жүру			Құлаққа нүктелі массаж	Денені қозғап ұйқы ашамыз.
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып жеп болған соң тұруға дағдыландыру				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары,бейнелеу іс әрекеті,кітаптарды қарау және басқалары)	Оригами әлемі «Торғай»  Мақсаты:Балаларға шаршы диагональмен бүктеуді, оны кесіп ұшбұрышты шығара білуге үйретуді жалғастыру. Балалардың жабайы құстар туралы білімдерін байыту. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Пазлдар құрастыру			Үстел үсті ойыны: «Ұлттық құндылықтар» Міндеттері: қазақ халқының ұлттық құндылықтарын білуге дағдыландыру; 1-10ға дейінгі сандарды санау дағдыларын қалыптастыру; Дыбыс белгілерін ажырата алу дағдыларын қалыптастыру	«Біз бір отбасындаймыз» еңбек әрекеті Міндеті: балаларды топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сүртуге, бірлескен еңбек әрекетіне дағдыландыру.
Балалармен жеке жұмыс	«Түлкі мен құмыра» ертегісі Міндеті: Көркем мәтінді тыңдауды, кейіпкердің іс-әрекетіне баға беруге үйрету; сұрақтарға жауап			Д/о: «Төлдерін тап және ата» Міндеті: Қазақстан аумағында мекендейтін жануарлар мен олардың төлдеріне тән белгілерді атауды және ажыратуды үйрету;	Әңгімелесу: «Үйде ата-анама қалай көмектесемін» Міндеті: Тұрмыстық техниканы пайдалану ережелерін игеруге; өзінің ата-анасының

	беру дағдыларын қалыптастыру Мансур, Бегімай, Аяла, Бекарыс, Аэлин, Шахсанам			Мансур, Бегімай, Аяла, Бекарыс, Аэлин, Шахсанам	еңбегі туралы әңгімелеуге үйрету Мансур, Бегімай, Аяла, Бекарыс, Аэлин, Шахсанам Арсен
Серуенге дайындық	Реттілікпен, ұқыптылықпен киіну дағдыларын қалыптастыру. Серуенге шығу.				
II Серуен	№ 13 Күн көзін бақылау.			№ 2 Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу.	№10 Алаңдағы ағаштарды бақылау
Серуеннен оралу	Серуеннен оралу. Киімдерін шкафқа жинауға, ұқыпты қоюға баулу.				
Балалардың үйге қайтуы Ата-аналармен әңгімелесу	**Өнегелі - 15 минут.** Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мобильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру, ата-ананы балабақша жұмысына тарту, бала мен ата-ана қарым-қатынасын арттыру.				
	Ата-анамен балаңыздың мінез-құлқындағы өзгерістер туралы сөйлесу			Ата-аналарға балалардың жақсы жақтарын мадақтау	Ата-аналар мен балаларға демалыс күндеріне тапсырма беру; «Менің сүйікті үй жануарым» атты сурет салу.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Заң және тәртіп айы

«Талап бар жерде тәртіп бар»

Топ: “Дарын» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 6 – 10 қаңтар 2025 жыл

Күн тәртібі	Апта күндері				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	**Өнегелі-15 минут** балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мобильді кітапханада жұмыс, ата-ананың балаға кітап оқуына мүмкіндік жасау, кітапқа деген қызығушылықты арттыру, кітапқа жанашырлық, жауапкершілік таныту. **Күй күмбірі -**балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын арттыру.				

	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу.	Балаларды қабылдау, дене қызуын өлшеп, көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату.	Ата-анамен әңгімелесу арқылы баланың үйдегі көңіл-күйін, денсаулығын сұрау.	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, баладан балабақшаға келе жатқанда табиғаттан қандай өзгерсітер байқаны туралы жеке жеке сұрау	Балаларды қабылдау, дене қызуын өлшеп, көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен,кеңес, әңгімелесу	**Қауіпсіздік ережесі** әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, балалармен бірге жол ережелері туралы мультфильмдер көруге кеңес беру, ұсыну.				
	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балалардың киім үлгісін дұрыс сақтауды ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары,бейнелеу іс әрекеті,кітаптарды қарау және басқалары)	«Жұбын тап» ойын Үстел үсті ұйымшылдықпен, шығармашылықпен ойлана ойнай білуге үйрену. Сөйлеуді дамыту Қарым- қатынас іс –әрекеті	«Машина» Мақсаты: Айнала қоршаған ортадан көргендерін , алған әсерлерін бейнелей білуге жаттықтыру. Тіктөртбұрыш, дөңгелек пішіндерден тұратын заттық сурет салу қабілеттерін жетілдіру. Сурет салу Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	«Мимикалық жаттығу» Мақсаты: балалардың көңіл күйлерін түрлі эмоциялармен білдіруге үйрету. Көркем әдебиет Қарым- қатынас іс –әрекеті	Жаңылтпаш жаттау Шеше, шеше Неше кесе Сынды кеше «Үй жасаймыз» Қиынды суреттермен жұмыс Мақсаты: Логикалық ойлауға үйрету. Сөйлеуді дамыту Қарым- қатынас іс –әрекеті	«Жұбын тап» ойын Үстел үсті ұйымшылдықпен, шығармашылықпен ойлана ойнай білуге үйрену. Сөйлеуді дамыту Қарым- қатынас іс –әрекеті
Таңертеңгі жаттығу.	Таңғы жаттығу №7 картотека				

	Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету Салауатты өмір салтын сақтаймыз, Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз				
Таңғы ас	Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар. Сөйлеуді дамыту Қарым- қатынас іс –әрекеті дағдысы				
Ұйымдастырыл іс -әрекетке дайындық	«Жұбын тап» Мақсаты:Балалар екі бірдей заттарды таба алады. Танымдық іс әрекет	Біздің ойындарымыз. Сөйлем Мақсаты: Сөйлемді ажыратып, оның мағынасын түсіну, оларды үлгінің көмегімен және ұсынылған үлгілер негізінде жазу. Сөйлем сызбасын құру. (Сауат ашу негіздері) Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет дағдысы	«Аңдар қысқа қалай дайындалады?» Мақсаты: Жануарлардың қысқа қалай дайындалатынын әңгімелеу. Қоршаған ортамен танысу Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет дағдысы	Моншақты тіземіз» дидактикалық ойын. Мақсаты: Алақанына сиятын көлемдегі сақиналарды көлденеңінен жіпке тізу арқылы қол қимылын, саусақ бұлшық етін дамыту. танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет дағдысы	«Кім шапшаң» Мақсаты : Балалар топтасып ойнай алады.
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырыл-ған іс-әрекет	**Дене шынықтыру** Міндеттері: жарыстардың көмегімен балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігі дамиды. Бір орыннан ұзындыққа секірген кезде бастапқы қалыпты	**Көркем әдебиет** Міндеттері: Мазмұнына, мәнерлеу құралдарына байланысты әдеби шығармаларды қабылдай біледі. ҰІӘ барысы: Ойын:«Бірге жаттайық»	**Сөйлеуді дамыту** Міндеттері: Жыл құстарының түрлерін,атауларын біледі. ҰІӘ барысы: Ойын :«Суық торғай» Шарты: Қысқы орман көрінісі туралы сиқырлы экраннан	**Дене шынықтыру** Міндеттері: Спорттық жаттығулар арқылы қозғалыс үйлесімділігі және төзімділігі дамиды. ҰІӘ барысы : Әңгімелесу: «Қыс мезгілі» Сұрақ-жауап. Негізгі кезең:	**Дене шынықтыру** Міндеттері: шаңғыны киіп және шешуді, дайындық жаттығуларын орындауды үйренеді. ҰІӘ барысы:

	сақтау қабілеті нығаяды. ҰІӘ барысы: Ойын: «Қатарға тұр» Негізгі кезең: Қолдарына кубик ұстап, аяқтың ұшымен жүру. Өкшемен жүргенде текшелерді жоғары көтереді, қапталға, алға созады, иыққа қояды. Екі сапқа тұру. Негізгі қимылдарды орындайды: Бір орында тұрып ұзындыққа секіру. Ойын түріндегі жаттығу: «Кім алысқа секіреді?». Екі аяқпен бір уақытта итерілу қажеттігіне назар аудартады. Допты затқа дәлдеп домалату. Ойын: «Кегельдерді құлат» (кегельдерге дейінгі қашықтық – 1,5 метр). Шарты: Жаттығуды орындау тәсілін көрсету. Ойын: «Мысық пен құстар»	Шарты: Әдеби шығармалардыдауыс ырғағымен мәнерлей отырыпжаттайды Ойын: «Біз тебеміз сырғанақ» Шарты: Мазмұнына, мәнерлеу құралдарына байланысты әдеби шығармаларды қабылдай біледі. Ойын :«Қандай қимыл екенін тап?» Шарты: Қимылды өзгалыс арқылы шешуін табады.(коньки,шаңғы, шана т.б) Кері байланыс ұсыну «Бас бармақ» тәсілі арқылы Математика негіздері Міндеттері: 10 көлеміндегі санды тура және кері санай алады. ҰІӘ барысы: Ойын: «Ғажайып сан» Шарты:10 көлеміндегі санау дағдысын жетілдіру,сандық сызғыштың көмегімен мысалдар шығару. Ойын:«Сиқырлы 10 саны» Шарты: Сандарды салыстыру,10	көрсетіп әңгіме жүргізу. Ойын: «Қысқы орман тұрғындары» Шарты: Жырту тәсілі арқылы ғажайып құс, суықторғай, түлкінің бейнесін жапсырып жасай алады. (жапсыру) Ойын: «Ұшты-ұшты» Шарты: Ұшатын,ұшпайтын құстар туралы білімдерін жетілдіреді. Кері байланыс беру: сұрақ-жауап арқылы. Сауат ашу негіздері: Міндеттері: Сөйлем туралы бастапқы түсініктері қалыптасады. ҰІӘ барысы: Ойын:«Қызықты тапсырмалар» Шарты: Дәптерде берілген суреттер бойынша сөйлем құрастыру.Берілген тапсырмаларды орындау. Ойын :«Дымбілмеске көмектесу» Шарты:Сөйлем туралы бастапқы	Ырғақты-музыкалық қимылдар: музыканың ырғағымен Тізбекте бір-бірден жүру, тапсырмаларды орындау: айналу,жеңіл әрі ырғақпен секіру. Тыныс алу гимнастикасы: «Ха»Ауаны сыртқа шығарамыз. Ауаны ысқырған дыбыс шығару арқылы ауыздан шығарады («с» дыбысын айтқандағы сияқты). Шығып жатқан ауаға тілімен кедергі келтіреді. Ойын: «Кім мерген?» Қарды нысанаға оң және сол қолмен лақтыру. Қар үйіндісінің жоғары жағына педагог текшелерді қояды. Қорытынды: Ойын: «Қуыспақ» Спорттық жаттығулар – бір-бірін шанамен сырғанату. Көркем әдебиет Міндеттері: Табиғатқа сүйіспеншілік пен мейірімді іс әрекеттер жасау керектігін түсінеді.	Жаңа жабдыққа назарларын аударады – шаңғылар. Тәрбиеленушілерге олардың неге арналғаны туралы айтып беруді ұсынады. Негізгі кезең: Шаңғымен жүру Тәрбиеленушілерге алдымен шаңғыны тексеріп шығуды, содан кейін ғана киюді ұсынады. Мына ұғымдармен таныстырады: шаңғы, шаңғышы, бекітпе. Оларды қалай қарға қою керек екенін көрсетеді – алдымен оң жаққа бір шаңғыны, сол жаққа екіншісін. Шаңғыларды қарға қою, аяқты шаңғы бекітпесімен бекіту. Шаңғыда тұрып, біресе оң аяқты, біресе сол аяқты кезекпен көтеру. Бір шаңғыны алға

	Шарты: Ойын ережелерін түсіндіру. Қорытынды: Балаларды ынталандырады. Жарыстарға қатысқандарды марапаттау. Сөйлеуді дамыту Міндеттері: Дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын дауыссыз г - ғ,дыбыстарды есту бойынша ажырата отырып дыбыстардың сөздегі орнын анықтайды. ҰІӘ барысы: Педагогтың жетекшілігімен ойын «Қыс» Шарты: Сурет бойынша әңгіме құрастыра отырып,дыбыстардың сөздегі орнын табу. Ойын «Көңілді қыс» Шарты: Г,Ғ дыбыстарын естуі бойынша дыбыстардың	көлеміндегі санға дейін тура және кері санауды бекіту. Ойын: «Көршісін тап» Шарты: Әр санның екінші көршісін табу керек. Қорытынды: Қандай тапсырмалар орындадыңдар? Балаларды мадақтау. Қоршаған ортамен таныстыру Міндеттері: Табиғат туралы қарапайым білімдерді меңгере алады. ҰІӘ барысы: Ойын: «Ғажайып қыс» Шарты: Слайд арқылы қыс мезгілінің табиғаттағы ерекшеліктері туралы түсінік алды. Ойын:«Қыс табиғаты» Шарты: Табиғат туралы қарапайым білімдерді меңгере алды. Ойын:«Күміс қар» Шарты: Жауып тұрған қардың суретін салды. Кері байланыс беру: бағдаршам әдісі арқылы.	түсініктері қалыптастыра отырып Дымбілмеске көмектесу. Ойын«Машинаны гаражға кіргізу» Шарты: Дәптердегі автобустың дөңгелегі мен терезесін штрихтау. Кері байланыс ұсыну «Миға шабуыл» тәсілі арқылы. Қоршаған ортамен танысу Міндеттері: табиғатты бақылау күнтізбесін жүргізіп,ауа райын бақылай алады.. ҰІӘ барысы: Ойын: «Қар лақтыру» Шарты: Қағаздан жасалған қарды бір-біріне лақтыра отырып, өздері қалаған сұрақтарын қойды ұсыну. Түстер арқылы топтарға бөліну. Нұсқау беру: балалар жұптаса отырып бір-біріне алдарыңдағы ыс мезгіліне ,қысқы табиғатқа байланысты	ҰІӘ барысы: Ойын: «Табиғаттың бөлшегі» Шарты: Әңгімені сурет желісі бойынша әңгімелеп беріп,Табиғатқа сүйіспеншілікпен,мейірімді іс әрекеттер жасау керектігін түсіндіру. Ойын: «Мен табиғаттың бөлшегімін» Шарты:Адам табиғаттың бір бөлшегі.Табиғаттың тазалығына, көркейіп гүлденуіне,мейірімді іс-әрекеттер жасауға,сақтауға адам жауапты екенін түсіну. Ойын: «Ғажайып сөздер» (сурет салу). Шарты: Берілген суреттердің бірінші әріптерін, ортадағы әріптермен қосып оқыса табиғат бөлшегін табады.. Қорытынды: сұрақ жауап арқылы. Қазақ тілі Міндеттері: Өз құрылысын талдай біледі, талдау негізінде құрылымдық шешімдер	және артқа қозғау. Шаңғыда тұрып аздап отырып-тұру. Шаңғымен бірнеше адым жасау. Шаңғымен жүру кезіндегі қауіпсіздік техникасына баса назар аудару. Ойын: «Аттар» Шарты: Тәрбиеленушілер шаңғымен қарды жиі-жиі баса отырып жүгіреді. Педагогтің белгісі бойынша жүгіреді. Педагогтің белгісі бойынша барлығы тоқтайды және ойларындағы тізгінді тартады. Қауіпсіздік техникасы ережелерін естеріне салып отыру қажет. Ойын: «Үлкен және кішкентай» Шарты: Тәрбиеленушілер қармен жүреді. Педагогтің «Қандай үлкен болдыңдар!» сөздеріне –

	сөздегі орнын ажыратады. Ойын: «Қайсысы артық» Шарты: Сурет бойынша қайсысы артық екенін табу, тапқан затты дыбыстың сөздегі орнын анықтау.(сурет салу) Кері байланыс ұсыну Өз ойларымен бөлісу. Сауат ашу негіздері. Міндеттері: Сөйлем туралы бастапқы түсініктері қалыптасады (грамматикалық анықтамасыз). ҰІӘ барысы: Ойын: «Сөйлеммен танысайық» Шарты:Сөйлем туралы түсінік алады, сурет бойынша сөйлем құрауға, байланыстырып сөйлеуге үйренеді. Ойын: «Сиқырлы сөйлем»	Музыка Музыка тыңдау арқылы шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану,музыканы есте сақтауды жетілдіру: Ән тыңдау: «Ақ көгершін» А.Жұбанов Ән айту: «Біздің бала бақшамыз» (Н. Тлендиева, Т. Молдагалиева) Аспапта ойнау:«Көңілді марш» Әуенді-ырғақты ойын: «Пингвиндер биі» Оразбаева Н.М	суреттерді кезек-кезек көрсетеміз,жұптағы екінші бала сол сурет бойыншы сөйлем құрайды. -Енді топтаса отырып далаға қарап ,бүгінгі ауа райы қандай болып тұр,соны бақылап,алдарыңдағы суреттерден бүгінгі ауа райын,табиғатты бейнелеп құрастырып шығыңдар.(құрастыру) Ойын: «Бүгінгі ауа райы қандай болып тұр?» Шарты: балалардың дұрыс ойлауын қалыптастыру. Қорытынды: Ойын:«Кім жылдам жауап береді?» Шарты: қыс мезгіліне байланысты сұрақ жауап. Сурет салу «Қысқа көкөністер әзірлейміз» Заттардың шамасы мен үйлесімділіктегі айырмашылығын айта алады. ҰІӘ барысы: «Ғажайып дорба»	табады, оларды құру кезеңдерін жоспарлайды. ҰІӘ барысы: Ойын«Көлік түрлері» Шарты: Бірнеше көлік суреттерін көрсете отырып,не үшін пайдаланатынын әңгімелеу. Ойын:«Қар таситын жүк көлігі» Шарты:жүк көлігінің құрылысын талдай отырып құрастыру материалдарын пішініне, көлеміне қарай талдау негізінде құрылымдық шешімдер табады, құрастырады. Ойын: «Қандай бөліктері бар» Шарты: Жүк машинасының жеке бөліктнеріне талдау жасайды. Қорытынды: «Бас бармақ» әдісі арқылы Математика негіздері Міндеттері: Заттардың салмағын өлшеміне қарай алдымен қарама-қарсы көрсеткішпен тең және тең еместігін	барлығы шаңғымен тұрып түзеледі және қолдарын жоғары созады. «Мынадай кішкентай болғанбыз» сөздеріне тәрбиеленушілер тоқтайды және сәл отырады. Қорытынды: Педагог қорытындылайды, балаларды мадақтайды. Ойын : «Мен өсемін» Шарты: Балалардың қалай өскенін көрсетуді ұсынады. Шаңғымен жүрудің биік, батыр болуға көмектесетініне назар аударады. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Е дыбысы және әрпі Міндеттері: Е дыбысы және оның әріп таңбасымен

	Шарты:Сөйлем туралы бастапқы түсініктері қалыптасты (грамматикалық анықтамасыз); Ойын: «Кім шапшаң сөйлем құрайды» Шарты: Аталған сөзді қатыстырып, сөйлем құрастырады. Кері байланыс ұсыну «Ата-анаңа хабарлас» Математика негіздері Міндеттері: Бүтін өзінің бөліктерінен үлкен екендігін, бірдей сандардың өзара бірыңғай сәйкестігін, үлкен және кіші бөліктерді анықтайды. ҰІӘ барысы: Ойын : «Бөліктен бүтін құра» Шарты:Бөліктерді атау және бүтін мен бөліктерді салыстыру. Ойын:		Шарты:Адамдардың ағзасын қыс мезгілінде осы дәрумендермен қамтамасыз ету үшін сәбіздің, сарымсақтың, картоптың суретін сала отырып бөлшектерін толықтыра отырып бояйды. «Қысқа көкөністер әзірлейміз» Шарты:Заттардың шамасы мен үйлесімділіктегі айырмашылығын бере білуге үйрету. «Суреттей біл» Шарты:Көкөністерге сипаттама бере отырып суреттей біледі.	алақанына салып өлшеп анықтай алады.. ҰІӘ барысы: балалар қалай ойлайсыңдар пілдің салмағы неге ауыр да,ал тышқанның салмағы неге жеңіл? Балалардың жауаптарын тыңдап ,толықтыру. Топтарға бөліну;сандар арқылы. Ойын: «Ауыр,жеңіл» Шарты:ауыр және жеңіл заттарды ажыратады. Нұсқау беру: балалар алдарыңдағы заттарды қолдарыңа ұстап,алақандарыңа салып ,қайсысы ауыр,қайсысы жеңіл екенін жұп болып анықтай қойыңдаршы. -алдарыңдағы суреттегі заттардың қайсысы ауыр,қайсысы жеңіл екені туралы жұп болып сөйлесе қойыңдар. Сергіту сәті: аңдардың қимылдары арқылы. Қорытынды: Кері байланыс беру.	танысып, Е дыбысы бар сөз , сөйлем ойлап таба алады. ҰІӘ барысы: - балалар ,алдарыңдағы қорапшадағы суреттер қандай әріптен басталып тұр? (Өткен дыбыстарды қайталауға арналған) Топтарға бөлу: суреттер арқылы Нұсқау беру: - балалар мен қазір бір шумақ өлең оқимын,сол өлеңнің ішінде қысқы киімнің атауы бар.Мұқият тыңдап сол сөзді табамыз.Қандай дыбыстан басталып тұрғанын айтамыз. -Е дыбысынан келетін сөздерді ойлап табамыз ,топ болып ,қай топтың сөзі көп екен ,байқайықшы. Алдарыңдағы мозайкалардан Е

	«Қонжықты тәтті тоқашпен қонақ етеміз» Шарты: Бүтін өзінің бөліктерінен үлкен екендігін, бірдей сандардың өзара бірыңғай сәйкестігі, үлкен және кіші бөліктерді анықтайды. Ойын: «Тәтті тоқашты бөл» Шарты:Тәтті тоқашты төрт қонжыққа бірдей етіп бөліп беруді ұсынады. Кері байланыс ұсыну «Бес бармақ» тәсілі арқылы.				әрпін құрастырамыз. Тіл ұстарту жаттығуын жасату. Кері байланыс беру : «бағдаршам» әдісі арқылы. Қазақ тілі Міндеттері : әртүрлі мамандық иелері, еңбектің мазмұны, сипаты және еңбек нәтижесінің маңызы туралы ұғымдары қалыптасады. ҰІӘ барысы: -өскенде кім болғыларың келеді? Балалардың жауаптарын тыңдау. Ойын: «Мен білікті маманмын» Шарты: әртүрлі мамандық иесін таныстыру. Топтарға бөлу: қалаулары бойынша. Нұсқау беру: алдарыңдағы

					мамандық иелері туралы жұп болып сөйлесіңдер. -біздің жаурамай жүруіміз үшін олар не істейді? Диалог арқылы саралау. -енді тігіншілер тіккен қалың киімдердің біреуінің суретін сала қойыңдар. Ойын: «Өскенде кім боламыз?» Шарты: балалар өздерінің кім болатынын айтады. Қорытынды: сұрақ жауап арқылы. Музыка Қайталау. Музыка тыңдау арқылы шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе,қорытынды,музыка лық фразалар) әуендерді тану,музыканы есте сақтауды жетілдіру:

					Ән тыңдау: «Ақ көгершін» А.Жұбанов Ән айту: «Біздің бала бақшамыз» (Н. Тлендиева, Т. Молдагалиева) Әуенді-ырғақты ойын: «Пингвиндер биі» Оразбаева Н.М
Серуенге дайындық	Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту. Киіну: Серуенге шығу, аяқ киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	№ 38 Қардың тереңдігін бақылау. Мақсаты: Балалар назарын ауланың қай жерлерінде қалың қар жатқанына аударады, қардың қаншалықты терең екенін көреді. Қимылды ойын: «Ақшақарды изде» Мақсаты: Мәтінге сәйкес қозғалысты орындай алады. Еңбек*:* Өз бетінше жұмыс Мақсаты: Өз қалауларымен жұмыс жасайды. Жеке жұмыс:қар түйіршіктерік	№ 42 Қардағы іздерді бақылай білу Мақсаты: Қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра біледі. Қимылды ойын: «Нысанаға тигіз» Мақсаты: Оң және сол қолмен, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай біледі. Еңбек: Үлкендерге көмек көрсету Мақсаты: Бірлесе жұмыс істей білу іскерліктерін тиянақтайды.	№ 40 Бұрқасынды бақылау Мақсаты: Бұрқасын туралы түсініктері қалыптасады. Қимылды ойын: «Сырғанақ» Мақсаты: Ойын ережелеріне сәйкес қозғалыстарды орындай алады. Еңбек: ауланы қардан тазалау Мақсаты: Бірлесе жұмыс жасайды. Жеке жұмыс: мұздың үстімен сырғанай білу.	№ 41 Тайғанақты бақылау Мақсаты: Тайғанақтың пайда болу жолдарын түсінеді. Қимылды ойын: «Ұзын жол бойында» Мақсаты: Шапшаң,жылдам қимыл жасауға үйренеді. Еңбек: Жолға құмды төгу Мақсаты: Өз еңбектерінің нәтижесін көреді. Жеке жұмыс: денені тепе тең ұстап,мұз үстімен сырғанай білу.	№ 42 Қардағы іздерді бақылай білу Мақсаты: Қарда түрлі іздердің қалатынын, соның ішінде құстардың ізі ерекше болатындығын айыра біледі. Қимылды ойын: «Нысанаға тигіз» Мақсаты: Оң және сол қолмен, көздеп лақтыру кезінде қалыпты жағдайды сақтай біледі. Еңбек: Үлкендерге көмек көрсету Мақсаты: Бірлесе жұмыс істей білу

	алысқа лақтыруға жаттықтыру.	жеке жұмыс: шаңғыда жүре білуге машықтану.			іскерліктерін тиянақтайды. жеке жұмыс: шаңғыда жүре білуге машықтану.
Серуеннен оралу	Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ. .Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз				
Ұйқыға дайындық, ұйқы.	Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.				
Ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары	№ 2 «Денсаулық»жолмен жүру	№ 2 Тыныс алу жаттуғулары. Біз баламыз шыныққан,	№ 2 Ұйқымызды ашайық Қолымызды созайық	№2 «Денсаулық»жолмен жүру Арнайы жолдармен ,	№ 2 Тыныс алу жаттуғулары.
	Арнайы жолдармен , Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз.	Денсаулығы мықты жан. «Денсаулығым керемек,жаттығуға рахмет!»	Енді кәне бәріміз, Жаттығуды жасайық.	Жалаң аяқ жүреміз. Табанға біз нүктелі, Массаж жасау білеміз.	Денсаулық ол – шыныққан Барлық дене мүшесі. Денсаулық ол-тыныққан Жүйке тамыр жүйесі
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары,бейнелеу іс әрекеті,кітаптарды қарау және басқалары)	«Ойнайықта, ойлайық» «Зейінді болып, қызықты тапсырманы орындайық» Мақсаты: Мақсаты: Балалардың зейінін шоғырландыру,ой-	Сюжеттік-рөлдік ойын: «Мектеп» мақсаты: мектеп ережелерін ұғындыру, мұғалім маманымен таныстыруды жалғастыру.	«Оригами әлемі» адаптивтік бағдарлама Жапалақ Қолөнер жұмыстарын орындау дағдыларын қалыптастыру. Түсіндіре сөйлеуін, қағазбен жұмыс	Шырша ойыншықтарын жасау Балаларда мерекелік көңіл-күй, олардың жұмысынан қанағаттану сезімін қалыптастыру. Қол еңбегіне деген қызығушылықты	Сюжеттік –рөлдік ойын «Шаштараз» бұрышында ұйымдастыруы мен «Шаштараз» Мақсаты: балаларды

	өрісін , танымдық белсенділіктерін арттыру. Балалардың логикалық қабілетін, пәнге қызығушылығын, белсенділігін дамыту. жинақылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстырады. (Танымдық дағдыларын дамыту)	Еңбек: жыртылған кітаптарды желімдеу, қаптау. мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу. (коммуникативтік дағдылар, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамыту)	жасауда қызығушылығын дамыту. Шыдамдылық пен табандылықты дамыту. 	дамыту, қол ұсақ моторикасын дамыту. Бір-біріне достық қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу (шығармашылық дағдыларын дамыту)	әсемдікке, әдемілікке баулу. Еңбек: Бөлме гүлдерін суару. Балаларды еңбектенуге баулу
Балалармен жеке жұмыс	Мансур, Бегімай, Аяла, Бекарыс, Аэлин, Шахсанам жаңылтпаштар айтқызу. Мақсаты: «қ» дыбысын дұрыс артикуляция сын дұрыстау	Мансур, Бегімай, Аяла, Бекарыс, Аэлин, Шахсанам суретті ұқыпты, толық бояу қажеттілігін айтып түсіндіру. (сурет салу)	Мансур, Бегімай, Аяла, Бекарыс, Аэлин, Шахсанам жаңылтпаштар айтқызу. Мақсаты: «у» дыбысын дұрыс артикуляция сын дұрыстау	«Біздің бақша» Мақсаты: Балалар тілін жаттықтыра мәнерлеп оқу.Тақпақтарын анық айтуға үйрету. Мансур, Бегімай, Аяла, Бекарыс, Аэлин, Шахсанам	«Арқан тартыс», «Асық ату» ойындары Мақсаты: шынықтыру шараларының маңыздылығы мен қажеттілігін түсінуге үйрету. Мансур, Бегімай, Аяла, Бекарыс, Аэлин, Шахсанам
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.				
II Серуен	№38	№ 42	№ 40	№41	№ 42
Серуеннен оралу	Серуеннен оралу. Киімдерін шкафқа жинауға, ұқыпты қоюға баулу.				

Балалардың үйге қайтуы Ата-аналармен әңгімелесу	**Өнегелі - 15 минут.** Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мобильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру, ата-ананы балабақша жұмысына тарту, бала мен ата-ана қарым-қатынасын арттыру.				
	Ана – аналармен әңгімелесу. Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.	Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы, балалардың тазалықтары жайлы әңгімелеу.	Төлем ақыларын уақытымен төлеуін айту	Балалардың сұранып үйге қайтуы	Балаланы балалабақшаға уақытында әкеулерін ескерту.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Заң және тәртіп айы

«Тәртіп – тәрбие бастауы»

Топ: “Дарын» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 13 – 17 қаңтар 2025 жыл

Күн тәртібі		Апта күндері			
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	**Өнегелі-15 минут** балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мобильді кітапханада жұмыс, ата-ананың балаға кітап оқуына мүмкіндік жасау, кітапқа деген қызығушылықты арттыру, кітапқа жанашырлық, жауапкершілік таныту. **Күй күмбірі -**балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын арттыру. **Қауіпсіздік ережесі** әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, балалармен бірге жол ережелері туралы мультфильмдер көруге кеңес беру, ұсыну.				
	Балаларды «Көңілді бес саусақ» әдісімен қарсы алу. Демалыс күндері қалай өткендіктері туралы әңгімелесу.(Тілдік қарым-қатынас, сөйлеуді дамыту)	Табиғат бұрышын бақылау. Міндеті: Жыл мезгілі туралы түсініктерін толықтыру. Ойлау және сөйлеу қабілеттерін арттыру. Табиғат бұрышындағы	Көңілді нейро-сәлемдесу. Әңгімелесу: «Қыстың маңызы» Міндеті: балаларды әңгімеге тарту арқылы байланыстыра сөйлеу дағдысын жетілдіру, өз ойын жеткізе білуге баулу.	Әңгімелесу. Балалардан қандай көңіл- күймен келгенін сұрау. Балабақшаға келе жатқанда табиғаттан қандай өзгерсітер байқаны туралы жеке-жеке сұрау (Тілдік қарым-	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Таңғы шеңберді қызыл жүрекшені бір-біріне ұсыну арқылы тілек айтумен бастау (бүгін өте әдемісің, жақсы көңіл-күй тілеймін т.б.) (тілдік қарым-қатынас, сөйлеуді дамыту)

	Ата-аналардан балалардың денсаулықтары жайлы сұрау.	гүлдерді суру, шаңдарын сүрту (тілдік қарым-қатынас, сөйлеуді дамыту, еңбек іс-әрекеті) Ата-аналарға баланы жылдам ұйқысын ашу үшін кеңестер беру	(тілдік қарым-қатынас, сөйлеуді дамыту) Ата-анаға кеңес: Ерте ұйқыға жатқызу және балабақшадан кешіктірмеу	қатынас, сөйлеуді дамыту) Ата-аналарға балаларды ауа-райына байланысты киіндіруге кеңес беру.	Ата-аналардан балабақша іс-шараларына балалармен бірге белсенділік танытуларын сұрау
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары,бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалары)	«Кел орнынына қояйық» аз қимылды ойын Міндеті: жуылған ойыншықтарды сөрелердегі орындарға қойып шығу.	Үстел үсті ойындары «Жол ережелерін білейік» Қауіпсіздік ережелері бұрышында Міндеті: жол белгілерін білуге, жол ережелерін сақтауға дағдыландыру (танымдық іс-әрекет).	Кітап сөресінен қалаған кітаптарын қарау, достарымен талқылау Міндеті: суреттерге қарай отырып өз ойларынан әңгіме құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Кітаптарға ұқыптылықпен қарауға баулу.	Үстел үсті ойыны: «Пазлдар» Міндеті: ұсақ қол моторикасымен қатар ойлау қабілеттерін дамыту. ұжыммен бірлесіп ойнау дағдыларын қалыптастыру.	Үстел үсті ойындары «Дамино» Кітап бұрышынан кітаптар қарау «Ертегілер әлемі»
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу №4				
Таңғы ас	Балаларды үстел үстінде тамақтану әдептерін сақтауға баулу. Бата жаттау Дастарханыңа береке берсін, Бастарыңа мереке берсін, Астарыңа адалдық берсін, Бастарыңа амандық берсін, Дендеріңе саулық берсін, Әумин!				
Ұйымдастырылған іс - әрекетке дайындық	Кезекшілер тәрбиешіге оқу құралдарын таратуға көмектеседі.				
	Жаңылтпаштар жаттау Даланы қар жабар, Қарға балалар аққала қалар. Дөң жатыр, Дөнде тон-тоң көн, жатыр Таяқ жон, Жонсаң жөн жон.	Әңгімелесу «Табиғаттағы өзгеріс» Міндеті: балаларды табиғаттағы өзгерістерді бақылауға шақыру; өз ойларын толық сөйлеммен жеткізуге дағдыландыру	Д/о:«Қай дыбыстан басталып тұрғанын тап» Міндеті: таныс дыбыстарды атай алуға дағдыландыру, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	Д/о: «Жасырылған не екен?» Міндеті: балалардың зейіндерін,есте сақтау қабілеттерін дамыту. Шарты: жарты бейнесі жоқ заттар бейнеленген суреттер көрсетіледі, балалар табады	Жұмбақ жасыру Қабат - қабат қаттама, Ақылың болса аттама. (кітап) Жіп - жіңішке денесі, Ортасында

	Қанат қанағаттанарлық баға алды, Қанағат канағаттанарлықсыз баға алды. Бірқатар қада қада, Қадаларды қатар-қатар қада.				шегесі. (қарындаш) Жазу жазып жалықпаған, Жаза - жаза арықтаған. (бор) Білімнен мол сый - асы, Балғындардың ұясы. (мектеп)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Қаңтар Міндеттері: Дауыссыз дыбыстарды анықтауды ойын барысында үйрету. Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру. Балаларға өлең жаттатқызу, мақал-мәтел, жаңылтпашты қайталату, сөздік қорларын дамыту. Табиғатты сүюге баулу. ҰІӘ барысы: Шаттық шеңбері. Мына әдемі ақ раушан гүлін бір-бірімізге жақсы тілектер айта тұрып берейік. Соңынан тәрбиеші үстел үстіндегі құмыраға гүлді апарып салады. Сұрақ-жауап: – Иә, балалар, жылдың қай мезгіл басталды? – Қыс мезгілі қай мезгілдің соңынан келеді? – Дұрыс, күз мезгілінің соңғы айы қарлы, суық	1.Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы:Аквариумда не тіршілік етеді? Міндеті:Балаларды жанды табиғат бұрышындағы тіршілікпен таныстыру. Балаларды еңбекқорлыққа, құрбыларымен достық қарым-қатынас жасауға үйрету. ҰІӘ барысы: Тәрбиеші «Балықтар» психологиялық жаттығуының көмегімен алдағы сабаққа жағымды эмоциялық көңіл күй қалыптастырады. Балалар өздерін суда жүзген балықтың рөлінде елестетеді. Денесімен жүзген адамның қимылдарын жасайды. Сұрақ–жауап: Декоративті балықтарға арналған үй қалай аталады?	1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:Кеме Міндеттері: Көліктер, олардың түрлері туралы түсінік беру. 1. Өлең арқылы көлік түрлерінің маңызын түсіндіру. 2. Есте сақтау, танымдық қабілеттерін, байқағыштығын дамыту. 3. Еңбекүйгіштікке тәрбиелеу. ҰІӘ барысы:Жұмбақ жасыру: Бір көзім «кідір», – дейді, Бір көзім «жүгір», – дейді, Бір көзім «абайла», – дейді, «Қарап ал маңайға» , – дейді. Тәрбиеші балаларға бағдаршамның суретін көрсетіп, әңгімелеседі. – Мынау не? Негізгі бөлім – Бағдаршам не істейді?	1.Көркем әдебиет. Тақырыбы: Жақсы мен жаман Міндеттері: Жақсы мен жаман туралы түсініктерін кеңейту. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өленді мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету. Сурет бойынша әңгіме құрастыруда эмоциялық-бейнелік мазмұнды баяндау, суреттегі кейіпкерлерді атау, оларға сипаттама беру. Сюжет бойынша шығармашылықпен әңгімелеуде эпитеттерді, теңеулерді қолдану, ойлау, қиялдау қабілеттерін дамыту.	1.Қазақ тілі Тақырыбы: Қазақстаным-Отаным. Міндеті: Балаларға Отан туралы түсінік беруді жалғастыру. Тіл мәдениетін жетілдіру, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, Отан туралы тақпақ үйрету. ҰІӘ барысы: Дыбыстық жаттығулар: Та – та – та Ақ сақалды ата Е – е – е Ақ жаулықты әже Ке – ке – ке Асқар таудай әке На – на – на

	болып, жаңбырлатып, арты қарға ұласады. Міне, сөйтіп қыс мезгілінің алғашқы айы да басталады. – Қыс мезгілінде неше ай бар? – Балалар, қыс мезгілінің үш айы да қарлы, аяз, ызғарлы суықпен өтеді. – Балалар, сендер қар қайтіп жауатынын білесіңдер ме? – Дұрыс, қар жапалақтап, түйіршектеніп те жауады. – Кәне, бәріміз бірге «жапалақтап», «түйіршектеніп» деген сөздерді қайталайық. – Балалар, қардың түсі аппақ, жер бетінде күмістей, жып-жылтыр болып жалтырап жатады. Қар – жұмсақ ұлпа. – Балалар, қыс мезгілін суреттеп, өлең, әңгіме жазған көптеген ақын, жазушылар бар. Бүгін сендер Ә.Дүйсенбиевтің "Қаңтар" өлеңін жаттап аласыңдар. Қаңтар Лебі мұздай ызғарлы, Алып келді қыс қарды. Қысқы түндер ұзарды, Ұзақ күндер қысқарды. Аяз сүйіп қарсы алған, Жердің аппақ тұлғасы. Басталады қаңтардан, Қыс айының ортасы. – Балалар, менімен бірге өлең жолдарын қайталайық. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрайық,	Балықтарды не үшін үйде, аквариумда ұстайды? Суреттерді қарап шығып, балықтар мекендейтін үйдің аквариум деп аталатанын айтады. Балықтарды аквариумда ұстайтын себебі: ол өте әдемі. Онда тіршілік ететін балықтар аквариум балықтары немесе декоративті балықтар деп аталады. Үйінде аквариумы барлар әсерлерімен бөліседі. Балықтардың атауларын атайды: гуппи, семсербалық, кішкентай лақа, шілтеқұйрық. Күрделі сұрақ қояды: Ондағы балықтар адамның қамқорлығынсыз тіршілік ете ала ма? Зерттеу жұмысы: Балықтарды аквариумға салмас бұрын не істеу керек? Талқылайды, тәжірибелік жұмысқа қатысады. Алдымен аквариумның түбіне құм саламыз, құмның үстіне тастар саламыз. Балықтар аквариумның түбінде, тастардың арасында демалады, жасырынады. Содан соң өсімдіктер егеміз. Өйткені өсімдіктер оттегі бөледі. Балықтар сол оттегімен тыныстайды. Және өсімдіктер суды	Тәрбиеші әртүрлі көліктердің суретін көрсетеді. – Адамдар мәшинемен, автобуспен, пойызбен жерде жүреді, тікұшақпен, ұшақпен аспанда ұшады, кememен, қайықпен суда жүзеді. Бұл заттарды бір сөзбен көліктер деп атаймыз. – Суда жүзетін қандай көлік түрлерін білесіңдер? – Кемеде матростар жұмыс істейді, оларды капитан басқарады. – Кемелер жүзу үшін не керек? Тәрбиеші ыдысқа су құйып, қағаз кемені суға жібереді. – Кеме не үшін керек? Кеме тез жүзу үшін үрлеп толқын жасайық. Енді кемеге ат қояйық. Өзімізді кемеде отырмыз деп елестетейік те, Ермек Өтетілеуұлы ағамыздың «Кеме» өлеңінмен танысамыз. Өлеңді мәнерлеп оқып береді. Міне, Кеме, Мінем, Мен де. Сапарға алыс шығамын, Теңіз сырын ұғамын. Жолсеріктей, жан достардай бізден қалмай, Шағалалар шаршамастан шарқ ұрады: Сағымданған, бұлдыраған түзде шалғай.	Жақсы тұлға болып өсуге, жақсылық жасауға тәрбиелеу. ҰІӘ барысы *Шаттық шеңбері* Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік. Күлкі – көңіл ажары, Күліп өмір сүрейік! Тыныштық сәті (релаксация). Балалар көздерін жұмып, терең тыныс алады. «Біз қазір көңіл күйіміздің әлеміне сапар шегеміз. Бұлттың үстінде, биікте қалқып келе жатырмыз. Айналамыз жап-жарық, таза ауа, әсем гүлдердің хош иісі. Өзіңе ұнайтын адамдарды, достарыңды кездестірдіңдер. Барлығы өте мейірімді, көңілді. Бізге қол бұлғайды. Біз де қол бұлғаймыз. Ал енді бәрімен қоштасайық. Біздің қайтатын кезіміз келді. Бұл сендердің көңіл күйлеріңнің әлемі. Көздеріңді ашыңдар. Көз алдарыңа нені елестеттіңдер?» - Бүгін біз Рақым Тышқанбаевтың «Жақсы мен жаман» өлеңімен танысамыз.	Мейірімді ана Ға – ға – ға Қамқоршы аға Ыз – ыз – ыз Айналы жақсы қыз Ла – ла – ла Сая пысық бала Отан туралы тақпақты ассоциация тәсілі арқылы жаттату. Жартысын толықтыр: балаларға жартылай салынған суреттер беріледі. Толықтырып салып, бояу ұсынылады. 2. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: О дыбысы Міндеті:: «О» дыбысын таныстыру, буын туралы түсініктерін бекіту.: сөздерді буынға бөліп үйрету. жұмысты таза және ұқыпты орындауға тәрбиелеу.

	Қолды белге қояйық. Бұрыламыз оңға бір, Бұрыламыз солға бір. Бір, екі, үш Бір, екі ,үш (мұрнымен дем алып) Демімізді алайық. Тәрбиеші балаларға қыс мезгіліне арналған мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіріп қайталатады. Мақал-мәтелдер 1. Қысына қарай – көктемі, Диқанына қарай – егіні. 2.Қар жауды деп қуанба, Артынан келер аязы. 3.Қыс қамыңды жаз ойла. Дидактикалық ойын: «Дауыссыз дыбыстарды анықта». Ойын шарты: «Қаңтар» өлеңіндегі «мұздай», «ызғарлы», «қарлы», «түндер», «ұзарды», «қысқарды» сөздерінің ішінен дауыссыз дыбыстарды педагогтің көмегімен табу. Мысалы: «мұздай» сөзіндегі «д» дыбысы – дауыссыз дыбыс. «Ызғарлы» сөзіндегі «з» дыбысы – дауыссыз дыбыс. Тапсырма ауызша орындалады. 3. Қорытынды бөлім. Рефлексия – Балалар кімнің өлеңін жаттадыңдар? – Өлең қыс мезгілінің қай айына арналған екен?	тазартады. Оның жапырағына балықтар уылдырық шашады. Кейін одан кішкентай балықтар пайда болады. Балықтар өсімдіктердің арасында ойнайды,тығылады. Және оларды жейді. Балықтың тіршілік етуі үшін судың маңызы зор. Аквариумға құятын суды бірнеше күн бұрын тұндырып қоямыз. Себебі, судың құрамындағы балықтарға зиянды заттар түбіне шөгуі тиіс. Содан кейін аквариумға ұлуларды саламыз. Олар аквариумның қабырғаларын, түбін тазалап, балықтардан қалған тамақтардың қалдығын жейді. Ұлулар – аквариумның санитарлары. Балықтар ауа жетпей жатса, аквариумның бетіне шығып тыныстап алады. Суда оттегі жеткілікті болуы үшін аквариумға компрессордың көмегімен ауа жібереміз. Жарық болуы үшін үстіне лампа қоямыз. Егер аквариумдағы су тым салқын болса, кейбір балықтар тіршілік ете алмауы мүмкін. Бірақ ондағы суды қатты жылытуға да болмайды. Қатты жылытылған су лайланып кетеді және онда	Кememізді жағалаулар шақырады. Тәрбиеші өлең мазмұнын сұрақ қою арқылы сұрайды. – Өлең не туралы? – Кемеге жол серік – деп нелерді айтып отыр? – Алыс шалғайда не көрінеді? – Енді осы өлеңді суретке қарап отырып, қайталап жаттап алыңдар. Сергіту сәті Пойыз Кәне, кімнің бойы ұзын, Паравозы ол пойыздың. Қатар-қатар тұрайық, Пойызды бір құрайық. Ал, паравоз, баста алға, Бәрімізді басқар да. Піш-піш, піш-піш, біз кеттік, Жүрісті тым үдеттік. Гу-гу,гу-гу гуілде, Қалып қойма бәрің де. *(Ж.Смақов)* Ойын:көліктерге жол сал Шарты: Суреттегі көлік түрлерінің жолдарын салу. Құрлықта жолмен жүретін болса астына жол, аспанда ұшатын болса бұлттар, суда жүзетіндерге көл салып беру керек. Қорытынды 2.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: М дыбысымен танысу Міндеті: М дыбысымен танысу; оның сөздегі орнын айыра білу, буынға бөлу,	- Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін түсіндіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді. Жақсы бала ол анық, Істемейді шалалық. Тап-таза боп жуынып, Алады ол таранып. Сұрақ жауап: - Өлең қалай аталады, не туралы айтылған? - Сендерге ұнады ма? - Жақсы бала деп қандай баланы айтамыз? - Жаман бала деп кімді айтамыз? - Сен қандай бала болғың келеді? Сергіту сәті: Қол алысып қане біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тік тұрыңдар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Қандай жақсы дос болу. Жылуыма жылу қос, Міне, менің қолым, дос. - Өлең шумағындағы сөздерді есімізге түсіріп қайталайық.	ҰІӘ барысы:- Қане, балалар, енді біз өткен дыбыстарды еске түсіріп, қайталайық. (а, т, н, ә, р)- Бұлардың бәрі де-дыбыстар. - Мен қазір бір жұмбақ жасырамын, сол жұмбақтың жауабының бірінші дыбысы бүгінгі танысатын жаңа дыбыс. Жұмбақ: Оң жағымда бес сарбаз, Сол жағымда бес сарбаз. Он саусақ сөзінде ең біріңші «о» дыбысы тұр. Кәне, бірге «о» деп қайталайық. «О» дыбысының дұрыс артикуляциясы мынандай: «о» дыбысын айтқанда ерін дөңгеленіп, тілдің ұшы астыңғы тістен алыстап, арт жағы көтеріледі. «О» - дауысты

	2.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Қыс мезгілі» «С дыбысымен танысу» Міндеттері: Сөз, буын туралы ұғымдарды бекіту, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтауға, сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру. ҰІӘ барысы: Ойын: «Бұл қай кезде болады?» Шарты: балалар жұмбақтардың шешімін табады. Жұмбақ : Қалбалақтап ұшады. Қанаты талып, Жерді барып құшады. (Қар) Қолы мен қаламы жоқ, Бірақ сурет салады көп. (Аяз) Қыста шыны боп қатады, Жылыды су боп жатады. (Мұз) Мүлгіп тұрған бақ тыныш, Оранып ты ақ күміс. (Қырау) Ойын-тапсырма: «Буынға бөл» Шарты:балалар аққала, шырша, сағат, қолғап т.б. сөздерді буынға бөледі. Ойын: «Сөздегі «С» дыбыстың орнын тап»	оттегі аз болады. Салдарынан экожүйедегі тепе-теңдік жойылып, балықтар өліп қалуы мүмкін. Сондықтан аквариумда белгілі бір температура сақтаған жөн. Сергіту сәті Балық жүзді таза суда, Бір керіліп, бір жиырылуда. Жүзіп, жүзіп шаршағанда, Тығылады тасты құмда. Балаларға аквариумдағы балықтармен танысып, олардың өздеріне тән белгілерін атап беруді тапсырады. Балықтың қандай дене мүшелері барын, оның жүзуіне не көмектесетінін, денесінің немен қапталғанын, балықтың қандай дене мүшесі арқылы тыныстайтынын айтады. Мүсіндеу: аквариумды толтырайық. 2.Көркем әдебиет Тақырыбы: «Ғаламтордың пайдасы» Міндеті: Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен ғаламтордан алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру. ҰІӘ барысы: «Ғаламтордың пайдасы» туралы видеоролик көру.	дыбыстық талдау жасатуға, сөйлем құрауға үйрету. Балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін арттырып,тіл байлығын дамыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету. ҰІӘ барысы: Үлкенге де сіз, Кішіге де сіз. Қонақтарды құрметтеп, Бас иеміз біз. Жұмбақ жасыру. Өзі ақ,жеңіл,үлпілдек, Бағалы, қажет өсімдік. Аламыз одан май да, Тігеміз одан киім де. *Мақта.* Мақта-көпжылдық өсімдік туысы,бағалы талшықты дақыл. Мақтадан тағамдық техникалық май, мақта мамығы т.б.өнімдер алынады.Мақта тоқыма өнеркәсібі үшін негізгі шикізат.Мақтаның ұзын талшықтарынан әр түрлі маталар-бәтес, сәтен тоқылса, қысқа талшықтарынан пластмасса,фотопленка,дәрілік мақта,жанғыш пілте, жасанды жібек, жіп т.б. дайындалады. -Балалар мақта сөзі қай дыбыстан басталып тұр? -М дыбысы қалай айтылып тұр? -Олай болса қандай дыбыс? -Қандай текшемен белгілейміз?	3-4 балаға өлеңді мәнерлеп жатқа айтқызу. *Есіңе сақта:* «Болғың келсе жақсы адам, Жақсылық жаса әрқашан». Қорытынды Балаларды мадақтау. - Сабақта сендерге не ұнады? - Сендер отбасыңа, досыңа қандай жақсылық жасадыңдар? 2.Қазақ тілі Тақырыбы: Қысқы киім. Міндеттері: Киімінің қазақша атауларымен таныстыру; оларды топтай алуға үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтып, айыра білуге дағдыландыру ҰІӘ барысы: Шаттық шеңбері: Қайырлы күн алтын күн Қайырлы күн Жер-Ана Қайырлы күн Апайым Қайырлы күн – достарым ҰІӘ барысы: Қонаққа қысқы киіммен бала келеді.	дыбыс. Дауысты дыбыстарды қызыл түспен белгілейміз. Тәрбиеші балаларға ауада жазып көрсетеді. - Енді «о» дыбысынан басталатын сөздер ойлап айтыңдаршы. (Орақ, орман, от, ошақ, отын, орамал, он саусақ-бұл сөздер екі және үш буыннан құралған). - Енді осы сөздерді буынға бөліндер, неше буыннан құралған екен. (О-рақ, ор-ман, о-шақ, он сау сақ) - Енді өздерің айтқан «орақ» «орындық» сөздерін қатыстырып сөйлем құрандар. Мысалы, о-рақ сөзін буынға бөліп дыбыстық талдау жасайық. - Орақ сөзі неше буыннан тұрады?

	Шарты: берілген «С» дыбысын сөзде басында, ортасында немесе соңында екенін тауып айтады. Дыбыстық талдау: «Сағат» Жаңылтпашты жатқа айту. Шеше шеше Неше кесе Сынды кеше Дәптермен жұмыс: үзік сызықтарды қосу арқылы бастырып жазады. 3.Математика Тақырыбы: Заттар тобын салыстыру және санау. Міндеттері: теңдік туралы ұғым қалыптастыру. топтарда заттардың тең санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылауға үйрету; талдау және қорытындылау білігін дамыту; дербестікке баулу. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. ҰІӘ барысы: –Балалар ойыншық дүкеніне барғыларың келе ме? – Онда не бар екенін көрейік. Тәрбиеші тақтаның алдына шыққан балаларға бір сөренің екі жағында орналасқан заттардың арасында өзара бірмәнді	«Менің ойымша...» сұрақ-жауап ойыны Шарты:тәрбиеші сұрақтар қояды, балалар өз ойларын осы сөзен бастаулары керек. 3.Математика негіздері Тақырыбы: Шартты өлшем. Міндеттері: шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын дамыту; үлгіден ұзынырақ (қысқарақ), жоғарырақ және оған тең заттарды табу білігін қалыптастыру. Зейінді,логикалық ойлауды және сөйлеу дағдысын дамыту. ҰІӘ-нің барысы Тәрбиеші: Балалар, бүгін мен жұмысқа келе жатып, екі ағаш кесушінің дауына куә болдым. Олардың екеуі қажет емес ағаштарты кесіпті. Енді кімдікі ұзынырақ деп дауласып жатыр екен. Біз кімнің кескен ағашы ұзынырақ екенін анықтауға көмектесе аламыз ба? Кесілген ағаштардың ұзындығын қалай салыстыруға болады (бір-бірінің үстіне салу арқылы)? Тәрбиеші: Бір-бірінің үстіне салу тәсілін	-М дыбысы сөздің басында, ортасында, соңында кездеседі. Мыс:Мысық,алма, алмұрт, жүзім Буынға бөлу,дыбыстық талдау жасау,сөйлем құрау. *Дәптермен жұмыс* *Оқу* м-а ма ма мата шам мал м-ай май-мақ *Сергіту сәті* Қоюланып тағы бұлт, Жаңбыр жауды себелеп. Жапырақты жамылып, Бұға қалды көбелек. -Балалар, М әрпі неге ұқсайды?(қол алысып тұрған екі балаға,түйенің екі өркешіне) М әрпін қаламмен, жіппен, саусақпен жасап көрейік. *Жазу* М әрпін алдымен ауада жазу,сосын дәптерге жазу. М М М м м м *Ойын* М дыбысы басында, ортасында, соңында кездесетін топтағы ойыншықтарды табу. Қорытынды. Мадақтау 3.Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы:Әтеш қай кезде шақырады? Міндеттері:Үй құстарының атауларын білу және оларды	Балаларға сұрақ-жауап: -Балалар қонағымыз бізбен бірге іште ойнау үшін не істеу керек? Сендер қонағымызға киім атауларын дұрыс айта алған сайын ол сол киімін шешеді. Қанекей кім атайды? Аз қимылды ойын: «Кім шапшаң?» Шарты: балалар екі топқа бөлініп, екі топтан бір-бір баладан отырады. Тәрбиеші қысқы киімнің атауын айтқан кезде, киімді алып отырған баланы киіндіреді. Қай топ ұқыпты бірінші киіндірсе, сол топ жеңіске жетеді. -Ал балалар қонағымыз үйіне қайтуы керек, сендер қайтадан киімдерді реттілікпен атаңдар, қонағымыз киінсін. Балалар қараңдаршы қонағымызда қай киім жетіспейді. (қолғап) Балаларға қолғаптарды әсемдеу ұсынылады. 3. Математика негіздері Тақырыбы: Пішіндер неге ұқсайды?	- О-рақ-екі буыннан тұрады. - Төрт дыбыс бар. О – дауысты; Р – дауыссыз; А – дауысты; Қ – дауыссыз; (Қайталау) «Телефон» ойын Ойын шарты: телефон арқылы айтылған сөзді басқа балаға жеткізесіңдер. Егер телефон үзіліп қалса, үзіп алған бала айыбын төлейді. Дәптермен жұмыс. 3. Қорытынды: 3.Музыка Қайталау . Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, әндерді үйрете отырып,аспаппен сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдысын дамыту. Ән тыңдау: :«Етікші әні» Ән салу: «Тәрбиеші

	сәйкестікті анықтауға көмектеседі. – Олар тең болуы үшін не істеу керек? – Дұрыс. Бір жағынан артығын алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қою қажет. – Сол жақтағы ойыншықтарды санаймыз. Тәрбиеші ойыншықтарға саусақ тигізіп, дауыстап санауды сұрайды. Мысалы, 4 ойыншық кесе бар. – 4 саны жазылған карточканы қоямыз. – Тәрелкелерді санаймыз. Олар неше? (3) – Қайсысы көбірек? Қайсысы азырақ? – Енді басқа сөредегі ойыншықтарды санаймыз. – Неше шырша бар? (5). – Неше саңырауқұлақ бар? (6) Одан кейін тәрбиеші екі түрлі ойыншықтардың саны тең болған жағдайда оларды салыстыруды ұйымдастырады. – Алмаларды санандар. Олар неше? (5). – Алмұрттарды санандар. (5). Қайсысы көбірек? Қайсысы азырақ? Олар тең. Олардың санының тең (бірдей) екенін белгілеу үшін біз білетін қандай таңба бар? Дұрыс, ол «=» таңбасы. Жазбаны оқыңдар: 5=5.	пайдалану әрқашан қолайлы бола бермейді. Заттың ұзындығын өлшеуге арналған басқа да тәсілдер бар. Кез келген затты шартты өлшемнің көмегімен өлшеуге болады. Шартты өлшем ретінде таспаны, бауды, қаламды немесе кез келген басқа затты пайдалануға болады. Бүгін біз шартты өлшем ретінде жасыл қағаз таспаны пайдаланамыз. Менің қалай өлшейтінімді мұқият қараңдар. Екеуінің де бұрышын бір-біріне сәйкес келтіріп, шартты өлшемді кесіндінің үстіне саламын. Шартты өлшемнің шеті қай жерде болса, сол жерге белгі саламын. Келесі өлшем осы жерден басталады. Осы кесіндінің неше шартты белгіге тең екенін санауды ұсынады. Ағаштың ұзындығын кім өлшейді? Ағаш неше шартты өлшемге тең? Біз кәділердің қайсысы ұзынырақ екенін білдік. Дауды шештік. Балалар өздерінің салыстыру тәсілдерін ұсынады. Балаларға ағаштар беріледі және олар ұзындығы бойынша салыстырады. Санайды.	бір-бірінен ажырата білу қабілеттерін нығайту. Табиғатқа қайырымды болуға, эмоционалдық, эстетикалық және этикалық сезімдерін қалыптастыру. ҰІӘ барысы: Жұмбақ жасырады. Бұрап қойған сағаттай, Айғайлайды таң атпай. Ол не? (Әтеш) Өлең оқиды. Ақ тауық-ай, ақ тауық Ақ тауық неден қақсауық? Ертеменен қыт-қыттап, Ауламыздан шықпайды. Ақылдылар тартысы. Әр бала «Әтеш қай кезде шақырады?» деген сұраққа қысқаша жауап береді. Бұрын айтылған жауаптарды қайталамауға тырысады. -Өзге құстардан айырмашылығы қандай? Балапандар қалай аталады? Балалар суреттерді қарап шығады. Үй құстарын атайды. Адам күтіп-бағатын құстарды үй құстары деп атайды. Адамдар оларға қамқорлық жасайды. Балапандарды: балапан, үйректің балапаны, бала қаз, күрке тауық балапаны деп атайды. Адамдар құстарға жем, су береді, оларға арнап күрке, қора салады. Құстардың пайдасы көп. Олардың еті мен жұмыртқасы – тамақ, жүнін	Міндеттері:геометриялық денелердің атауларымен таныстыруды бекіту; қоршаған орта заттарының нысаны туралы ұғым қалыптастыру. Қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуға, есептерді шығарған кезде ойлануға, әртүрлі белгілер бойынша салыстыруға үйрету. Зейінді, жады мен сөйлеу дағдысын дамыту. Дербестікке баулу. ҰІӘ барысы: Шаттық шеңберін құруға шақырады. – Бүгін біз геометриялық пішіндер еліне саяхат жасаймыз. Геометриялық елде барлық жерде геометриялық пішіндер бар. – Ағаштардың суреттеріне қараңдар. Қандай геометриялық пішіндерді көріп тұрсыңдар? Шаттық шеңберіне тұрып, өздері білетін өлеңді бәрі қосылып айтады, мәтінге сәйкес қимылдар жасайды.	апай» М.Дауылбаев Аспапта ойнау: «Көңілді қасықтар» «Әуенді-ырғақты ойын» «Аспазшылар» биі Ойын:«Аппақ қар» Шарты: Балалар әуеннің ырғағымен айнала қимылды әуенге қосылып билейді.4.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Тату тәтті баламыз!» Міндеті: Балалар арасындағы достық қарым-қатынасты орнатуға және ұжымның ұйымшыл болуына жағдай жасау. Допты оң және сол қолмен еденге кезекпен ұруды жаттықтыруды жалғастыру. Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге

	Бекіту үшін жұмыс дәптерінде тапсырманы орындауды ұсынады. Теңестіру үшін бір жағынан артығын алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қою қажет деген қорытындыға келеді. Балалар ойыншықтарға саусақ тигізіп санайды. Цифр жазылған карточкаларды алады. Осы карточкаларды ойыншықтардың астына қояды. Ойыншықтардың тең санын салыстырып, теңдік құрастырады. 5=5. Оны оқиды. Тапсырманы орындайды. Қорытынды. Мадақтау 4.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз бір отбасындаймыз!» Міндеті: Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету, қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін дамыту. Еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып жүру және теріс қарап, тепе-теңдіктерін сақтап жүруге жаттықтыру. Бір-бірінен 1 м арақашықтықта жатқан заттар арқылы фитболды	Тапсырманы орындайды, «ұзынырақ – қысқарақ», «өлшем» сөздерін қайталайды. Сергіту сәті. *Бір, екі – басыңды көтер,* *Үш, төрт – қолдарыңды соз,* *Бес, алты – жаймен отыр.* *Бір – созыл, созыл,* *Екі – еңкей, түзу тұр,* *Үш – үш рет қол соқ.* *Басыңды үш рет изе.* *Төрт – қолдарыңды соз,* *Бес – қолдарыңды серме,* *Алты – орныңа отыр.* Тапсырма : алдарыңдағы тәрелкелерде көк және қызыл қағаз таспалар жатыр. Тәжірибелік жолмен таспалардың қайсысы ұзынырақ екенін дәлелдеп көріңдер. Қара таспа – шартты өлшем. – Таспалардың қайсысы ұзынырақ? – Неліктен қызыл таспа ұзынырақ? – Қызыл таспа неше шартты өлшемге тең? – Көк таспа неше шартты өлшемге тең? Қайсысы көбірек: 3 пе, немесе 4 пе? 2, 3,4-тапсырмаларды орындауды ұсынады. Жаттығу жасайды. Практикалық жұмыс орындайды: шартты өлшемнің көмегімен таспалардың ұзындығын	тұрмыста қолданады, яғни көрпе. Жастық жасайды. Сергіту сәті Тауық тары жинапты, Оны ешкімге қимапты. Бөтекесін толтырып, Қамбасына құймапты. Қыста тауық қақылдап, Тары іздеп жүр тақылдап. Үй құстарының қауырсынымен тәжірибелік жұмыс. Қауырсынның қасиеттерін анықтайды... (тығыз, қатты, үлкен). Бұл қауырсын жеңіл ма, ауыр ма? Салыстыру үшін балалар бір қолына қауырсынды, екінші қолына тас салады (жеңіл екен). Жоғары қарай лақтырады. Қауырсын жерге айналып, асықпай қалықтап түседі. Өзің зерттеген қауырсынның суретін сал. «Іс-әрекетті таңда» ойынын ұйымдастырады (доппен ойналады). Балалар бір-біріне доп лақтырып, құстардың іс-қимылдарын атайды: ұшады, шоқиды, секіреді, сайрайды, қауырсынын тазалайды, ұя салады, балапан басады, балапандарына қамқорлық жасайды, ұйықтайды, ағаштың бұтағына қонып отырады, қорек іздейді. 4. Жапсыру	Суреттерге қарап, өздеріне белгілі пішіндерді атайды. -Балалар, мына бұйымдарға қараңдар. Олар қандай пішіндерден жасалған? Өз бұйымдарыңды құрастырыңдар. Бүгінгі сабақта қандай пішіндермен жұмыс істейміз? «Затты тап» ойыны. Жинақтағы геометриялық денелерді кезек-кезек көрсетіп, қандай заттардың оларға ұқсайтыны (осындай пішінге ие) туралы сұрайды. Сергіту сәті Ақылды біз баламыз, Тез ұғып бәрін аламыз. Сөздерді анық айта алар, Біз дарынды баламыз. Ұрып қатты шапалақ, Аяқты нық басайық, Рақаттанып керіліп, Күлімдейік, шаттанып. Балалар мәтін бойынша қимылдар жасайды. Д/о: Танграмм Шарты: берілген пішіндерден басқа пішін шығару керек. Балалардың әрқайсысы өз белгілері	үйрету, қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін дамыту. Арақашықтығы 70 см заттардың арасымен оң және сол аяқпен кезекпен секіруді жетілдіру. Қозғалыс үйлесімділігін дамыту, қозғалыс кезінде тапқырлық таныта білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру. Төзімділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.. ҰІӘ барысы: І. Қимыл-қозғалыс ойыны: «Жұбыңды тап!», тізбекке екі-екіден тұрады. Жүру, жүгіру. Бір-бірінің аяқтарын басып кетпеулерін қадағалау. Түрлі түсті қолорамалдарын алып, орамалдардың түстеріне сәйкес

	саусақтарымен домалатып алып жүруді бекіту. Тапсырманы өз бетімен орындауға баулу және шыдамдылық, ептілік, күш секілді дене сапаларын дамыту. ҰІӘ барысы: I. Бір тізбекпен табанды өкшеден аяқтың ұшына қарай басып жүру. Тыныс алуды қалпына келтіру. II. Құрсаумен орындалатын ЖДЖ, құрсауды айналдыру, құрсауды тігінен қойып айналдыру, қолдың моторикасын, шапшаңдық секілді дене сапасын дамытады. Негізгі қимыл-қозғалыстарды алмастыру тәсілімен орындау: Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеуге үйрету, қол мен аяқ қозғалыстарының үйлесімділігін дамыту. Алма-кезек адымдап өрмелеу, тепкішектерден дұрыс ұстау, қауіпсіздік техникасына басты назар аудару қажет. (4 рет) Тепе-теңдік – еденде иректеліп жатқан жіп үстімен басына құм салынған қапшықпен қолды екі жаққа созып жүру және теріс қарап, тепе-теңдіктерін	өлшейді. Қорытынды жасайды. 4. Музыка Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту: Ән тыңдау: :«Жас дәуірдің түлегіміз» (Т. Жұмалиева, Е. Өтетілеуұлы) Ән салу: «Қыс қызығы» Әні мен сөзі: Акошева З. Аспапта ойнау: «Көңілді қасықтар», «Әуенді-ырғақты ойын», «Орманға саяхат» Оразбаева Н.М Ойын:«Үш күн» Шарты:Балаға әуеннің көңіл күйін білдірітен үш түрлі (көңілді, көңілсіз, сабырлы) күндер беріледі.Музыка жетекшісі музыкалық шығарманы ойнайды. Балалар әуеннің көңіл күйіне сай күнді жоғары көтереді. Егер де балаға музыкалық шығарма таныс болса, ол бала шығарманы атын атайды. Күтілетін нәтиже: Балалар әнді музыканың сүйемелдеуімен және сүйемелдеусіз айту дағдыларын біледі.	Тақырыбы: «Табиғат нысандары» бейнелерді айқын беру үшін сұлбаны қию және жыртып жапсыру тәсілдерін қолдануды үйренеді. Ұйымдастыру кезеңі: Балалар тірі табиғат пен өлі табиғат заттарын атап бере қойыңдаршы. Топтарға бөлу: гүл суреттері арқылы. Нұсқау беру: -Балалар топтаса отырып, Тау ,өзен, күннің қандай маңыздылығы ,пайдасы туралы әңгімелесеміз. «Тау ,өзен, күн» Әр топ тау ,өзен, күнді жапсыру үшін алдымен қырқамыз,сосын оны жыртып, жапсырамыз.. Жаппай бақылау,қарқын, жылдамдық, уақыт арқылы саралау. Кері байланыс беру: сұрақ-жауап арқылы. **№ 5 қауіпсіздік сабағы**	бойынша пішіндерді таңдап, жинастырады. Фигураларды талдап, өзара салыстырады. Қорытынды. Сұрақ-жауап 4.Дене шынықтыру (таза ауада) Тақырыбы: «Хоккей ойнап үйренеміз» Міндеті: Балалаларды хоккей ойынымен таныстыру, қозғалысқа дұрыс бастама болатын бастапқы қалыпқа дұрыс тұруды үйрету. Шайбаны ілгері бағытта алып жүруге үйрету. Жұппен қозғалу, қозғалыс кезінде аяқ-қолдың қимылдарын үйлестіруге, жұмсалатын күш-қуатты дұрыс мөлшерлеу, бөлуді үйрету. Қозғалыстағы тапқырлық, көзмөлшері, спорттық жабдықтарды қолдануда зейінін шоғырландырып, тұрақтандыруды дамыта түсу. ҰІӘ барысы: Негізгі кезең I. Имек ағашпен жаттығулар орындау: Бір қолдан екінші қолға ауыстыру,	жұп болып тұрады. Зал ішінде педагогтің белгісі бойынша шашырап жүреді. «1, 2, 3 – Өз түсіңді тап!» деген бұйрық бойынша жұп болып екі тізбекке жылдам тұрады. Жүруді жүгірумен алмастырады. Бағыт қозғалысын сақтайды. II. Ырғақты гимнастика. Негізгі қимыл-қозғалыстарды алмастыру тәсілімен орындау: «Баскетбол» – допты оң және сол қолдың саусақ ұштарымен еденге кезекпен ұруға үйрету. Нұсқау – бастапқы қалыпты дұрыс қабылдау, допты алақанмен соқпау. Допды еденге бір қолмен соғады, еденнен

	сақтап жүруге жаттықтыру. (3 рет) Бір-бірінен 1 м арақашықтықта жатқан заттар арқылы фитболды саусақтарымен домалатып алып жүруді бекіту. Тапсырманы өз бетімен орындауға баулу және шыдамдылық, ептілік, күш секілді дене сапаларын дамыту. (3 рет) Ойын: «Тигізбе!» (4 рет) Мақсаты: Шапшаңдық секілді дене сапасын дамыту, қимыл-қозғалыс тәжірибелерін қолдана білу. Айналып тұрған секіртпенің астынан жүгіріп өту. III. Тыныс алу гимнастикасы: «Отбасы» «Қол ұстасып тұрып, бәрімізді бір отбасы деп сезінейік. Бәріміз бірге дем аламыз, дем шығарамыз (3 рет). Өте жақсы. Жүрегіміздің қалай соққанын тыңдайық. Түк – бір адым алға, түк – бір адым артқа (3 рет) ». Қорытынды кезең (рефлексия).			айналдыру, қолдарына имек ағашты ұстап тұрып сермеу, имек ағашты бір қолдан екінші қолға ауыстырып, денені айналдырып қозғалту, имек ағашты екі қолмен айналдыру. Қауіпсіздік ережелерінің сақталуын, балалардың қажетті арақашықтықта тұрғанын қадағалау. II. «Тарт-итер». Қауіпсіздік ережелерінің сақталуын, итеру-тарту дұрыс мөлшерлеп, бөлінуін қадағалау. Залдың бір шетінен екінші шетіне қарай қозғалады. Имек ағаштан ұстап, бір-біріне қарап тұрады. Бір бала арқасымен жүреді, екіншісі итереді. Шайбаны түзу бағытта алып жүру. Имек ағашты екі қолымен емін-еркін, дұрыс (үстінен күштірек қолымен ұшына таман ұстап, астынан бағыт беру үшін әлсіздеу қолымен) ұстауына көңіл бөлу.	ыршыған допты саусақтарын ашқан күйде күтіп алады. Тапсырманы орындап болғаннан кейін допты себетке салады.Гимнастикалық қабырғаның жоғарғы жағына дейін біраттас тәсілмен өрмелеу. (4 рет) Тепкішектерден дұрыс ұстауға талпынады: басбармағын төмен жақтан, қалған төрт саусақпен тепкішектің жоғарғы жағынан ұстайды. Сатыдан асығыс өрмелемейді және секіріп түспейді. Арақашықтығы 70 см заттардың арасымен оң және сол аяқпен кезекпен секіруді жетілдіру. (3 рет) Кегельдерді құлатпауға тырысады.

				Қатар-қатар тұрып, қарама-қарсы жақта тұрған серігіне шайбаны дәлдеп алып барады. Имек ағаштың басындағы қыры толық мұзда жатуын қадағалауға тырысады. Шайбаны беріп, өздері орнына жүгіріп қайтып келеді. «Мұзшалар, жел мен аяз» қимыл-қозғалыс ойыны. Алаңқайды толық пайдаланып, бір-біріне соғылмай қозғалу керек. Ойыншылар екі шеңбер құрып тұрады. Бір шеңбер ақ қаршаның төңірегінде, екінші шеңбер көк қаршаның төңірегіне құрылады. Балалар шеңбер бойымен жай жүреді. «Жарқырап ақша қар, Сылдырлап ұшады! Дың, дың, дың!» шеңберде жүреді. «Жел!» дегенде, шашырап жүгіре жөнеледі. «Аяз!» дегенде, қайта жүгіріп келіп өз шеңберін қайта құруы керек. Бірінші болып тұра қалған команда ұпай алады. Бірнеше қайталағаннан соң, ең	Қимыл-қозғалыс ойыны: «Еденде тұрып қалма». (4 рет) Ұстаушы бала таңдалады. Қалған балалар биіктігі 30 см заттардың үстінде тұрады. Балалар секіріп түсіп, зал ішінде жүгіріп жүреді. Педагогтің: «Ұста!» деген бұйрығы бойынша орындарына жүгіреді. Ұстаушы бала секіріп орындарына шыға алмаған балаларды ұстайды. Ұсталған балалар бір шетте отырады. Сауықтыру массажы: «Шапалақта».(3 рет) 1. Алақандарын бір-біріне үйкелейді. 2. Алақандарымен шекелерін шапалақтап соғады.

				көп ұпай жинаған команда жеңеді. Қорытынды: дем алу жаттығулары	3. Беттерін шапалақтап соғады. 4. Мойындарын шапалақтап соғады. 5. Кеуделерін шапалақтап соғады. 3. Қорытынды кезең (рефлексия).
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру				
Серуен	№ 2 Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу. Мақсаты: балаларды қар ұшқындарының қалай пайда болатынын, олардың құрлысымен таныстыру, сонымен бірге балаларды байқағыштыққа тәрбиелеу. Балаларға қар ұлпасын қағып алып, зейін қойып, анықтауғұсыну. Қар ұшқыны алты қанаттан тұрады, олар бір—біріне өте ұқсас келеді. Қар ұшқыны жаңбыр сияқты, бұлтта жаратылады. Су буы өте жоғары көтеріледі: сол жоғарыда ауаның температурасы өте төмен болғандықтан, сол су буларынан кішкентай ғана мұз қиыршықтары	№ 7 Терезедегі өрнектерді бақылау. Мақсаты: балаларға құбылысты түсіндіру. Олардың ойын толықтыру. Терезедегі өрнектерді бақылау. Тапсырма: трафареттің көмегңмен «Аяз атаның терезеге салған келемежді суреттері» атты ұжымдық жұмыс жасау. Көркем сөз: Бір топ бала сырғанап, Барады әне жарысып. Қалды артта қыр қалып. Қимылды ойын: «Айлакер түлкі» Мақсаты: оңды – солды жалтырап жүгіруге жаттығу. Еңбек: қардан бекініс жасауды үйрету. Мақсаты: күрекпен қарды ойып, үй салуды,	№12 Саябаққа саяхат Мақсаты: қыстың (нышаны) белгілері туралы балалардың білімін анықтап, толықтыра түсу.Балалардың сөз құрамында:қыс,қар, мұз, аяз,қар қырш-қырш еттеді,жалтырайды,жылтылдайды басқа қысқа байланысты сөздер қолдану.Балаларды табиғаттың қамқоршысы,жанашыры етіп тәрбиелеу. Тапсырма: «Қыс кемпірдің бқзықтығы» атты тақырыпта шағын әнгііме құрастыру,қыстың жағымды,жағымсыз құбылыстары туралы. Көркм сөз: Ақ қар жауды,	№10 Алаңдағы ағаштарды бақылау Мақсаты: балалардың ағаштарды қыс кезінде қалпын анықтап, білімін толықтыру. Тапсырма: «Таңғажайып ағаштарды безендіреміз» тақырыбына сурет салу. Ағаштарды сыртқы түсінен, түрінен, бұтақтарынан қалай орналасуынан танып, айыруға үйрету. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу. Сұрақтар: 1. Жапырақсыз ағаштарды қалай атаймыз? 2. Жапырақтар неге күзде түсіп қалады? 3. Ағаштар бір біріне немен ұқсас?	№ 13 Күн көзін бақылау. Мақсаты: күннің көзін қыс мезгілімен (қыстың басы, ортасы,аяғымен) байланыстырып, балаларға барынша мол түсінік беру.Күн қысқарады-желтоқсанның 22-сі ең қысқа күн болып есептеледі. Күннің көзі «ұясынан» сәл ғана көтеріліп, біраздан соң кешкі ұясына барып қонды. Күн қысқа әрі суық .Көлеңке ұзарды. Көркем сөз: Батар күннің атар таңы бар. Қимылды ойын: «Жұп болып эстафета ойының жүргіжу»

	пайда болады. Алты қырлы мұз түйіршіктері өсіп кішкентай жұлдызшаларға айналады, сөйтіп қар ұшқындары жерге түседі. Көркем сөз: Жазда көлге мұз қатты, Табанымды мұздатты. Мұз ойылып кетті тез, Күліп едік, біз қатты. Қимылды ойын «Ортаға түспек» Мақсаты: тез жүгіріп секіруге,ептілікке үйрету. Еңбек: қар атжалдарын жасауға балаларды үйрету. Жеке жұмыс: шаңғыда жүре білуге машықтану. Мәтел: Қар көп болса, астық көп болады. Жұмбақ: Қолы жоқ, сурет салады Тісі жоқ, тістеп алады	бекет тұрғызуды үйрету. Жеке жұмыс: қар атжалына секіріп шығу және одан жерге түсуге үйрету. Жорамал: қыз аязды болса – жаз ыстық болады. Жұмбақ: Отта жанбайды Суда батпайды. (Мұз)	Енді аппақ жер өңі Қардаң таулар Көлеңкесін көреді. Қимылды ойын: «Біз көңілді баламыз» Мақсаты: тез жүгіруге,жүгірген баланы тез ұстап алуға жатықтыру. Жеке жұмыс:жүгіріп келіп қарды алысқа лақтыруға жатықтыру. Кім бәрінен алысқа лақтырса-сол жеңімпаз. Жұмбақтар: Мәтел: Қанаты жоқ ұшады, Қыс тағы қар,жаздағы жаңбыр- Аяғы жоқ желеді, Жерге жауған нұр. Аузы жоқ ұлиды. (боран)	4. Ордың айырмашылығы қандай? Дидактикалық ойын: «Сөзбен суреттеп айт» ағаштың түрін таны. Қимылды ойын: «Ордағы қасқыр» Мақсаты: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру. Еңбек: ағаштардың түбін қармен жабу. Мақсаты: қар ағаштың түбін аяздан қорғайтынын балаларға түсіндіру. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу. Жеке жұмыс: шаңғымен жаттығулар жасау: екі аяқпен кезек-кезек оңға, солға.	Мақсаты: шанамен сырғанақ тебу.Балаларды эстафета бір-біріне беруге үйрету.Жолдасы үшін жанашыр,жақсы жолдас болуға тәрбиелеу. Еңбек: Аққала жасау. Мақсаты: қармен жұмыс істеуге үйрету. Жеке жұмыс: өз қиялдарымен әнгіме-салаттарды құрату. Жұмбақ; Мақал: Таңмен көзін ашады, Мезгіл жетсе, Әлемге нұрын шашады. Мұз да ерір.
Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, өз шкафтарын тауып көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.				
Түскі ас	Балаларды үстел үстінде тамақтану әдептерін сақтауға баулу. Тыйым сөздер түсіндіру. «Таңғы асын тастама» «Нанды бір қолмен үзбе» «Нанды жерге тастама» «Ас –адамның арқауы» «Тамақ ішкенде сөйлеме»				
Ұйқыға дайындық, ұйқы.	Балалардың тыныш, жайлы ұйықтауларына жағдай жасау, тыныштандыратын әуен қосу.				
Ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары	Массаж кілемешемен жүрейік.	Ырғақты қимыл жассау. Ауыз шаю.	Ауа ваннасы. Массаж кілемшемен жүру	Құлаққа нүктелі массаж	Денені қозғап ұйқы ашамыз.

	Жуынып ауыз шайайық,ас ішейік.				
Бесін ас	Балалардың назарын тағамға аудару, алдарына берілген тамақтарын тауысып жеп болған соң тұруға дағдыландыру				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары,бейнелеу іс әрекеті,кітаптарды қарау және басқалары)	«Математика әлеміне саяхат» д/о Міндеті: сандарды санай алу, соған сәйкес пішіндерді топтастыра алу дағдыларын бекіту. Жылдамдықтарын, зейіндерін арттыру. Шарты: ойынға 2 баладан шығып. Уақыт бойынша, берілген сандарға пішіндерді санай отырып топтастырады.	«Алтын сақа» ертегісі Міндеті: көркем шығарманы тыңдай алу, сұрақтарға жауап беру, ойларын толық жеткізе алу дағдыларын қалыптастыру.	Оригами әлемі «Батпырауық»  Мақсаты: Балаларға «Батпырауық» негізгі пішіні туралы білімдерін нығайтып, бұрыштарын бүктеу сызығына қарай бүгуді үйрету. Зейінді, табандылықты дамыту. Қолөнерді аппликациямен безендіру.	Дәптермен жұмыс: Өткен «Ә»,«Е», дыбыстарын қайталай отырып, оларға тән жазу элементтерін жазу. Үстел үсті ойыны: Лего құрастыру; шашка ойнау Қалаулары бойынша кітап бұрышынан ертегі тыңдау	«Біз бір отбасындаймыз» еңбек әрекеті Міндеті: балаларды топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сүртуге, бірлескен еңбек әрекетіне дағдыландыру.
Балалармен жеке жұмыс	«Бұл кім, ол не?»д/о Мақсаты: Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға дағдысын қалыптастыру. Сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру Шарты: балаларға карточкалар таратылады. Бір біріне кезекпен сұрақтар қою	«Подиум» аз қимылды ойын Міндеті: өз күші мен мүмкіндіктерге сенуге үйрету. Шарты: қыздарға костомдарды таңдауларына мүмкіндік беріп, оларды қызыл сызықтың бойымен түзу жүріп өтулерін тапсыру. Мансур, Бегімай, Аяла, Бекарыс, Аэлин, Шахсанам	«Біз сурет сала аламыз» Міндеті:«Алтын сақа»ертегісіндегі заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салуға үйрету. Мансур, Бегімай, Аяла, Бекарыс, Аэлин, Шахсанам	«Қауіпті-қауіпсіз» д/о Міндеті: Өз өмірінің қауіпсіздігін сақтауға үйрету. Шарты: балалардың қолдарына қызыл, көк карточкалар ұстату, қауіпті бейнені көргенде қызыл, қауіпсіз бейнені көргенде көк көтеруі керек. Шатасқан жағдайда ойларын сұрау. Мансур, Бегімай, Аяла, Бекарыс, Аэлин, Шахсанам.	«Мектеп» Міндеті: Сюжеттік сурет салу дағдыларын қалыптастыру Мансур, Бегімай, Аяла, Бекарыс, Аэлин, Шахсанам

	арқылы, карточкадағы жұмбақты жасырады. Мансур, Бегімай, Аяла, Бекарыс, Аэлин, Шахсанам				
Серуенге дайындық	Реттілікпен, ұқыптылықпен киіну дағдыларын қалыптастыру. Серуенге шығу.				
II Серуен	№ 2 Қар (ұлпаларының) ұшқындарына бақылау жүргізу.	№ 7 Терезедегі өрнектерді бақылау.	№12 Саябаққа саяхат	№10 Алаңдағы ағаштарды бақылау	№ 13 Күн көзін бақылау.
Серуеннен оралу	Серуеннен оралу. Киімдерін шкафқа жинауға, ұқыпты қоюға баулу.				
Балалардың үйге қайтуы Ата-аналармен әңгімелесу	**Өнегелі - 15 минут.** Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға, Мобильді кітапхана орталығында кітаптар көруге, алып оқу, суреттерді қарауға, табиғат дамытушы ортада құстарды, балықтарды қоректендіруге мүмкіндік беру, ата-ананы балабақша жұмысына тарту, бала мен ата-ана қарым-қатынасын арттыру.				
	Ата-аналарға балалардың жақсы жақтарын мадақтау	«Балаңызға үйде ертегі айтып бересіз бе?» әңгімелесу	Ата-анаға «Қыс» тақырыбында балалармен бірге сурет салуды тапсыру	Балалардың жақсы қырларын ата-аналарға айту	«Балаңызбен серуендейсіз бе?» ойларын тыңдау.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Заң және тәртіп айы

«Әділ заң – аспан тірегі»

Топ: “Дарын» мектепалды тобы
Балалардың жасы: 5 жас
Жоспардың құрылу кезеңі: 20 – 24 қаңтар 2025 жыл

Күн тәртібі	Апта күндері				
	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	**Өнегелі-15 минут** балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мобильді кітапханада жұмыс, ата-ананың балаға кітап оқуына мүмкіндік жасау, кітапқа деген қызығушылықты арттыру, кітапқа жанашырлық, жауапкершілік таныту. **Күй күмбірі -**балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын арттыру.				
	Көңілді музыка қойып, көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу.	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау, ауа	Стикерлер арқылы көңіл күйлерін	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап,	Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрап, сәлемдесуді пысықтау,

		райы туралы баланың жеке пікірін білу. (сөйлеуді дамыту).	көрсете білуін жетілдіру.	сәлемдесуді пысықтау, баладан таптағы безендірулерге назар аударып, ұнаған заттары туралы айтуын жетілдіру. (қарым қатынас мәдениеті).	ауа райы туралы баланың жеке пікірін білу. (сөйлеуді дамыту
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен,кеңес,әңгімелесу	**Қауіпсіздік ережесі** әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, балалармен бірге жол ережелері туралы мультфильмдер көруге кеңес беру, ұсыну.				
	Балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында ата-анамен әңгімелесу.	Акпан айында болатын тәрбие шаралары туралы ақпарат беру.	Ата аналарды толғандыратын сұрақтарға жауап беру. Кеңестер беру.	Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау	қауіпсіздік сақтық шаралары туралы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды,үстел үсті ойындары,бейнелеу іс әрекеті,кітаптарды қарау және басқалары)	Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сүртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға баулу (танымдық, еңбек іс-әрекеттері) Кітаптарды қарау, назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару. (Қарым-қатынас іс-әрекеті)	«Автобус аялдамасы», «Тройллебус аялдамасы» жол белгілерімен таныстыруды жалғастыру. (танымдық іс-әрекеттер)	Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояуда түстерді өз қалауы бойынша таңдауын дамыту (бейнелеу іс-әрекеті) Шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары, логикалық ойындар. (Қарым-қатынас іс-әрекеті және танымдық іс-әрекет)	Құрастыру материалдарымен, табиғи заттармен құрастыру ойындарын ойнауы. Балалармен жеке жұмыс жүргізу. (танымдық, зерттеу іс-әрекеттері) Табиғат бұрышында бөлме өсімдіктеріне күтім жасату Балалармен жеке жұмыс. (танымдық іс-әрекет)	Табиғат бұрышындағы еңбекті жетілдіру (бөлме өсімдіктеріне күтім жасау) (танымдық іс-әрекет) Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Балалармен жеке жұмыс жасау.
Таңертеңгі	Таңғы жаттығу №8 картотека				

жаттығу.	Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету Салауатты өмір салтын сақтаймыз, Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз				
Таңғы ас	Сұрақ-жауап: «Дұрыс тамақтануға баулу» Сөйлеуді дамыту Қарым- қатынас іс –әрекет дағдысы Асхананы бақылау: Нанның қадірін түсіндіру Ойын: «Көңілді трактор» Балалардың назарын тағамға аудару. Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын»				
Ұйымдастырыл іс - әрекетке дайындық	Таңғы жиын. «Жүрекше» деген ойын ойнату.Жүрекшені екі қолмен алақанда ұстап тұрып, шын жүректен деген сөзді қосып, жақсы тілек айтып, қасыңдағы баланың атын айтып ұсынады. Ойын соңында барлық бала оң алақанын жайып тұрып: «бәрімізге денсаулық тілейміз» - деп терең дем алады. (сөйлеуді дамыту)	«Ата аналары кім болып жұмыс жасайды?», «Мамандық дегеніміз не?», «Өскенде мен кім боламын?» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)	Балалар қазір жылдың қандай мезгілі? Бұл мезгілде қандай айлар бар? Жылда неше мезгіл бар? Қыстың айларын атаңдар? Қыстың ерекшеліктерін еске түсірейік? Алда келе жатқан қандай мезгіл? тақырыбында балалармен жеке әңгімелер жүргізу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы	Шаттық шеңбер Бәріміз енді тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық Жақсы – жақсы сөздерді, Құрметтеп біз сыйлайық! Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз.	Өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болуды үйрету. (Қарым-қатынас іс-әрекеті) Балалардан бүгінгі көңіл күйімен бөлісуді ұйымдастырып, жаңалықтарды білуге ынталандыру.

			келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)		

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырыл-ған іс-әрекет	Дене шынықтыру Допты бір қолмен еденнен ыршытып, қос қолмен қағып алу. Футбол:аяқпен қатарынан бірнеше рет қабырғаға соғу. Ұйымдастыру кезеңі: 1.Кіріспе Жалпы дамытушы жаттығулар: Іштің бұлшық еттеріне (пресс) арналған жаттығулар. Екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екіншісі оның аяғына отырады (7–10 рет); 2.Негізгі бөлім Допты бір қолмен еденнен ыршытып, қос қолмен қағып алады. Футбол:аяқпен қатарынан бірнеше рет қабырғаға соғады Қорытынды Тыныс алу жаттығуларын жасату.	Көркем әдебиет «Жақсы жаман» Мақсаты: Дербес әрекетте көркем тілдік дағдыларды қолдана біледі. Ұйымдастыру кезеңі: ойын: «Қызықты әңгіме» Шарты: Сурет арқылы баланың іс әрекетін жақсы мен жаман істі ажыратып, түсіндіріп, әңгімелеу арқылы көркем тілді қолданады. ойын:«Жақсы мен жаман» Шарты: Дербес әрекетте көркем тілдік дағдыларды қолдана біледі; Еркін ойын: «Жақсы, жаман» Шарты: Жақсы мен жаманды ажырата білу. Қорытынды «Баспалдақ» әдісі арқылы. Математика негіздері «Бір» сөзінің мағынасы. 0 ден 10 дейінгі цифрмен таныстыру. «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беруін қалыптастыру. Қисық және қиғаш сызықтарды	Сөйлеуді дамыту «Буындардан сөз құрастыр» Мақсаты: Дыбыстардың сөздегі орнын, сөздегі буындардың санын, сөйлемдегі сөздердің санын анықтау дағдыларын қалыптастыру. Ұйымдастыру кезеңі: ойын:«Калейдоскоп» Шарты: Калейдоскопқа қажетті әріптерді орналастыру арқылы сөздер табу,оларды буынға бөліп санын анықтау. ойын: «Буындардан сөз құрастыр» Шарты:Сөздегі буындардың санын,сөйлемдегі сөздердің санын анықтау дағдыларықалыптасты.. Еркін ойын: «Буынды жалғастыр»	Дене шынықтыру Жалпы дамыту жаттығулары: Арқаға арналған жаттығулар: топтасып отырған күйі алға, артқа "әткеншек" жасап домалата алады. 1.Кіріспе бөлімі: Жалпы дамыту жаттығулары: Арқаға арналған жаттығулар: топтасып отырған күйі алға, артқа "әткеншек" жасап домалатады. (7–10 рет), 2. Негізгі бөлім 3–4 доғаның астынан еңбектеп өту. 3.Қорытынды Тыныс алу жаттығуын жасату. қимылды ойын: «Кім жылдам?» Көркем әдебиет Тәрбиешінің ұсынған тақырыптары бойынша әңгіменің жалғасы мен соңын ойлап таба алады. Ресурстар: Суреттер, дидак материалдар.	Дене шынықтыру «Орман жұмбақтары» Мақсаты: Ойындар арқылы негізгі қимылдарды орындау дағдылары қалыптасады.. Ұйымдастыру кезеңі: Ойындық сәт Қоянның жіберген шақыртуын көрсету: қоян балаларды ойнау үшін достарымен бірге орманға шақырыпты. Негізгі кезең: Екі-екіден жұптасып сапқа тұру, тізені жоғары көтеріп, кең адымдап «күртік қардан» аттап өту – «ағаш түбірлерінен аттап өт». Ойын түріндегі жаттығу: «Орман жұмбақтары» Түзде жүрер көк сері. (Қасқыр)

	Қимылды ойын: «Кім жылдам?» Сөйлеуді дамыту «Жыл басына таласқан хайуанаттар» Мақсаты: Дауыссыз х - h, дыбыстарды естуі бойынша ажыратуға ,сөздерді түрлендіруге сыни көзқарасын және қызығушылықты, дұрыс сөйлей білуге ұмтыла алады. Ұйымдастыру кезеңі: ойын: «Ғажайып сөздер» Шарты: Дыбыстардың орын тәртібіне мән бере отырып сөздердегі х,h дыбыстарын ажырату арқылы сөздерді түрлендіруге және дұрыс сөйлеу білуге үйрету. Тапсырма «Жыл басына таласқан хайуанаттар» Шарты: Ертегіні әңгімелеу арқылы	дәптердің тор көзінде сызуға үйрету. Тапсырма: « > » « < » « = »таңбаларды қойып,сандарды салыстыр. Тапсырма: Теңдік дұрыс болатындай етіп төркөздерді толтыр. Қоршаған ортамен таныстыру Үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеуді қолдануын дамыту. Үйде қандай техника құралдарын қолданатынын айтып беруін ұсыну Музыка Балаларды әуенге байланысты таныс би қимылдарын өзгерте білуге үйрету. Музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығаруға қалыптастыру.Бидіңк өңіл –күйін ажырата білуге баулу, әр түрлі	Шарты:Буынның жарты бөлігін табады. Рефлексия Сұрақ-жауап арқылы. **Сауат ашу негіздері** «Көңілді буындар» Мақсаты: Сөздегі буындардың ретін анықтай алады. Ұйымдастыру кезеңі: Педагогтың жетекшілігімен ойын: «Буынға бөл» Мақсаты: Қол шапалақтау арқылы буындардың санын анықтайды.. Құрылымдалған ойын: «Көңілді буындар» Шарты: Сөздің басындағы дыбысты анықтау,ептілігін қалыптастыру. Еркін ойын: «Неше буын» Шарты: Сөздегі дауысты дыбыстардың санын ерекшелейді,буындардың ретін анықтайды.	Ұйымдастыру кезеңі: ойын: «Күн сен неге күлімдейсің» Мақсаты: Табиғатта болатын өзгерістер жайлы түсінік беру, «Күн сен неге күлімдейсің» тақырыбына әңгіме құрастыру. ойын:«Табиғат өзгерістері» Шарты: Тәрбиешінің ұсынған тақырыбына сюжеттік және сипаттау әңгімелерін құрау кезінде меңгерген көркем - тілдік дағдыларын қолдану. ойын: «Гүлдер» Шарты: Сурет бойынша әңгіме құрастыру. Рефлексия «Күн» мен «Түн» қимылды ойын арқылы қорытындылау. Математика негіздері «Қуыршақтарға арналған бау» Мақсаты: Заттарды бірнеше бірдей	Қырда жүрер ол жортып, Іні де жоқ бармайтын. Құйрығымен бұлтартып, Қандай аң ол алдайтын? (Түлкі) Үстінен тоны түспеген. Сонда да араз қыспенен. (Аю) Сыни ойлау, жаппай бақылау Нұсқау: жабайы аңдарға тән ерекшеліктерін салып көрсету. Солға қосалқы адым жасап жүру: денесін тік ұстап, алға қарау және иықтарын солға бұрмау. «Орман ішіндегі серуен» – ойын түріндегі гимнастика: денесін тік ұстау, солға-оңға бұрылу. Негізгі қимылдарды ойын түрінде орандау: 20 см биіктен тереңге секіру.

	дауыссыз х - h,дыбыстарды есту	ырғаққа ойдан қимылдар шығаруға үйрету. Ән тыңдау: : «Қыс қызығы»З.Акошева Ән салу: «Жаңа жыл вальс»Н.Оразбаева Аспапта ойнау: «Көңілді марш» Әуенді-музыкалық қимылды ойын: «Қысқы мүсін»	Кері байланыс беру: «Өсу ағашы» әдісі арқылы. Қоршаған ортамен таныстыру Үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінуге және ажырата білуге үйрету. Құрастыру Суреттер көрсету арқылы шығармашылыққа баулу. Қазақ ою-өрнектерінің түрлері «құстұмсық», «жапырақ» туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Ойын кілемшесін сәндеуге үйрету. Пішіндердің түрлі қалыптарын бере	бөлікке бөлуге болатыны туралы түсініктерді қалыптастыру. ұйымдастыру кезеңі: ойын:«Қуыршақтарға заттарды бірдей бірнеше бөліктерге бөлу әдістерін көрсетеміз» Мақсаты: заттарды бірдей бірнеше бөлікке бөлу. «Қуыршақтарға арналған бау» Мақсаты: Заттарды бірнеше бірдей бөлікке бөлу. Еркін ойын: «Қуыршақтарды тамақтандырайық» Шарты: Қалай теңдей бөлуге болатындығын анықтау. Рефлексия «Баспалдақ әдісі» арқылы. Қазақ тілі «Кім кп біледі?» Міндеттері: дауыс ырғағына қарай сөйлем түрлерін ажыратады, оларды сөйлеуде қолданады. мәтін мазмұнын	Орындықтар залдың периметрімен бойлай қойылған. Қояндарға бөренеден секіріп үйренуді ұсынады. Қатарға қойылған заттарды айналып, аяқтың ұшымен иректеп жүгіру. «Кім епті?». Бір қатарға бес модуль қойылған. Олардың арасындағы қашықтық – бір метр. Балалардың заттарды айналып өту қабілетін, денесін оңға-солға бұру қабілетін қадағалайды. Мазмұн арқылы саралау,командада жұмыс,бала үні,тікелей бақылау Қимыл-қозғалыс ойыны: «Лақтыр-қағып ал»

